Недавно А. Адырбаеву исполнилось 60 лет со дня рождения и 35 лет творческой деятельности. Давайте, пожелаем юбиляру долгих лет жизни, крепкого здоровья, новых творческих успехов в таком благородным деле, как воспитание молодежи в системе музыкально-эстетического образование, во благо процветания независимого Казахстана.

Арман АМАНЖОЛОВ,
Преподаватель Талдыкорганского музыкального колледжа им. К. Байсеитова.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘКЕЛІ БАЛА – ЖАУЖҮРЕК, ӘКЕСІЗ БАЛА...

Қазақта ажырасу неге көбейді? Ажырасудың жиілеп бара жатқаны баршамызды алаңдататыны сөзсіз, ал біз бұл мәселеге қатысты не дей аламыз? Кінә кімнен? Себебі не? Әсері қандай? Және бұл орайда мамандар не айтады?

Отбасы – шағын мемлекет, осыны ескеретін болсақ, өз алдыңа жеке шаңырақ көтеріп, шағын мемлекеттің іргетасын қалау – саналы адамның өз өмірінде жасайтын маңызды қадамдарының бірі, солай емес пе? Десек те, соңғы жылдары жас отбасылардың үй болмай жатып екі жаққа кетісуге асығатындары көбірек болып тұр. Бұл тұрғыда цифрларды сөйлететін болсақ сай-сүйегің сырқырайды. Ажырасудан ТМД елдері арасында алғашқы ондықтың қатарынан кездесетініміздi сіз білдіңіз бе? 2018 жылы Қазақстанда 137 мыңнан астам жас шаңырақ көтеріпті. 2017 жылмен салыстырғанда 5 мыңға аз. Керісінше ажырасушылар көбейген. 2010 жылы 146 мыңдай неке тіркеліп, 41 мыңдай отбасы ажырасса, былтыр бұл көрсеткіш 137 мыңға бір-ақ түсіп, оның 55 мыңға жуығының шаңырағы шайқалған. Ажырасу ешкімге абырой таптырмасы анық. «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» демекші, демографияны көтеруіміз керек деп дабыл қағатынымыз тағы бар емес пе? Сонда дәл осылай үш жастың бірі ажырасатын болса, қазақ қайтіп көбеймек?

Шаңырақ шайқалса – елімізге қауіп. Себебі кез келген мемлекеттің іргесінің берік болуы мығым құрылған отбасымен тығыз байланысты деп жатамыз. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі ерлі-зайыптыларға тең құқықтарды пайдалануды, тең міндеттер атқаруды, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауға тең дәрежелі ортақ құқық береді. Ана-әке атанған соң балаларды тәрбиелеуде де теңдей міндеттерді мойынға алады. Бірақ, көптеген ата-ана бүгін осы жауапкершіліктің салмағын сезінбей жүр. Қазіргі жас отбасылардың «проблемасы» неде, оның себеп-салдары қандай? Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабекова ажырасудың себебін адами құндылықтардың өзгеруінен іздейді. Оның пікірінше: «Әлеуметтанулық зерттеулер бойынша ажырасуға себеп болып отырған жағдайларға өзара түсініспеушілік пен тұрмыстағы түйіткілдер – әлеуметтік мәселелер жатады. Бұл ең алдымен құндылықтардың өзгерісімен сипатталады. Алайда, «отбасы», «бала», «денсаулық» ұғымдары сауалнама нәтижелері бойынша ешқашан да бірінші орыннан түспеген», – дейді. Демек, қараңызшы, санада бар да, ал «әрекетте» жоқ болып отыр. Отбасының негізгі құндылық екендігін мойындайды, «бала – байлығымыз» деп санайды, денсаулықтың маңыздылығын түсінеді, тек қай-қайсысының болса да қадіріне жетпейді. Табыстың төмендігі, тұрғын үйдің болмауы, жұмыссыздық, төленбеген несие тағы басқа да материалдық жағдайлар шаңырақтардың шайқалуына себеп. Әсіресе, өкінішке қарай, көп балалы отбасыларда ер адамның отбасын тастап кетуі жиі кездеседі. Бұның тағы бір жағы бар. Кейде ажырасу тек материалдық жағдайға ғана байланысты болмайды. Білімі, табысы жоғары, тұрмысы жақсылар да ажырасамыз деп жатады. Сондықтан, бұл мәселеге көп жағдайда «құндылықтар өзгерісі» себеп болады. Сондай-ақ, аз болса да әсерін тигізетін факторлар бар. Мысалы біреулер, «өмірімізге ененің араласуы», «туған-туыстың араласуы», «әйел адамға өз анасының әсері», «көзге шөп салу», «ер азаматтың отбасынан кетіп қалуы», «мінезі үйлеспей қалуы» деген сияқты себептерді айтып жатады. Әрине ажырасуға сылтау да себеп те көп, ал оның салдары жетім жүректі көбейткенін ұмытпайық. Айтары бар ажырасудың әсерінен елімізде толық емес отбасылар, жалғызбасты ана, жалғызбасты әке, «тұл жетім» емес «әлеуметтік жетім балалар» саны артқаны рас. Оның салдары демографиялық ахуалға әсерін тигізеді. Әрине, бұл жерде тек ажырасқандардың саны ғана емес, түрлі жағдайлардың салдары да болуы мүмкін. Бірақ, басым бөлігі – ажырасқандардың балалары екені жасырын емес. Баланың тұлға болып қалыптасуында ата-ана рөлінің басым екендігін психологтар ескереді. Ажырасу процесінің қандай жағынан болса да отбасы мүшелерінің бәріне оңай соқпайтыны анық. Бұл мәселеде ана да, әке де, әсіресе бала да өте ауыр психологиялық соққы алады. Адамдардың «менмені» ешкіммен санаспайтын дәрежеге жеткен кезде оларға ажырасудан басқа жол қалмайды. Бірақ ол еш кінәсі жоқ бала үшін соншалықты ауыр. Оның бұған дейін қалыпты қалыптасып келе жатқан бүкіл сана сезімі, жан жүрегі, ойлау жүйесі бұзылады. Көбіне толық емес отбасылардың балалары ювеналды полиция тіркеуінде тұрады, мұндай бала саны елімізде 10 мыңнан асады. Криминологтар қылмыс жасаушылар құрамының жыл өткен сайын жасарып бара жатқандығын алға тартады. Тіпті тереңдейтін болсақ, ажырасу мінез-құлқы кейбір жағдайда ата-анадан баласына беріледі екен. Баланың санасында бейсаналы түрде ажырасу деген мәселенің шешімі ретінде орнығып, ертең өз басына қиындық түскенде, өз отбасын оңай тастап кететін көрінеді.

Әрине, барлық жағдайда осындай деуден аулақпыз. Бірақ, осындай зерттеулер бар.

Ал имамдарымыз ажырасу ерлі-зайыптылардың шариғат бойынша өз міндеттерін орындамауынан туындайды. Мысалы, әйелдің күйеуіне бағынуы, рұқсатсыз сыртқа шықпау, ерінің жағдайын жасап қасқабағына қарау басты міндеттердің бірі болса, ерлердің міндеті отбасын материалдық, моральдық тұрғыда толыққанды қамтамасыз ету болмақ. Ал бүгінгі қоғамда ерлер мен әйелдердің міндеттері ауысып, сыныққа сылтау іздеп тұратын жұбайлар ажырасып кетуге бейім болып барады. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтыны ақиқат. Сондай жағдайларда жұбайлардың бірі төзімділік танытып, ұрысты ушықтырмай бірден тыйылуы тиіс. Ер азаматтар үшін берекелі, іргесі мықты отбасы болу алғашқы қадамнан, яғни жақсы жар табудан басталады. Қыздың имандылығына, діндарлығына қарап әйелдікке алса, мұсылман бауырларымыз адаспаушы еді. Шариғат жолымен жүретін жандар кез келген келеңсіздіктер мен түйткілдерді төзімділікпен, сабырмен жеңе алады, – деп ескертеді.

Отбасы институттарын күшейтпей бұл жағымсыз үрдісті тоқтату қиын екені анық. Яғни, бұрынғы ата-бабамыз сүйенген дәстүрлі ислам, дәстүрлі имандылық қағидалары әр отбасында қайтадан үстемдік құруы керек. Әйел мен ер азаматтың орны, олардың жекелеген міндеттері өз ретімен жүруі тиіс. Қазір біз көптеп көріп жүрміз, ері бүгежек, есесіне әйелі адуынды келетін отбасылар жетерлік. Жанұя болған соң әркім өзінің орнын жауапкершілігін әу бастан сезіну керек. Әйел отағасын, ері отанасын сыйлап, бір-біріне кішіпейілдік пен құрмет көрсетпей отбасында береке болмайды. Сонда ғана біз өзіміздің ежелгі ата-әжелерімізде болған сыйластықты табамыз. Ал ажырасу жөнінде Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Рұқсат етілген істердің ішіндегі Аллаға ең ұнамсызы – ажырасу» – деген. Үйлену – сүннет, үй болу – міндет екенін білсек, өмірде ең әуелі жар таңдауда, одан кейін мерейлі отбасын қалыптастыруда асқан жауапкершілік танытуы қажет.

А. МҰРАТҚЫЗЫ.

> «Отбасылық өмір екі жастың басына көп міндеттер мен парыздар жүктейді. Әр адам соған дайын болғаннан кейін үйлену туралы шешімге келгені дұрыс».
> **Бернард Шоу.**

> «Сен түгіл қасқыр қасқырмен, маймылмен маймыл жұптасқан, өз теңін тапқан соң ғана, адымын олар нық басқан».
> **Мұхтар Шаханов.**

> «Ештеңеге қарамастан үйлен. Жақсы әйел түссе бақытты боласың, жаман әйел түссе ойшыл боласың».
> **Сократ.**

> «Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді».
> **Антон Макаренко.**

> «Жұбайлар бір-бірінің мінезін зерттеп білмей некенің бақытты болуы екіталай».
> **Оноре де Бальзак.**

> «Отбасылық өмірде ірі зілзаладан аман қалу, ұсақ-түйек кикілжіңнен құтылудан әлдеқайда оңай».
> **Гарсиа Маркес.**

> «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады».
> **Нұрсұлтан Назарбаев.**

ЖЕҢІС

«НҰР» БИ ТОБЫ ЖАРАП ТҰР

ЖАС ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ АРҚЫЛЫ ДӘСТҮРЛІ ӘН, КҮЙ, БИ ӨНЕРЛЕРІН КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ОРЫНДАУҒА МҮМКІНДІК ЖАСАУ МАҚСАТЫНДА АУДАН, ОБЛЫС ДЕҢГЕЙІНДЕ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ТҮРЛІ БИ ТОПТАРЫ ҚҰРЫЛЫП, КІШКЕНТАЙ БИШІЛЕРДІ ҮЛКЕН ӨНЕРГЕ ҚОСУ ҮШІН ТАЛАЙ МҰҒАЛІМДЕР ТЕР ТӨГІП КЕЛЕДІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ САРҚАН ҚАЛАСЫНДА ТҰСАУЫ КЕСІЛГЕН «НҰР» БИ ТОБЫ.

2013 жылы жарық көрген би тобының бүгінде жетістіктері өте көп. Өнерлі жеткіншектердің өнерлерін балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен насихаттау барысында ұйымдастырылған түрлі байқауларда бақтарын сынап, алдыңғы қатарлардан көрініп жүр. «Нұр» би тобы жақында ғана Сарқан қаласында өткен «Жарқын жұлдыз» республикалық жарыста бас жүлдені иеленіп, Алматы қаласына финалға жолдама алған болатын. Артынша 10 мамыр күні финалдан да бас жүлдені иеленіп, облысымыздың атағын асқақтатып келді. Топтың жетекшісі Нұргүл Байсалбаева да талай конкурстардан бағын сынап, алдыңғы қатарда жүрген ұстаз. Ол бүгінде өз тәжірибесін осы би тобындағы балаларға үйретіп, алға жетелеп жүр. Балалармен жұмыс жасағанды ұнататын ұлағатты ұстаз әр нәрсе тек еңбекпен келетінін айтады. «Балалармен жұмыс жасаған өзіме ұнайды. Оларды жарыстарға апарған сайын шабыттанамын. Шаршағанымды ұмытып кетемін. Сол еңбегім ақталып жатыр. Ендігі арманым әлемдік сахналарда бағымызды сынасақ деймін» – дейді Нұргүл Жарылқасынқызы.

Әр додаға қатысқанда бар ынтасын салып, талмай еңбектенетін ұстаздың өнер жолына, бүлдіршіндеріне біз де сәттілік тілейміз. Облысымыздың атағын әлемдік сахналарда шығара беріңіздер деген тілек білдіреміз.

Г. БЕКСАУЫТҚЫЗЫ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЦИФРЛЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

– Абай Сейдірұлы, Әділет Департаментінің борышкерлермен жұмыс істеу тәсілі цифрлық бағдарламаға көшіпті. Мұнда айыппұл, алимент, салық төлемдері, алған несиелерін төлемей не болмаса төлей алмай жүрген борышкерлерден өндіріп алуды сот шешімінен кейін сот орындаушылар жүзеге асырады. Осы бағытта Әділет департаменті мен сот органдарының арасында қандай байланыстар бар. Қазір технологияның дәуірі ғой.

– Сауалыңыз өте орынды. Бүгінде ілім-ғылымның бәрі технологиялық дәуірде өмір сүріп жатыр. Осыған сай «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Осы мақсатта борышкерлердің төлемдерін төлемей бұқпантайлап жүргендерді әкімшілік жауапкершілікке тарту бейнеконференц байланысы арқылы жүзеге асырылуда. Мәселен, Іле және Жамбыл аумақтық бөлімдерімен борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін, Қаскелең қаласында орналасқан Қарасай аудандық мамандандырылған әкімшілік сотына әкімшілік жазаға тарту бойынша қиыншылықтар туындайтын. Қаскелеңге борышкерді жеткізу көп уақытты алатұғын. Әсіресе бұл таңғы, түскі және кешкі уақыттары көлікпен жетуге қиыншылық тудыратын (көлік кептелісі), сонымен бір адамды әкімшілік жазаға тартуға бір күндік жұмыс уақыты жұмсалады. Қазір біз, халық сотқа қалай сенім артса, сот орындаушыларына да сондай сенім арту үшін қолдан келгеннің бәрін жасаудамыз. Сот органдарымен бірлесіп, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» осы мемлекеттік бағдарламаны пайдасын көріп отырмыз.

– Мемлекеттік сот орындаушылардың саны қысқарып, жеке сот орындаушылардың саны артты. Көбіне жеке сот орындаушылар борышкерді әкімшілік жазаға тарту үшін мемлекеттік сот орындаушыға жүгінеді екен. Саны, құрамы азайған мемлекеттік сот орындаушылар бұған үлгере ме?

– Міне, бізді де толғандырып отырған осы мәселе болатын. Көкейкесті мәселенің дәл үстінен түстіңіз. Енді саралап көріңіз, Іле ауданында – 16, Жамбыл ауданында – 4, Қарасайда 26 жеке сот орындаушы жұмыс атқарады. Жеке сот орандаушылар борышкерді әкімшілік жазаға тарту үшін өзіңіз айтқандай, мемлекеттік сот орындаушыға жүгінеді. Жамбыл мен Қарасай аудандарында бір мемлекеттік сот орындаушы, Іле ауданында мемлекеттік сот орындаушы жалғыз. Яғни 46 жеке сот орындаушылардың әкімшілік жазаға тарту шараларын 2 мемлекеттік қызметкер жүзеге асыруда. Олардың Қаскелең сотына борышкерді жеткізуі керек. Мысалы сот борышкерді «Қамауға алу» шешімін қабылдады делік. Осы кезде борышкерді (Іле мен Жамбыл) ішкі істер абақтысына жеткізеді. Бұның барлығы сот орындаушылардың жұмыс уақытын, сонымен қатар қызметтік көлікті тиімсіз қолдануға алып келеді. Мұндай қиындықтар, Ескелді, Текелі және Көксу аудандарында да орын алған. Себебі айтылған аудандардың әкімшілік әдістері Талдықорған қаласының мамандандырылған әкімшілік сотымен қаралуда. Бұл аудандарда 5 жеке сот орындаушы және 1 мемлекеттік сот орындаушы қызмет атқаруда. Осы түйткілді шешу үшін, бүгінгі күні борышкерлердің әкімшілік жауапкершілігін қарастыру бейнеконференц байланысы арқылы жүзеге асыру қолға алынғалы, сот органдарымен бірлесе жұмыс жасаудың арқасында оң нәтижеге жеттік деуге толық негіз бар. Әділет департаменті және Алматы облыстық сотымен 29.01.2019 жылы Меморандумға қол қойылды. Ол дегеніміз, сот орындаушы әкімшілік жазаға тарту құжаттарын электронды түрде «сот кабинеті» жүйесі арқылы әкімшілік сотына жолданады.

Цифрлық мемлекеттік бағдарламаның біздің сот орындаушыларға тигізген пайдасы ұшан-теңіз. Сот орындаушалардың әр ауданда орналасқан соттардың ғимаратында бейнеконференц байланысы арқылы әкімшілік соттарымен байланысқа шығып, борышкерлердің әкімшілік жауапкершілігін қарастыруда. Бүгінгі күні сот органдарымен кешкі сот процестері де қаралуда, осының бәрі сот органдарының тарапынан сот орындаушыларға жасап жатқан жеңілдігі деп білеміз. Сот «Қамауға алу» шешімін қабылдаған кезде аудандық ішкі істер абақтысына соттың қаулысы электронды түрде жіберіледі. Бұл біздің уақытты үнемді қолдануына септігін тигізуде. 2016 – 2018 жылдар аралығында өңірімізде 57 мемлекеттік сот орындаушылар қызметкерлері қысқартылды. Есесіне, осы кезеңде 142 жеке сот орындаушылар тіркеліп, оның 116 бүгінгі күні өз қызметтерін атқаруда.

Қысқартылған 57 сот орындаушыларға айтылған мерзімде – 106 728 800 теңге қаражат жұмсалуы қажет еді және де оларға мемлекет тарапынан қызметтік көлік, оған жұмсайтын қаражаты, арнайы қызметтік киімдері, жұмысқа қажетті техникалық құралдары тағы да басқа шығындары үнемделді.

Салыстырмалы түрде алсақ, аталған жеке сот орындаушылар 2016 – 2018 жылдары аралығында өзінің атқарып жатқан қызметтері үшін мемлекет пайдасына салық ретінде 177 692 482 теңге құйылды. Сонымен қатар әр жеке сот орындаушыда кемінде 5 адам жұмыс атқаруда, яғни 116 сот орындаушылар 580 адамдады жұмыспен қамтамасыз етуде, оларға 50 000 – 100 000 теңгеге дейін жалақы төленеді.

– Иә, мұндай жаңалықтардан хабарымыз бар. Алайда, кешкі процесс қалай жүргізіледі, кешкі уақытта мұндай іс-әрекеттер жүргізуге бола ма деп қалың бұқара сұрауы заңдылық. Өйткені халықтың көбі кешкі сот процесінен хабарсыз.

– Онының жөн. Біздің басты мақсат – өзіңіздей ақпарат құралдары арқылы осы цифрлық бағдарламаны насихаттай отырып, халықтың сот орындаушыларына деген сенімін ұлғайту. Кешкі сот процестері борышкерлердің Конституциялық құқықтарын бұзбайды. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс-жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Заңының 53-бабына сәйкес «Атқарушылық әрекеттер жұмыс күндерінде сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін жасалады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Бұл жұмыстың қарқынды жүруі сот бақылауының күшейуінен деп есептейміз. Бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі сот шешімін орындаудан жалтарып жүрген борышкерлер санасын оятып, сот шешімін орындауға міндетті екендерін ұмытпай, оны орындамаған жағдайда түбі заң алдында жауапқа тартылатындығын іс жүзінде көрсетті.

– Бұл бағытта, жоғарыда айтылғандай алимент өндіру ісі қалай болып тұр?

– Алимент өндіру әлеуметтік маңызы бар атқару өндірісі екендігі барлығымызға мәлім. Ата-бабамыз ешқашан жетім мен жесірін жылатпаған! Неге? Өйткені ата-бабаларымыздың иманы күшті болды. Обалсауапты ажырата білді. Даланың заңымен, билердің кесімімен шешімге тоқталды. Ажырасу дегенді ар санады. Өкінішке орай, кешегі және бүгінгі қоғам, советтік идеология әйел мен еркектің құқын тең жасаймыз деп көптеген құндылықтарды жоғалтты. Отбасына жүрдім-тұрдым қарап, ана мен балаға көрсетілген зорлық-зомбылық белең алды. Жауапкершілікті сезінбеген әкелер, қашқындар көбейді. Мемлекет ана мен баланың құқығын қорғауды әрқашан бірінші орынға қойған. «Алимент төлеу – қарыз емес, парыз» осыны отбасынан безініп жүрген әрбір азамат санасына түйіп жүруі керек.

Алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлер үшін, қаншама аналар және балалар материалдық көмектен қағылып жүргені бізге мәлім. Егер, әр әке өзінің бұрынғы жанұясын тиісті деңгейде асырап, тұрақты түрде көмек көрсетіп отырса, сот орындаушылардың да жұмыстары біршама жеңілдейтін еді. Бұл жерде екінші мәселе бар, яғни «медиация» тәсілімен ажырасқалы тұрған жанұяны татуластыру. «Құстың сүтінен» басқаның бәрін ішіп отырған ханның үйінде де ыдыс-аяқ сыңғырлайды. Отбасының берекесі де отағасына байланысты. Бұл бағытта Әділет департаменті прокуратура органдарымен бірігіп жұмыспен қамту басқармасы арқылы жұмыссыз жүрген борышкерлерге бос жұмыс орындарын ұсынуда, жыл басынан бері 6 борышкер жұмысқа орналастырылды, оның арасында ұсыныстан бас тартқан борышкерлер де жеткілікті. Бұл жерде айта кететін жайт, алимент өндіру туралы атқару өндірісі бойынша 70%-ға жуық борышкерлердің тұрақты жұмыс орны жоқ. Олардың жеке меншігінде қандай да бір мүлік тіркелмеген. Сонымен қатар олар сот шешімін орындаудан қасақана жалтарып жүр. Айта кететін жайт, қазіргі уақытта мемлекеттік сот орындаушылардың өндіруінде тұрған алимент өндіру туралы атқару құжаттарының барлығы Заңның 138-бабына сәйкес және 100 нақты қадамның 27-қадамына сәйкес жеке сот орындаушылардың орындауына берілген. Сондықтан аталған санаттағы атқару өндірістерінің өндіріп алушыларына айтарым, сіздерге қатысты қандайда бір заң бұзушылықтар жоқ, ары қарай атқару өндірістері жеке сот орындаушылармен тиісті деңгейде орындалады. Алимент өндіру туралы атқару өндірістері бойынша сот орындаушыларымен рейдтік іс-шаралар барысында 63 атқару өндірісі бойынша өндіріп алушылардың пайдасына 1 982 000 теңгедей ақша сомасы өндірілді.

– Борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда тек сот шешімімен «қамауға алу» жазалары көп пе?

– Айтылған борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тарту барысында оларға қатысты сот тарапынан «Қамауға алу» және «Айыппұл» жазалары бар. Бірақ, біз борышкерлерге «Айыппұл» жазасын қолдану тиімсіз деп санаймыз. Өйткені борышкер алимент бойынша қарызын төлей алмай жүріп айыппұлды қайдан төлесін. Жалпы, Алматы облысы бойынша 2018 жылдың 12 айында бар-жоғы 141 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, олардың ішінде 47 – «Айыппұл», ал 94 «Қамауға алу» түріндегі жазалар қолданылған. 2019 жылдың басынан, яғни үш айдың ішінде 152 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 23 тұлғаға ғана «Айыппұл», 129 «Қамауға алу» жазалары қолданылды.

Осы мүмкіндікті, пайдаланып, сот шешімдерін орындамай жүрген борышкерлер Қазақстан Республикасының қылмыстық Кодексінің 139-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын ескертеміз.

– Сұхбаттасуға ниет білдіргеніңізге көп рақмет. Еңбектеріңіз жемісті болсын!

Абай АРАП, Әділет департаментінің басшысы.

Айтақын БҰЛҒАҚОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ УСИЛИВАЕТСЯ

Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для этой цели.

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 410-V « О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики. Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений.

За последние годы в Республике Казахстан сформирована определенная законодательная база для борьбы с коррупцией. Так, нормативная правовая база в сфере борьбы с коррупцией усовершенствована законами, которые приблизили национальное законодательство к существующим международным стандартам. Активная государственная поддержка развития институтов гражданского общества в виде разработки и принятия соответствующих нормативных правовых актов, льгот и размещения социального государственного заказа среди неправительственных общественных организаций привело к возрастанию активности населения в антикоррупционной деятельности. Положительное влияние на результаты борьбы с коррупцией оказывает активизация работы антикоррупционных общественных организаций и политических партий. Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

Нурбол БЕЙСЕНБАЕВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания СМЭС.

ПОСЛЕ ПРИНЯТИЯ В 1997 Г. ЗАКОНА «О ЯЗЫКАХ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН» НАМЕТИЛСЯ КАЧЕСТВЕННО НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ. В ЭТИХ УСЛОВИЯХ В СРЕДЕ УЧЕНЫХ УМЕНЬШИЛОСЬ ВНИМАНИЕ К НАУЧНЫМ ПРОБЛЕМАМ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В КАЗАХСТАНЕ НА ФОНЕ ПРОВОДИМОЙ НОВОЙ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ, НАПРАВЛЕННОЙ В ПЕРВУЮ ОЧЕРЕДЬ НА РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.

ГЛАВНЫЙ ФАКТОР ДУХОВНОГО ЕДИНСТВА

В этом законе было указано: «Казахский язык — это государственный язык». Это в свою очередь предопределяло основное стратегическое направление языковой политики, проводи¬мой в стране. И последующие постановления и программы, принятые государством на основе данного закона, существенно повлияли на развитие национального языка. В целях осущест¬вления государственного статуса казахского языка было предпринято множество мер.

Государственная программа развития и функционирования языков на 2011-2020 годы разработана в соответствии со статьями 7 и 93 Конституции Республики Казахстан; Законом Республики Казахстан от 11 июля 1997 года «О языках в Республике Казахстан». Программа основана на анализе сложившегося в стране языкового строительства, учитывает мнения и рекомендации экспертного сообщества, занимающегося проблемами языков. При разработке Программы был изучен опыт правового регулирования вопросов, связанных с реализацией государственной языковой политики свыше 30 зарубежных стран. Данный документ является нормативно-организационной основой решения актуальных проблем в сфере функционирования и развития языков и создания условий для полномасштабного применения государственного языка во всех сферах общественной жизни.

Как отметил Первый Президент-Елбасы Назарбаев Н.А.: «Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев. В то же время необходимо создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить, обучаться на родном языке, развивать его».

В Доктрине национального единства государственный язык определен ключевым приоритетом, главным фактором духовного и национального единства. Овладение им должно стать долгом и обязанностью каждого гражданина Казахстана, стимулом, определяющим личную конкурентоспособность и активное участие в общественной жизни.

Аян КАСЕНОВ,
судебный пристав Талдыкорганского городского суда.

ЦЕЛЬ МЕДИАЦИЯ – МИРНОЕ СОГЛАШЕНИЕ

Медиация — это новая форма альтернативного урегулирования споров с участием третьей, нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в конфликте стороны. В качестве этой стороны выступает медиатор, который помогает участникам спора или судебного разбирательства выработать определенное соглашение, при этом стороны полностью контролируют процесс принятия решения по урегулированию спора и условия его разрешения.

Таким образом, главное к чему стремятся примирительные процедуры - это достижение взаимовыгодного и мирного соглашения, удовлетворяющего обе стороны и снижающего уровень конфликтности. В отличие от судебного процесса, при урегулировании спора с примирением сторон не бывает «виновных» или «невиновных» сторон. Так как принципы этой области права предусматривают не привлечение к ответственности, а защиту и восстановление прав и свободы человека. Другими словами, медиация стремится по возможности не доводить дело до суда.

Особую актуальность судебная медиация приобретает в условиях кризиса. Если судятся, к примеру, кредитор и должник, каждый получает свои преимущества. Кредитор имеет возможность в случае нарушения условий должником медиативного соглашения в упрощенном порядке взыскать задолженность. Должник в свою очередь, освобожден от государственной пошлины, а также получает возможность выработать более гибкие способы погашения задолженности.

Тем самым, заключение медиативного соглашения и утверждение его судом несет в себе последствия как материального и процессуального характера. Судья назначается, а медиатора - выбирают. Судья принимает решение в строгом соответствии с законом, а медиатор - с учетом интересов сторон, но в рамках закона.

Кроме того, считаю правильным нормы ГПК, а также внесение дополнений в Закон РК «О медиации», вступивших в силу с 01.01.2016 года относительно того, что в случае уклонения от исполнения соглашения, заинтересованная сторона вправе обратиться в суд с заявлением об исполнении обязательства по соглашению в порядке упрощенного письменного производства, а также положения ГПК и дополнения в Налоговый Кодекс РК касательно возврата государственной пошлины, уплаченной при подаче иска, в случае окончания дела мировым соглашением, соглашением об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашением об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры.

Анара НУРГАЛИЕВА,
заведующая канцелярией специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних Алматинской области №1.

ПРОТОКОЛ СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

В протоколе судебного заседания отражаются все процессуальные действия, которые совершались в ходе судебного разбирательства. Протокол имеет важное доказательственное значение, поэтому его содержание, порядок составления и форма должны точно соответствовать требованиям закона. Сейчас составляются краткие протоколы при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания. О каждом судебном заседании суда первой инстанции, а также о каждом отдельном процессуальном действии, совершенном вне заседания, составляется отдельный протокол. В случае же неявки в судебное заседание всех лиц, участвующих в деле, аудиовидеозапись не проводиться.

По ходатайству лиц, участвующих в деле, и их представителей судом представляются копия аудиовидеозаписи и краткий протокол или протокол судебного заседания. Аудиовидеозаписи судебных заседаний используются только в целях судопроизводства для точного фиксирования хода судебного разбирательства, а также в целях установления фактических данных в гражданском, уголовном судопроизводстве, производстве по делам об административных правонарушениях либо в рамках производства по дисциплинанарному делу.

Согласно ч. 1 ст. 283 ГПК РК секретарем судебного заседания составляется протокол либо ведется краткий протокол при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания. Протокол, краткий протокол изготавливаются компьютерным, машинописным либо рукописным способами. Лица, участвующие в деле, и представители вправе ходатайствовать об ознакомлении какой-либо части протокола, о занесении в протокол сведений об обстоятельствах, которые они считают существенными для дела. Протокол должен быть изготовлен и подписан не позднее трех рабочих дней после окончания судебного заседания, а протокол об отдельном процессуальном действии- не позднее следующего дня после его совершения. По сложным делам протокол судебного заседания должен быть изготовлен и подписан не позднее десяти рабочих дней после окончания судебного заседания. Протокол подписывается председательствующим и секретаем. Все изменения, поправки, дополнения должны быть оговорены в протоколе и удостоверены их подписями.

Айнур ОРМАШЕВА,
главный специалист
Талдыкорганского городского суда.

КАЗПОЧТА ЗАПУСТИЛА ОПЛАТУ ЕСП ПО SMS

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПОЧТОВЫЙ ОПЕРАТОР СОВМЕСТНО С WOOPPAY РЕАЛИЗОВАЛИ ВОЗМОЖНОСТЬ ОПЛАТЫ ЕДИНОГО СОВОКУПНОГО ПЛАТЕЖА (ЕСП) ПО SMS. СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ КОМПАНИИ С СИСТЕМОЙ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕНЕГ ПОЗВОЛИТ ТАКЖЕ В БЛИЖАЙШЕЕ ВРЕМЯ ЗАПУСТИТЬ ПО SMS ОПЛАТУ НАЛОГОВ И ТОВАРОВ ИНТЕРНЕТ-МАГАЗИНОВ.

«Оплата ЕСП уже стала доступнее и проще. Преимущества платежей с мобильного телефона неоспоримы, мобильный телефон всегда рядом, это возможность сберечь время, нервы и деньги. Не нужно ехать в банк, терять время в очередях. Главное - наличие денег на балансе мобильного телефона», - объясняет преимущества новой услуги управляющий директор по бизнесу АО «Казпочта» Бауыржан Айнабеков.

На сегодняшний день воспользоваться услугой могут абоненты Kcell, Activ и Beeline. Для оплаты необходимо отправить SMS на номер 5505 с текстом «gorodesp ИИН» (для жителей столицы, городов республиканского и областного значения) и «seloesp ИИН» (для жителей других населенных пунктов). С баланса спишется сумма платежа и комиссия в размере 100 тенге. Оплата ЕСП будет зачтена за месяц, в котором отправлена SMS.

Оплату по SMS, наряду с традиционной оплатой с банковских карт, принимает интернет-эквайринг Paypost. «Неоспоримо то, что будущее - за платежами с баланса мобильного телефона. Казпочта и в дальнейшем будет расширять спектр услуг, которые можно оплачивать таким способом. Мобильный телефон должен стать мини-сберкассой, которая всегда с тобой и с его помощью можно полностью управлять своими личными финансами», - отметил Бауыржан Айнабеков.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕМІС-ЖИДЕК

қашан арзандайды?

Көктем бітіп, жаздың шығуына санаулы күндер қалды. Бұл уақыт - жеміс-жидек пен көкөністің нағыз піскен шағы болмаса да, өзімізде өсірілетін көкөністердің көбейетін мезгілі. Бірақ осыған қарамастан қала халқы арзан жеміс-жидекке әлі қол жеткізе алмай отыр. Базарға барсаңыз шарықтаған бағадан ғамдап ғана сауда жасап шығуға тура келеді.

Қаламыздағы сауда орындарында жеміс-жидек бағасы удай қымбат. Өткен жылдармен салыстырғанда биылғы жылы жеміс-жидектің де, көкөністің де бағасы едәуір көтерілген. Дәлел ретінде біз орталық базарда орналасқан «Көкбазар» сауда үйін аралап шыққан едік. Мұнда өрік – 1500, алма – 450-550, алмұрт – 900-1000, жүзім – 1500, шабдалы – 1500, шие – 2000. Ал, қызанақ 750-800 теңгеден болса, қияр 300-350 ден түспей тұр.

Сатушылардың айтуынша, биылғы жылы баға арзандамай тұр, себебі, біріншіден, тауардың өзі қымбат болып келеді, екіншіден, біздің өңірімізге келіп жатқан жеміс-жидектің кейбір түрлерінің қоры аз.

«Бізге барлық жеміс-жидектер жан-жақтан келеді. Тіпті, кейде қай жеміс қай жақтан келетінін өзіміз шатыстырып аламыз. Мәселен, қызанақ пен қияр Ташкенттен, Сарыағаштан келеді көбіне. Дегенмен, өзіміздің Қапшағай, Үштөбеден де келетіндер бар. Бірақ олар өте аз. Қымбат болса да ораза айында

жеміс, көкөністерге сұраныс өте көп. Ал, енді шығып жатқан шие, өрік, шабдалылар көбінде Ташкенттен келеді. Жол ақысы бар, алыстығы бар сол үшін баға қымбат болады. Өзіміз үстіне көп те қоспаймыз. Бізге келетін баға қымбат. Соған қарамастан халық қазіргі таңда көп алып жатқан жемістері өрік пен шабдалы. Ал, жүзім болса Қытайдан, Аргентинадан келеді. Бағалары да қымбат сол үшін» – дейді сатушы Гулжан есімді азаматша.

Гүлжанның айтуынша, жеміс-жидек бағасына келіспей, наразылығын айтып кететін адамдар аз емес екен. Әсіресе зейнеткерлер мен көп балалы, жағдайы төмен отбасыларының әйелдері бағаны арзандатуларын сұрайды. Алайда, қарапайым халықтың «қалтасына» қарауға мүмкіндік те жоқ. Себебі, сауда иесі өз шығындарын өтеп, салығын төлеп, оның үстіне мейлінше пайда көруі қажет.

Қала тұрғыны Лиза апай болса, базар бағасына көңілі толмайтындығын жеткізді.

«Әдетте, осындай кезден бастап жеміс-жидек бағасы арзандайтын еді. Биыл қымбатшылық болып тұр. Жыл сайын балаларым жесін деп, үнемі жеміс-жидек түрлерін тартынбай алушы едім. Биыл жалпы азық-түліктің бағасы едәуір өсті, оның үстіне өзіңіз көргендей, жеміс-жидек, көкөніс бағасы да түспей тұр. Сондықтан аз ғана жалақыға қалағаныңнның бәрін алып жеу қиын. Міне, Орталық базар бағасын бақылап қарасам, бәрі қымбат. Әсіресе, күнделікті тұтынатын нан, сүттің бағалары қымбаттағаны қынжылтады. Өйткені бір айлыққа қарап отырмыз. Айлық өсті дейді де, бағаны бірнеше есеге көтеріп жібереді. Ал қала әкімдігі тарапынан бақылау, қадағалау болса, баға тұрақтанар еді», – дейді ол.

Осы тұста айта кетер тағы бір жайт, сауда орындарында сатушылардың арасында өздері «жергілікті» деп таныстыратын көкөніс, жеміс-жидектің бағасына қатысты. Өз жерімізде өсірілсе де бұл өнімдер неге қымбат? Сатушылардың айтуынша, жергілікті жылыжайлар өз өнімдерін өзгелердің бағаларымен бірдей бағада өткізеді. Ал көтерме базардан алып, сауда орындарына түсірілген кезде олардың бағалары тіпті қымбаттайды. Осы орайда қолдан-қолға өтіп, кеден арқылы келетін жеміс-жидек өзіміздің жергілікті өнімнің де бағасын көтеріп тұрғанын анық байқадық.

Жеміс-жидектен бұрын бізде күнделікті тамаққа қолданатын картоп, сәбіз, пияз сынды қажетті өнімдеріміздің бағасы да аспандап тұр. Сәбіздің бір келісі 180 теңге, пияз болса 200 теңгеге дейін барады. Ал, оларсыз ешқандай тамақ дайындай алмайсыз. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, республика бойынша жылына 3500 мың тоннадан көп картоп өндіріледі екен. Ал, алдыңғы орында Алматы облысы тұр. Бірақ, осыған қарамастан, картоптың нарықтағы бағасы жоғары. Бір келі картоптың бағасы – 100-120 теңге. Бұл көрсеткіш тұтынушы үшін тым қымбат. Республикадағы картоп өнімділігінің көрсеткішін назарға алатын болсақ, өнім бағасы 40 теңгеден аспауы қажет.

Күн сайын қымбаттап жатқан өнімдердің бағасын сонда кім қадағалайды? Халықтың сұрағаны да осы мәселе. Базарға барса да, дүкенге барса да шарықтаған бағалардан ашынған халық бағаның тұрақтанғанын, соның ішінде күнделікті тұтынатын өнімдердің бағасы қалыпқа келгенін қалайды. Ал, бағаларды қадағалайтын антимонополиялық мекемелер жұмысы көңіл көншітіп тұрған жоқ. Бәрі: «Кәсіпкерлердің ісіне араласа алмаймыз», – дейді. Басқасы басқа, шыбық қадасаң шынарға айналатын Жетісуда өз халқын көкөніспен қамти алмаған жергілікті билік сонда кімнің мұңын-мұңдап, жоғын-жоқтап жүр.

Тым құрыса, күллі мұсылман қауымы үшін жылына бір келетін рамазан айында, кәсіпкерлер мен жергілікті билік бір мәмілеге келіп, отыз күн оразаға орай көкөніс бағасын төмендетуге болар еді. Бірақ, бұқарамен санасып жатқан билік жоқ. Олардың есіл-дерті сайлау, аш құрсақ халықты соған жұмылдырып әлек. Кәсіпкерлер мен делдалдар біріне-бірі асырып баға қойып, ақшаға құнығып кеткен.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫНДА, БАҚШАЛАРДА, САЯБАҚТАРДА ЖӘНЕ СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҒАЛАУЛАРДА, ТІПТІ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЗИЯНДЫ, АРТЫҚ, ӨЗДІГІНЕН ШЫҚҚАН ШӨПТЕР, ЯҒНИ АРАМШӨПТЕРМЕН КҮРЕСУ ӨНІМНІҢ МОЛ ШЫҒУЫНА СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ. СОНДЫҚТАН БҮГІНДЕ АРАМШӨПТЕРДІ БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ КӨП. ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАРДЫ ОҚЫП, ОНЫ ЖЫЛ БОЙЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ.

АРАМШӨПТЕРМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Арамшөптер ауылшаруашылық дақылдарына зиян келтіретін болғандықтан оларды бақылау өте маңызды болып табылады. Тіпті, арамшөптердің арқасында зиянкестер де әр түрлі ауруларды дамытып, таратады. Қазіргі уақытта арамшөптерді бақылауда қолданылып жүрген барлық әдістер көбіне уақытша қолданылуда.

Олардың бірінші өнуі сәуір айының ортасында басталады, ал екінші өнуі шілде айының ортасында орын алады. Бұл өну климаттық аймақтарда әр түрлі болуы мүмкін. Көбіне ауа райына байланысты артық шөптер шығады. Ал арамшөптермен күресудің физикалық шаралары жоғарғы жиіліктегі тоқпен немесе қолмен шөптеу арқылы жүзеге асады. Десе де, көбіне қолданатын әдіс – қолмен отау. Бірақ, бұл уақытты көп қажет ететін әдіс болуымен қатар, көп күшті де керек етеді. Арамшөптермен күресудің химиялық шараларына болса, гербицидтерді және химиялық заттарды қолдану жатады.

Олардың шығуына жол бермеу өте маңызды. Жаз мезгілінің басынан бастап олармен күресіп, қолмен отау арқылы және тырмамен тазалап арамшөптердің таралуын тоқтату керек. Негізінен арамшөптермен күресуді күзде бастаған дұрыс. Яғни екі рет қазып, кейін тамырын жинап және өртеп жіберу керек. Бұл біздің бақшамызда арамшөптердің өсуін тоқтатуға көмектеседі. Қорыта айтарымыз, өздеріңізге қолайлы әдісті таңдап, бау-бақшамызды күткеніміз жөн.

Ш. КУРПЕШОВА,
герболог.
Ескелді ауданы.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ӨТКЕН МЕРЗІМІНДЕ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРА ҚАДАҒАЛАУ АУМАҒЫНА ҚАРАСТЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР МЕН КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫНА ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАЛАҚЫЛАРЫНЫҢ УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕНУ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗДІ.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ САҚТАЛУДА

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабына сәйкес, әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Талдау барысында, Көксу ауданы Балпық би ауылы «Көксу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тарапынан (БСН-150240026911) 2019 жылдың қаңтар айында 115 жұмысшыға 11 006 802 теңге көлемінде еңбекақы бойынша қарызы бар екендігі анықталды. Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің (әрі қарай-Кодекс) 113-бабының 1-тармағына сәйкес, жалақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ақшалай нысанда белгіленеді және айына бір реттен сиретпей, келесі айдың бірінші он күндігінен кешіктірілмей төленуі тиіс. Осы Кодекстің 23-бабы, 2-тармағы 5-тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті.

Алайда, «Көксу қант зауыты» ЖШС-і еңбек жалақыларын мерзімінде төлемеу салдарынан, олардың Конституциялық құқықтарына нұқсан келтірілгендігі анықталды. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 87-бабының 1-тармағына сәйкес, жұмыс берушінің жалақыны толық көлемде және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасында белгіленген мерзімде төлемеуі, сол сияқты жұмыс берушінің кінәсінан төлемді кешіктірген кезеңі үшін өсімпұлды есептемеуі және төлемеуі лауазымды адамдарға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – алпыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бұл жағдайда, мағыналас заңдылықты бұзушылықты алдын алу мақсатында еңбек жалақыларының уақытылы және толық мөлшерде төленуін қамтамасыз ету мақсатында еңбек инспекторына ұсыныс еңгізіліп, ұсыныс нәтижесі бойынша, Көксу қант зауаты» ЖШС-нен 115 жұмысшыға 11 006 802 теңге жалақыға қарыздары толығымен төленді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 87-бабы 1-тармағына сәйкес, аталған кәсіпорын 150 АЕК мөлшерінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп, аудан прокуратурасының бақылауында.

А. БЕКЕЕВ,
Көксу ауданының прокуроры,
әділет кеңесшісі.

Дүйсенбі - Понедельник, 20 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
06.50 М/ф «Элвин мен алакөржындар»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 01.10 AQPARAT
10.00 «Дала ойындары»
10.15 М/ф «Пороро және оның достары»
10.40, 19.00 Т/х «Қайран күндер»
12.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
13.10 Т/х «Қызыл алма»
14.10 «Жанайқай» комедиясы
16.00 «SHANYRAQ»
17.15 «Apta»
18.15 «Konil tolqyny»
12.05 Т/х «ҮЗІЛМЕС YMIT»
20.40 «QAREKET»
21.40 Т/х «Гүлпері»
23.10, 03.25 «TUNGI STUDIO»
00.00 «Сәлем, Қазақстан!»
01.45 «Ұлт мақтанышы»
02.15 Т/х «Достар»
02.40 Т/х «Қаламгер»
04.05 Т/х «Әке»
04.55 Т/х «Саған сенемін»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45, 03.10 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Сериал «Братаны»
22.00, 02.25 «П@УТINA»
00.30 Ночной кинотеатр «Дом у последнего фонаря»
01.35 «Мужское / женское»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 01.00 «ХабарLine»
10.25, 19.30 Т/х «Шашу»
10.50 Д/ф «Журналистік зерттеу»
11.15 National Geographic представляет «Марс»
12.10 «Біздің назарда»
12.30 Д/ф «Мектеп»
13.10 Т/с «Атлантида»
15.00 «Давайте говорить!»
15.50, 21.30 Т/х «Ғашық жүрек»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.15 Д/ф «Бір туынды тарихы»
17.45 «Bilim»
18.15, 00.10 Т/х «Ережесіз әнгіме»
19.00 Т/х «Тергеушілер»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
22.20 Т/с «На крыльях любви»
23.10 «Бетпе-бет»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Kaznet»
06.30 «Әзілстан» жасырын камера
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 «Избранное за неделю»
09.05, 11.30 М/ф «Маша и медведь»
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.50 Сериал «Истребители. Последний бой»
13.00 «Біздің уақыт»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «Тенгемания Next»
15.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
16.00, 00.00 «Келіндер» жобасы
17.20 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарлама
18.00 Т/х «Қыз ғұмыры»
19.00 Т/х «№309»
20.00, 03.00 Жаңалықтар
20.30, 03.30 Новости «20.30»
01.00 Т/х «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.10 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле чудес»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Сериал «Анна Герман»
16.55 «Пусть говорят»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.30 «Юрмала»
10.50 Х/ф «Тетя Маша»
12.50 Х/ф «Нужна невеста с проживанием»
14.45 Х/ф «Письма на стекле»
16.40, 02.40 Т/х «Өгей ана»
18.00 Т/х «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лесник», детектив
23.40 Х/ф «Впереди день»
01.20 Т/х «Сүйікті Дениз»
04.30 «Әйел қырық шырақты»
05.10 «Көріпкел»
06.00-06.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» ойын-сауық

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм (қаз)
11.15 Полиция қызметі
11.45 Мультфильм
12.00 Зерде
13.00 Ән шырқайық
13.50 К/ф «Тақиялы періште»
15.20 «Райымбек,Райымбек» спектакльі
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Джек-дрофа красотка»
18.00 Шашу
19.00 Әкім сағаты. Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 Х/ф «101 ДАЛМАТИНЕЦ»
09.50 М/с «Маша и медведь»
10.30, 23.00 «Әзілдер жинағы»
15.00 М/с «Аладдин»
15.30 Сериал «Воронины»
18.00 Сериал «Ольга»
21.00 Сериал «Жарығым-ай»
23.30 Кино. «13-й район»
01.00 «Келіндер бәйгесі»
01.40 «Ризамын»
03.30 «Әзіл студио»
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 «Айнаонлайн»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 00.50 «Смеяться разрешается»
10.30 «Юморина»
12.30 Х/ф «Путь воина»
14.30 «Япырай»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Х/ф «Универсальный солдат»
18.50 Т/х «Әкесінің баласы»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Тақиялы періште»
21.40 Сериал «Следователь протасов»
23.40 Сериал «СПЕЦОТРЯД «КОБРА 11»
05.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 21 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
06.35 М/ф «Элвин мен алакөржындар»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00 «Дала ойындары»
10.15 Пороро және оның достары
10.40, 19.00 Т/х «Қайран күндер»
11.40 «QYZYQ EKEN...»
12.35 «JAN JYLYY»
13.10 Т/х «Қызыл алма»
14.10 «Көңілашар»
14.30, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00 «SHANYRAQ».
17.15 «QYZYQ EKEN...»
18.05, 04.10 «KONIL TOLQYNY»
20.40 «QAREKET»
22.40 «TUNGI STUDIO»
23.30 «Сәлем, Қазақстан!»
01.05 Т/х «Достар»
01.30 «JAN JYLYY»
01.55 Т/х «Қаламгер»
02.40 Т/х «Саған сенемін»
03.30 «TUNGI STUDIO»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/х «Тергеушілер»
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»
11.10, 22.20 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Біздің назарда»
12.30 «Өнегелі ғұмыр»
13.10 Т/с «Атлантида»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 21.30 Т/х «Ғашық жүрек»
16.35 «Мектеп»
17.10 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15, 00.40 «Ережесіз әнгіме»
20.00, 00.10 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
23.10 «Большая неделя»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар
06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.50 Т/с «Истребители. Последний бой»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «ТенгеманияNext»
15.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
16.00 «Келіндер жобасы»
17.20 «Ән мен әзіл»
18.00 Т/с «Қыз ғұмыры»
19.00 Т/х «№309»
00.00 «Келіндер жобасы»
01.00 Т/х «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.10 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Т/с «Доктор Анна»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Анна Герман»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Братаны»
22.00, 02.25 «П@УТINA»
23.00 Т/с «Братаны»
00.30 Ночной кинотеатр «Дом у последнего фонаря»
01.35 «Мужское / женское»

КТК

07.00 ӘНҰРАН
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30 Т/с «Лесник»
12.30, 23.40 Х/ф «Впереди день»
14.45 Х/ф «Письма на стекле»
16.40 Т/с «Өгей ана»
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/х «Лесник»
01.20 Т/х «Сүйікті Дениз»
02.40 Т/с «Өгей ана»
04.30 «Әйел қырық шырақты»
05.10 «Көріпкел»
06.00-06.30 «КТК» қоржынынан ойын-сауық

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Net.laik
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Ақ күн»
12.00 Шашу
13.00 Туржорық
13.20 Д/ф «Столица Великой степи»
14.15 Концерт «Жыл әні»
16.15 Д.ф. «Покорители рекордов».
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Қорғалжын»
18.00 Шашу
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Д/ф «Благодарность сквозь века»
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
07.00, 20.00 «Информбюро»
08.00 «13-й район»
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.30, 23.00 «Әзілдер жинағы»
11.00, 21.00 Т/с «Жарығым – ай»
15.00 М/с «Аладдин»
15.30 Т/с «Воронины»
18.00 Т/с «Ольга»
23.30 Кино «Наша Russia. Яйца судьбы»
01.00 «Келіндер бәйгесі»
01.40 Ризамын
03.30 Әзіл студио
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 Т/х «Бастық боламын»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 21.40 Сериал «Следователь Протасов»
11.15, 00.50 «Смеяться разрешается»
13.25 Сериал «Племяшка»
14.30 «Гу-гулет»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Т/с «Полет бабочки»
17.45, 23.40 Т/с «СПЕЦОТРЯД «КОБРА11»
18.50 Т/х «Әкесінің баласы»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Тақиялы періште»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Открыто наследственное дело на имущество Шөрапи Молдабек, умерщего «26» ноября 2018 года. Наследником обращаться к нотариусу Нургазиновой Г. Н., по адресу: г. Талдыкорган, улица Балпык би №№9, тел: 32-92-96.

Сәрсенбі - Среда, 22 мамыр

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
06.35 М/ф «Элвин мен алакөржындар»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00 «Дала ойындары»
10.15 М/ф «Пороро және оның достары»
10.40, 19.00 Т/х «Қайран күндер»
11.40, 17.15 «Qyzyq eken...»
12.30, 01.30 «Kelbet»
13.10 Т/х «Қызыл алма»
14.10 «Көңілашар»
15.10, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00 «SHANYRAQ»
18.05, 04.10 «KONIL TOLQYNY»
20.40 «QAREKET»
22.40, 03.30 «TUNGI STUDIO»
23.30 «Сәлем, Қазақстан!»
01.05 Т/х «Достар»
01.55 Т/х «Қаламгер»
02.40 Т/х «Саған сенемін»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 Т/х «Тергеушілер»
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»
11.10, 22.20 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Важно знать»
12.35 «Бабалар ізімен»
13.10 Т/с «Атлантида»
15.10 «Давайте говорить!»
16.00, 21.30 Т/х «Ғашық жүрек»
16.45 «Тағдыр тартысы»
17.25, 01.00 «Өмір жолы»
18.00 Біздің назарда
17.15 Д/ф «Бір туынды тарихы»
17.45 «Bilim»
18.15, 00.10 Т/х «Ережесіз әнгіме»
19.00 Т/х «Бақытыма сенемін»
19.00 Т/х «Тергеушілер»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
23.10 «Религия. Сегодня»
01.30 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 03.00 Жаңалықтар
06.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10, 21.00 «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.50 Сериал «Истребители. Последний бой»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Moneytime»
14.40 «ТенгеманияNEXT»
15.00 Т/х «Тракторшының махаббаты»
16.00, 00.00 «Келіндер» жобасы
17.20 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарлама
18.00 Т/х «Қыз ғұмыры»
19.00 Т/х «№309»
01.00 Т/х «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.40, 04.10 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Сериал «Доктор Анна»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Сериал «Анна Герман»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Сериал «Братаны»
22.00, 02.25 «П@УТINA»
00.30 Ночной кинотеатр «Дом у последнего фонаря»
01.35 «Мужское / женское»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 «Новости»
10.30, 21.40 «Лесник», детектив
12.30, 23.40 Х/ф «Впереди день»
14.45 Х/ф «Письма на стекле»
16.40, 01.30 Т/х «Өгей ана»
18.00, 02.30 Т/х «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
04.20 «Әйел қырық шырақты»
05.10 «Көріпкел»
06.00-06.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН» ойын-сауық

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Net.laik
10.30 Тұжырым
11.00 Телесериал «Ақ күн»
12.00 Шашу
12.50 «Оқырман» әдеби клубы
13.40 Концерт «Мен сыйға тартқан орамал»
16.20 Д/ф «Катастрофа в пустыне»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Т.Рысқұлов»
18.00 Шашу
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Парасат
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 13.00 Т/с «Жігіттер»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 Кино. «Наша RUSSIA. Яйца судьбы»
09.50 М/с «Маша и медведь»
10.30, 23.00 «Әзілдер жинағы»
11.00, 21.00 Сериал «Жарығым-ай»
15.00 М/с «Аладдин»
15.30 Сериал «Воронины»
18.00 Сериал «Ольга»
23.30 Кино. «Параграф 78»
01.00 «Келіндер бәйгесі»
01.50 «Ризамын»
03.30 «Әзіл студио»
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 Т/х «Бастық боламын»
07.00 «Айнаонлайн»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 21.40 Сериал «Следователь протасов»
11.15, 00.50 «Смеяться разрешается»
13.25 Сериал «Племяшка»
14.30 «Гу-гулет»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Сериал «Полет бабочки»
17.45, 23.40 Сериал «СПЕЦОТРЯД «КОБРА 11»
18.50 Лотерея 6/49
19.30 Т/х «Әкесінің баласы»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Тақиялы періште»
05.00 «Жеңіп көр»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТОЛАҒАЙ ТАБЫС – СЕНІМДІ СЕРВИСТЕН БАСТАЛАДЫ

«ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ» ДЕСЕ МЫРС ЕТІП КҮЛЕТІНДЕР БАР. РАС, МҰНДАЙЛАР ӨЗГЕДЕН КӨРІ, ӨЗ АРАМЫЗДАН ТАБЫЛАТЫНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. СЕБЕП ТЕ БАРШАҒА МӘЛІМ. ҚАЛТАСЫН ҚАМПАЙТЫП, ШЕТ ЕЛДІК ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНДА ШАЛҚЫП-ТАСЫП САЯХАТТАУҒА ШАМАСЫ ЖЕТЕТІН БАЙМАНАПТАРДЫҢ ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ МІСЕ ТҰТПАСЫ АНЫҚ. ӘНЕ-МІНЕ ДЕГЕНШЕ ЖАЙДАРЛЫ ЖАЗ ЖЕТІП, ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ САУДАСЫ ҚЫЗАТЫН ШАҚ ТА АЛЫС ЕМЕС. ТҰМСА ТАБИҒАТЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНІП, КӨРГЕН ЖАНДЫ КӨРКІМЕН БАУРАП АЛАР ТАУЛЫ ӨЛКЕ ДЕ, ӨЗЕН МЕН КӨЛ ДЕ – БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ. АЛАЙДА, ҚОЛДА БАРДЫ ҰҚСАТА АЛМАЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН ЕНЖАРЛЫҒЫМЫЗ ТАҒЫ БАР. «ТУРИСТЕР» ДЕСЕ ТҰРА ҰМТЫЛМАЙ, ТҰРАЛАП ЖАТҚАН ТУРИЗМ САЛАСЫ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ІЛГЕРІЛЕУІНЕ ЕДӘУІР КЕДЕРГІ КЕЛТІРІП ТҰР. ӨЙТКЕНІ, ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ТҰРҒЫСЫНАН АЛЫП ҚАРАЙТЫН БОЛСАҚ, ТУРИЗМ САЛАСЫ – ЕШҚАШАН КЕНЖЕ ҚАЛМАЙТЫН, ҚАРҚЫНЫ БӘСЕҢСІМЕЙТІН, ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТЫҢ КӨЗІНЕ АЙНАЛҒАН БЕРЕКЕЛІ САЛА БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ. ТУРИЗМ САЛАСЫНАН ТҮСЕТІН ТАБЫС МҰНАЙ МЕН КӨЛІК ӨНДІРУДЕН КЕЙІНГІ ҮШІНШІ ОРЫНДА ТҰР. ӘЛЕМДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯ АЙНАЛЫМЫНЫҢ 11 ПАЙЫЗЫ ДА ОСЫ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. АЛ АДАМЗАТТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӨНІНЕН ДЕ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА, МЫСАЛҒА ЖЫЛ САЙЫН ЖАҢАДАН АШЫЛАТЫН ОН ЖҰМЫС ОРЫННЫҢ ӘРБІР ТОҒЫЗЫНШЫСЫ ОСЫ САЛАҒА ТИЕСІЛІ.

СОЛ БЕРЕКЕЛІ САЛАНЫҢ ЕЛІМІЗДЕ «БЕРЕКЕСІН ҚАШЫРҒАН НЕНДЕЙ СЕБЕП?» ДЕГЕН САУАЛ ТӨҢІРЕГІНДЕ ЖАУАП ІЗДЕП КӨРЕЛІК.

Жыл сайын мемлекет қаржысынан туризм саласын дамытуға, өркендетуге арнайы қыруар қаржы бөлінгенімен, мақтан етіп айтарлық мәртебеге жете қойғанымыз жоқ. Ұшқан құстың қанаты талар кең даланы, әсем табиғатты жомарт құдай бере салғанымен, жоғарыда атап өткен енжарлығымыз Қазақстан туризмінің даму деңгейін әлем бойынша 81-орынға әкеп тіреген. Осы аталған саланың даму мүмкіндігі «жер жанаты» деп айдар таққан Жетісу өңірінде мол. Тартымды табиғатынан бөлек, көне заманнан сыр шертер ескерткіштер де, қойнауына ғасырлар тарихын жасырған шежіре де осы аймақтан табылады. Қалай десек те, дайын тұрған демалыс аймағына адами ресурсты, соның ішінде қызмет көрсету сапасын арттыру ғана қалған секілді.

Туризм саласы да заман талабына сай, өзге секторлар сияқты сандық технологияның игерілуін қажет етеді. Атап айтсақ, әуе билеттерін брондау, қонақүй жалдау, мейрамханаға жазылу секілді мәселелерде бүгінгі туристер тым талғампаз келеді. Соған қарап, Қазақстандағы ең ірі туристік компаниялар мен салаға көмекші секторлар жаңа технологияларға инвестиция салса, саланың тасы өрге домалайтындай. Көптеген дамыған мемлекеттерде елінің ең көрікті деген орындарының виртуалды нұсқасын келімді-кетімді сырт елдің тұрғындарына көрсету арқылы пайда табады. Сондай-ақ, инфрақұрылымның осалдығы мен сала мамандары біліктілігінің төмендігі де шетелдіктердің елімізге қыдырып келуіне кедергісін келтіріп жатқан көрінеді. Айтпай кетуге болмайтын тағы бір дүние – тіл мәселесі. Әдеттегі туристік нысандар мен қонақүй, мейрамхана қызметкерлерінің шет тілге шорқақтығы саланың және бір кемшілігі болып тиеді.

Бүгінде отандық туризмді қолдауға байланысты не түрлі идеялар айтылып, тұрғындарға шет ел аспай, Қазақстандағы демалыс аймақтарында қалуға үгіттегенімен, Түркия мен Тайландты көксегендер саны азаяр емес. Бірі еліміздегі демалыс орындарының бағасы шет елдегіден әлдеқайда қымбатырақ дегенді алға тартса, енді бірі біздегі сервистің, яғни қызмет сапасының нашар екенін айтып қынжылады.

Енді бір топ «Инфраструктура түзелмей, туризм дамымайды» деген пікір айтады. Келіспеске шараңыз жоқ. Табиғи аймақтарға апарар жол мәселесі өңіріміздің басты түйткіліне айналған. Біле-білсек, бұл қудды инемен құдық қазғандай машақаты көп жұмыс. Үлкен төзім мен бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізуді талап ететіні табандылық та қажет бұл жерде. Айталық, Алакөлге туристерді әуе жолымен де, темір жолмен де апарып демалтуға болады. Талдықорған-Алакөл бағытындағы ұшақтың орташа құны 8000 теңге. Ара-қашықтық 285 шақырымды құрайды. Ал, жақында ғана «Air Astana» әуе компаниясының қолдауымен ашылған «Fly Arystan» атты қолжетімді лоукостының қызметі әлдқайда арзан әрі тиімді. Мәселен, ара-қашықтығы 517 шақырымды құрайтын Алматы-Тараз бағытына ұшақ билетінің құны – 4500 теңге. Неге осы секілді мүмкіндіктерді пайдаланып, облыс бюджетіне он еселеп, тіпті мың еселеп қайтатын игі салаға қаржыны аямай жұмсамасқа деген сұрақ туындайды. Алакөлге саяхаттаушылар саны бір жылда 1 миллионға таяйдымыс. Жекелеген кәсіпкерлер жоғары пайызбен несие алып, тәуекелдің жел қайығына мінді. Біртіндеп пайда да таба бастаған. Келген қонақтар мен шет елдік туристерді жоғары деңгейдегі қызмет сапасы мен асқан қонақжайлылықпен қарсы алса, жол азабын ұмытар ма еді. «Қанша шаршап-шалдығып жетсек те, соған татитындай-ақ демалыс орыны екен» деушілер саны артар ма еді?



Заманауи тілмен «сервис» деп атап жүргеніңіз бізден қалған емес пе? Иә, кәдімгі қонақжай қазақ халқынан. Қонақтың асты-үстіне түсіп, қас-қабағын бағудан алдына жан салмайтын да біздің қазақ емес пе еді? Тіпті, бұл ұғым бізге әлдеқайда етене, әлдеқайда таныс болуы керек қой. Тамақтану жүйесінің бір жолға қойылмағандығы, жағалаудағы тазалық мәселесі, ұялы байланыстың нашарлығы бергісін айтқанда, бәрібәрі айналып келгенде бір кәсіпкердің қалтасын қампайтуға кері әсерін тигізіп, арғысын айтқанда туризм саласының жолын кес-кестеп тұрғандай. Қызмет сапасы бағасына сай болса, қанеки? Кейбір қызмет түрлерін алуға қарапайым халықтың қалтасы көтермейтіні өкінтеді. Мәселен, Алматы қаласының маңында орналасқан сауықтыру орындарының құны тәулігіне 10 мың мен 53 мың аралығында. Ал Сарыағаш шипажайлары 7000 теңгеден 200 мың теңгеге дейін барады. Алтай аймағындағы сауықтыру орындарының құны – 9000-25000 теңге. Бұл біз атап көрсеткен бірекі мысал ғана. Мұндай баға қарапайым халық үшін қолжетімді емес екені түсінікті. Осындай құнды көрген азаматтар бұдан бірнеше есе арзан шетелдің демалыс орындарына бармағанда қайтеді? Мұндағы басты мәселенің бірі – баға саясаты. Ол ақылға қонарлықтай болмай, туризмнің тасы өрге домаламайтыны анық. Қымбатшылықпен туризм саласын дамыта алмайтынымыз бесенеден белгілі. Олай болса, жергілікті тұрғындарға арнайы жеңілдіктер жасау жағын неге қарастырмасқа?

Әлемдік талаптар тұрғысынан қарар болсақ, бізге әлі көп шаруаларды атқаруға тура келеді. Өйткені, туризм – бұл мемлекеттің бет-бейнесін танытатын бірден бір жоба. Статистикаға жүгінсек, дамыған елдер осы саладан қыруар пайда тауып отыр. Кішкентай аралдың үстінде отырып-ақ мол табысқа кенеліп отырған мемлекеттерді білеміз. Сонда біздің елдегі туристік әлеуеттің мүмкіндігі бірнеше есе мол емес пе деген ой келеді.

Д. ӘМІР.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕНІҢ БІРІНШІ БИЗНЕСІМ

І БӨЛІМ

ХАБАРЛАНДЫРУ БОЙЫНША ХАБАРЛАСҚАН ЖІГІТ

2008 жыл. Маусымның 23-і. Дүйсенбі. Мен жергілікті газетке барып, хабарландыру бердім. Хабарландыруда: «Телефон жөндейтін адам керек. Еркін 87773465960» деп жазған едім. Бірнеше адам хабарласты. Бірақ ешқайсы көңілімнен шыққан жоқ. Сәрсенбі күні Антон деген орыс жігіт хабарласты.

– Қайырлы күн!

– Қайырлы күн!

– Хабарландыру бойынша хабарласып тұрмын.

– Иә, атыңыз кім?

– Антон.

– Бұрын осы салада жұмыс істеп көрдіңіз бе?.

– Жоқ, – деді Антон. – Бірақ үйде телефон жөндеп көргенмін. Бұрын телевизор, денди, сегаларды да жөндей беретінмін... Үйреніп кетемін.

Маған оның сыпайы, шынайы, әрі батыл сөйлегені ұнады.

– Жасыңыз нешеде?

– Он тоғыздамын.

– Онда сен деп сөйлей берейін. Мен сенен үлкен екенмін. Сексен тоғызыншы жылғысың ба сонда?

– Иә.

– Мен сексен төртінші жылғымын. Онда ертең таңертең тоғызда кел, бір апта сынап көремін, – дедім.

– Жарайды, – деді Антон.

* * *

Мен мамыр айында ғана әскерден келгенмін. Оған дейінгі өмірімді қысқаша айтайын. 2001 жылы он бір жылдық мектепті бітірдім. Одан соң бір жыл бос жүріп, үш жылдық колледжге түстім. Мамандығым – программист. Колледжден соң тағы да бір жылдай бос жүрдім де, былтыр әскерге кеттім.

Әскерден келген соң әке-шешем жұмысқа тұр деп үгіттеді. «Қазақмыстың» шахтасында Дулат деген жақын туысымыз әжептәуір бастық еді. Сол кісі мамандығыма сай жұмыс тауып беремін депті. Мен келіскен жоқпын. Өзім бір кәсіп көзін тауып, бизнес жасағым келеді дедім. Сөйтіп, екі күн ғана үйде жаттым да, үшінші күні жүк түсіретін жерге жұмысқа шығып кеттім. Вагонмен келетін тауарларды түсіріп, таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеп, 16 000 теңге ақша таптым. Бір айда үш-ақ күн демалдым. Әскерге кетер алдында сатып алған компьютерім бар еді. Соны 30 000 теңгеге саттым. Әскердегі табысымнан жинаған 8 000 теңгемді қостым. Сөйтіп, 54 000 теңге жинадым. Біздің Жезқазған кішкентай қала. Сондықтан 54 000 теңгені табу оңай емес. Оның үстіне қазіргі дағдарыс кезінде.

Биыл дүниежүзілік дағдарыстың кесірі бізге де тиіп жатқан секілді. Бензин қымбаттап кетіпті. Біраз жанармай бекеттері жабылып та қалды.

Мен қандай бизнес ашқаным дұрыс деп, бір ай бойы көп ойландым. Дағдарыс кезінде қалай ақша табуға болады? Өзімде бар ақшаны ескердім. Әке-шешемнен ақша сұрай алмаймын. Өйткені, ол кісілерде онсыз да қарыз көп. Жалғыз ұлдарының түрі – мен. Әскерге дейін ештеңе ойламай, қыдырып, төбелесіп жүре беріппін. Енді-енді ойланып, ата-анамды қарыздарынан құтқарайын деп шештім. Қайтсем де жағдайын жасауым керек. Әрекет жасай бастағаным да сондықтан.

Бұрын студент кезімде әртүрлі жұмыс істедім: кафеде даяшы, жанармай бекетінде күзетші, телефон сататын жерде дүкенші болдым. Ең ұзақ істегенім осы телефон сататын жұмыс болды. Кейін шахтадан руда ұрлайтындармен бірігіп, камазбен Қытайға руда жіберіп те көрдік. Ол кезде ақшаны көп таптым. Бірақ екі рет жіберген соң, бұл жұмысқа енді жоламастай болдым. Арам ақша маған жақпайтынын білдім. Оңай келген ақшаны не істерімді білмей, жұмсай береді екенсің. Көп қыдырдық. Арақты да сол күндері ішіп көрдім. Әке-шешемменен үміт күтіп отырғанда мен солай ақымақтың ісін істеп жүрдім. Енді тек дұрыс жолмен ақша тапқым келеді.

Ойланып-ойланып, ұсталған телефондарды сататын және жөндейтін жер ашайын деп шештім. Жылдан жылға ұялы телефон ұстайтын адамдар көбейіп келе жатыр. Жаңалары қымбат. Дағдарыс кезінде осы ескілер көп өтетін шығар деп ойладым. Оның үстіне әскерге дейін ұзақ уақыт істеп көрген жұмысым да осы.

Мінекей, осындай оймен алдыңғы аптада бутикті жалға алдым. Бутикті базар жақтан емес, Бейбітшілік көшесінің бойындағы үлкен «Нұр» деген сауда орталығынан алдым. Айына 15 000 теңгеге келістік. Оның төлеген соң, менің қолымда 39-ақ мың теңге қалды. Енді тауар қоятын витрина іздедім. Жаңасын алуға немесе арнайы жасатуға әзірге қалта көтермейді. Сондықтан ұсталған, ескі екі витрина таптым. Біреуін 2500 теңгеден, екеуін 5000 теңгеге әзер берді. Екеуі екі түрлі. Мейлі. Екеуін әкеліп қойдым. Жанына үйдегі үстелім мен орындықтардың біреуін әкеліп орналастырдым. Бұларды екі жерден әкелу үшін такси шақырып, оған 800 теңге төледім. Содан соң әлгі «Телефон жөндейтін адам керек» деген хабарландыруды бердім. Оған тағы да 1000 теңгем кетті. Сонымен 29700 теңгем қалды. Шыдамай, 120 теңгеге су сатып алып іштім. Жүк түсіруге жаяу барып, тамақты тек үйден ішіп, әскерден келгелі 1 тиын жұмсамай жүр едім. Шөлдедім ғой деп, өз-өзімді көндіріп, су алып іштім. Жалпы, өз-өзімді қинамағаным дұрыс қой. Бірақ ақшаны жұмсамаймын деген соң, ережені сақтап, жұмсамағаным дұрыс еді. Яғни, мен табыс тауып, 54000 теңгемді қайтарғанша ақша жұмсамауым керек деп осыдан бір апта бұрын ереже қабылдағанмын.

Газетке хабарландыру берген соң қабырғаға ілетін сөзді де шығарттым. «Ұялы телефон сатамыз, сатып аламыз, жөндейміз» деп жазғыздым да, принтерден 130 теңгеге шығартып, бутиктің шыны қабырғасына жабыстырдым. Есігі көбінесе ішке қарай ашылып тұратын болған соң, көрінбей қалады ғой деп, әдейі қабырғаға желімдедім.

Сейсенбі күні телефон жөндегенде керек болатын құрал-саймандарды алу үшін базарға бардым. Оны іздеп тауып, сатып алып, қайтып келгенше түс болды. Саймандарға кеткен ақшамды да айта кетейін: 2800 теңге жұмсадым.

Сейсенбі күні түстен кейін және сәрсенбіде күні бойы бутикте өзім отырдым. Бірінші күні витринам таза бос тұрды.

Бейсенбіде жұмысқа Антон келді.

* * *

Антон арық, ұзын бойлы бала екен. Үстіне ескі қызыл футболка киген. Шашы өсіңкіреп кеткен. Бірақ өзі жағымды жігіт екені бірден байқалды. Екеуіміз қайта таныстық.

Менің бойым 172 сантиметр ғана. Антон, сірә, 180 сантиметрден асатын сияқты. Жаныма келгенде тіпті ұзын көрінді.

– Бұрын қайда жұмыс істедің? – деп сұрадым.

– Ешқай жерде ұзақ уақыт жұмыс істеген жоқпын.

– Қайда оқыдың?

– Кәсіптік лицейде оқығанмын, бірақ тастап кеттім.

– Әскерге бардың ба?

– Жоқ.

Сотталғансың ба деп те сұрағым келді. Бірақ сыпайы, жағымды жігітті ондайға қимадым.

Оған енді шаруа жағдайын түсіндірдім. Аптасына алты күн таңертең оннан кешкі жетіге дейін осы жерде отырасың, айына 20 000 теңге айлық аласың дедім. Жексенбі – жұмыс, демалыс – дүйсенбі күні болатынын да айттым. Антон келісті.

– Жөндеуге телефон әкелетін болса, алдымен қолыңнан келе ме, соны қарап ал, – деп ескерттім кетер кезде. – Мүмкін демалыс күндері білетін бір адамдарды тауып, біраз үйреніп қайтатын шығармыз. Көреміз.

Антон басын изеді.

* * *

Бутикті Антонға тапсырған соң, басқа шаруаларды істеуге мүмкіндік туды. Енді алдымда екі жұмыс тұрғанын түсіндім. Біріншісі, бутикті жарнамалау, екіншісі тауар табу.

Телефон сататын және жөндейтін жер деп аштық. Бірақ әлі бір де бір телефон жөндеген жоқпыз. Кеше бір қыз келіп Motorola RAZR V3 телефонын ұсынған. Мен оны 6000 теңгеге сатып алдым. Тіпті, ұсталған телефонның бағасы қандай болатынын да онша білмейді екенмін. Қымбатқа алып қойған сияқтымын. Антонға түсіндіргенде осы жайтты ескертіп, барынша арзанға алуға тырыс деп, қолына әдейі төрт-ақ мың теңге тастап кеттім. Ал Motorola-ны кем дегенде 8000 теңгеге сат дедім.

Антонға ақша бергеннен кейін қалтамда 16 500 теңге қалды.

«Түйенің танығаны жапырақ» дегендей, алдында хабарландыру беріп Антонды тапқан газетке барып, «біз ашылдық» деп жарнама бердім. Жарнама хабарландыруға қарағанда қымбаттау болды. 1 500 теңге алды.

Қалған он бес мыңымның неше теңгесіне телефон алуым керек деп біраз ойландым. Енді 28 күннен кейін 15 000 теңге бутиктің ақшасын, Антонға 20 000 теңге айлық төлеуім керек. Одан бөлек өзім де пайда табуым керек емес пе? Не істеуім керек? 15 000 теңгені бутик үшін төлеуге қалдырсам ба екен? Әлде бәріне телефон алып, витринаны толтырып қойғаным дұрыс па? Бірақ айдың соңына дейін олар өтпей қалса ше? Немесе аяқ астынан ақша керек болып қалса не істеймін?

Түскі аста үйге барғанша осыны ойладым. Тамақ ішіп отырып та бас қатырумен болдым. Ал тамақ ішіп болған соң, тағы бір мәселені ескермегенімді түсіндім. Осы Антон түскі асты қайдан ішеді? Кешке дейін бутикте аш отыра ма? Аш отырған адам жұмысты дұрыс істей ме? Мен оған әлі айлық берген жоқпын, ақшасы да жоқ шығар. Өзім тойып алып, оны аш қалдырғаным дұрыс па?

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Бір нәрсені уайымдап отырғанымды байқап, анам мән-жайды сұрады. Мен шынымды айттым. Антон деген баланы жұмысқа алдым да, оның түскі асы туралы ойланбаппын дедім. Анам маған риза болғандай көрінді. Жымиып күлді де:

– Өзі үйден пісіріп әкеліп отырмай ма? – деді.

Мен ойланып қалдым. Солай істесе, Антонның өзіне жақсы болар еді. Әйтпесе ана жерден ұзақ уақытқа кете алмайды. Қалай бұл жағдайды ескермегенмін...

Жұмысқа тұрған адам берілген тапсырманы орындайды. Рұқсат еткен уақытта кетеді, белгіленген уақытта жұмысына қайта барады. Ал мен бизнес бастаған адам ретінде біреуден көмек күте алмаймын. Қайта өзім қол астымдағы адамдарға көмектесуім керек. Олардың жағдайын жасауым керек. Осы ойдан өзім шошығандай болдым. Расында да мен біреуге жұмыс беріп отыр екенмін ғой? Ол мен не айтсам соны істейді. Мен жақсы қарасам, жұмысты жақсы істейді, дұрыс қарамасам, нашар істейді. Немесе кетіп қалады.

Мен түстен кейін ұсталған телефондарды сататын басқа дүкендерді қарайын деп шештім. Бутикке сағат алты жарымның кезінде бір-ақ барғаным дұрыс шығар.

Біз студент болып жүрген кезде байланыс түрлері аз еді. Қателеспесем, Activ пен Beeline ғана болды-ау деймін. Қазір, міне, Neo, Pathword дегендер шықты. Бұрын қалада ғана байланыс болса, қазір ауылдарда да бар. Сол үшін күннен күнге ұялы телефон саудасы қызып келе жатыр.

Сонымен бірге, телефон ұрлайтын бұзақылардың табысы көбейген сияқты. Гоп-стоп деген пайда болды. Түнде жүрген адамдарды тонап, телефонын ұрлап, сатады. Әрине, өздері сатпайды. Оны ұйымдастыратын адамдар бар. Ертең олар маған да келіп ұсыныс жасауы мүмкін. Бірақ оны алуға болмайды. Алсаң, артынан иесі келіп телефонын танып қойса, шу шығаруы мүмкін. Бұны Антонға ескертуім керек екен деп ойладым.

Қалада базардың маңында телефон сататын жерлер көп екен. Базар Некрасов көшесінің бойында. Менің бутигім келесі үлкен көше – Бейбітшілікте. Яғни Некрасов пен Бейбітшілік параллель жатыр. Базар арзандау, сауда үйі қымбаттау. Демек мен тұрған жерге жағдайы бар адамдар келеді... Бұл туралы да ойлану керек.

Осылай ойланып жүріп, дүкендердің біразын қарап шықтым. Содан соң сағат алты жарым болғанын күтуге шыдамай, алтыға он минут қалғанда бутикке кіріп бардым.

Антон қолын қусырып, орындықта отыр екен. Біраз зеріккен секілді. Мен жаққа бірден қараған жоқ. Жақындап келе жатып витринаға қарап үлгердім. Бір де бір телефон жоқ екен. Тіпті өзім сатып алған Motorola да көрінбейді.

Тура витринаның жанына барғанда Антон мені көріп, атып тұрды.

– Қал қалай? – дедім жымиып.

– Жақсы, – деді ол да. Мен сияқты жымиып күлген жоқ, бірақ жылы жауап берді.

– Motorola-ны саттың ба?

– Иә.

– Қаншаға кетті?

– 9000.

– Тамаша. Тамаша ғой?! Бірнәрсе жедің бе?

– Жоқ.

– Қап. Шаршаған екенсің.

– Жоқ, шаршаған жоқпын.

– Құрал-саймандарды қарап көрдің бе?

– Иә, қарап шықтым.

– Онда ертең істемейтін біраз телефон алып келейін. Соларды жөндеп көр. Бүгін хабарландыру бердім. Енді осы жерде отырып жауап беретін бір телефон қоюым керек. Әзірге менің нөмеріме хабарласа береді ғой.

Антон басын изеді. Мен көңілденіп кілттелетін суырманы аштым. Бұл – біздің кассамыз. Ішінде 13 000 теңге жатыр. Таңертең кеткенде 4 000 болған. Сонда бұл сауда Motorola-ны сатып алған 6000 теңгемді жапты және 2000 теңге пайда түсірді деген сөз. Бірінші күнге жаман емес. Бірақ күніне 2000 теңге деген, әрине, аз.

– Антон, – дедім содан соң ақшаны қалтама салып жатып. – Сен түскі асты үйден пісіріп әкеліп отырғаның дұрыс шығар? Өзің бойдақсың ғой, иә?

– Иә.

– Онда мамаң пісіріп беріп отырса?

Антон үндемей қалды. Мен бірнәрсені бүлдіргенімді сездім. Қалай сезгенімді білмеймін, әйтеуір денем дір еткендей болды.

– Қазір әлі бір сағат уақытымыз бар екен, – деп аяқ астынан әңгімені басқа жаққа бұрдым. – Бүгін қандай адамдар келді, не сұрады соны айтып берші маған.

– Көп адам келген жоқ. Келгендер қандай телефон жөндейсіңдер, бағасы қанша деп сұрады.

– Сен не дедің?

– Бірінші телефонды алып келіңіз дедім.

– Дұрыс. Алдымен қарап көр, содан соң жөндеуі қиын ба, жеңіл ме соған қара. Жеңіл болса арзандау айта бер. Ал қиын болса, одан соң бөлшектерін ауыстыру керек болса, онда бағасын кейін айтамыз де. Өйткені ол бөлшектерді іздеу керек қой...

– Оны қайдан іздейміз?

– Алаңдама, ол жағын өзім бірдеңе қыламын.

Күндіз қараған дүкендерімді еске алдым. Олар да жөндеумен айналысады. Демек, бұзылған, ішіндегі кей бөлшектері алынған телефон оларда бар. Солардан сұрап көруге болады. Одан соң...

– Одан кейін істемейтін телефон әкелсе, өте арзан бағаға аламыз де. Солардың бөлшектерін кейін басқа телефонға саламыз. Бірақ сирек кездесетін телефондарды алмауға тырыс.

– Жарайды.

– Айтпақшы, бір адам қайта-қайта телефон әкеле берсе, алмай қой. Өйткені, ұрланған телефондарды әкелуі мүмкін. Кейін басымызға бәле болады.

– Жарайды.

– Бәрінен бұрын Motorola-ны сатқаның күшті болды. Оны кім алды өзі?

– Бір қыз келіп алып кетті. Біраз тексеріп қарады. Симкартасын салып сөйлесті. Содан кейін саудаласпастан 9000 теңгеге алып кетті.

– Жақсы, тамаша. Бүгін біраз ішің пысқан шығар, бірақ алда әлі жұмыс көбейеді. Кешкі жетінің қалай болғанын білмей қалатын боласың.

Антон жымиды. Мен жарайсың дегендей арқасынан қағып қойдым.

* * *

Мамасы туралы айтқанда Антонның үндемей қалғаны есімнен кетпей қойды. Өзі оқу оқымаған, дұрыс жұмыс істемеген. Осы уақытқа дейін немен айналысты екен? Әлде әке-шешесі жоқ жетім бе екен?

Кешкі ас ішіп отырғанда әке-шешеме Антон туралы айттым. Өзі жақсы бала, бірақ отбасылық жағдайы қиын секілді дедім. Әкем «байқап жүр» дегендей қауіп айтты да қойды. Көп сөйлей қоймайтын кісі. Анам болса жақынырақ сөйлесіп, жағдайын біліп алғаның дұрыс шығар деді.

Мен үндемей ойланып отырдым да, анама:

– Жеңіл-желпі түскі ас дайындап, ыдысқа салып беріп отырасыз ба? Антон өзі пісіріп әкеле алмайтын сияқты, – дедім.

– Сосын оны қалай апарасың? – деп күлді анам.

– Білмеймін. Түс кезінде соғып, алып кетіп отырсам ше?

– Жарайды, ары-бері жүруге шаршамасаң болды ғой, – деді анам. – Көрші бутиктерінде тоңазытқыш жоқ па екен, сұрап көр. Болса, таңертең шыққанда апарып қоя саласың. Тіпті микротолқын пеш болуы да мүмкін. Соған жылытып іше береді, – деп ақыл қосты содан соң.

* * *

Менде қазір 28 000 теңге бар. Таңертең үйден шығардағы ойым осындай болды. Оның 4 000 теңгесін кеше кассаға тастап кеткенмін. Сонда қалтамда 24 000 теңге тұр.

Бүгін күн ысиын деп тұр екен. Маусымның ортасы ғой. Жезқазған осы уақытта құрғай бастады. Ыстық көтерілсе болды, ауа қапырықтанып кетеді.

Үйден ерте шыққан екенмін. Бір қызығы Жезқазғанның базарының өзі сағат 11-ден бастап толық іске кіріседі. Бірен-сараны 10-да ашылады. Ал қазір сағат тоғыздан жиырма кетті. Әлі ерте. Соны ойлап, жаяу шықтым.

Антон үйінен шығып, жұмысқа келе жатқан шығар. Бутиктің шыны есігінің кілті де, кассаның кілті де сонда. Өзі барып ашып, сағат онда отыруы керек. Әйтеуір келмей қалмаса болды. Он жарымға қарай сол жерге барып, бір тексере салайын.

Мен Жезқазғанның тоғызыншы орам деген жерінде тұрамын. Базардан әжептәуір алыс жер. Бірақ қала өзі соншалық үлкен емес, сондықтан алыс деген жерінің өзіне жаяу бара беруге болады.

Бүгін бейсенбі. Адамдар жұмыстарына барып үлгерді. Кешіккендері ғана асыға басып кетіп бара жатыр. Жалпы, Жезқазған тыныш қала. Базардың айналасында болмаса, адам аз.

Жолмен жүрмей, үй-үйдің арасымен төте тарттым. Студент кезімізде талай жүрген жерлер. Өзім оқыған колледждің жанынан да өттім. Сағат онға таяды.

Кеше соғып, телефондарын көріп кеткен бір дүкенге бардым. Дүкен болғанда толық дүкен емес, ол да біздікі секілді бір бутик қана. Бірақ базардың жанындағы дүкеннің ішінде. Және тура кіреберісте, есіктің жанында. Кеше келгенімде жас жігіттер үймелеп, музыка жүктеп жатқан. Бізде ондай қызмет жоқ. Музыка жазу үшін компьютер керек. Мүмкін кейін қосу керек шығар. Мүмкін қоспаған да дұрыс шығар. Оны да ойлану керек.

Дүкенге кіргенімде сатушының орнында бір жас қыз тұр екен. Мектепте оқитын сияқты. Дүкеннің кіреберісінде кондиционер қосылып тұрған соң ба, бұлардың бутигі тұрған жер салқын екен. Сол үшін қыз үстіне спортбешпент жамылып алыпты. Сірә, кешегі жігіт бұл қыздың ағасы болса керек, мына киім соныкі шығар деп ойлап үлгердім.

– Сәлеметсіз бе? – деді қыз маған қарап. Қарасы байыпты екен.

– Сәлеметсің бе... Кеше осы жерде бір жігіт тұр еді...

Мен осы сөзді айтқанша болған жоқ, бутиктің есік жақ бұрышында еңкейіп, шкафтың ішіндегі заттарды жинап отырған жігіт басын көтерді. Мен оны сол кезде бір-ақ байқадым.

– Ассалаумалейкум! – деп даусымды шығара амандастым.

– Уағалейкум.

Танымадым ғой дегендей маған бақылай қарады.

– Мен кеше де келіп кеткенмін. Адам көп болды да, сөйлесе алмадым.

– Иә, не шаруа еді?

– Мен телефон жөндейтін, сатып алып, сататын бутик ашып жатқанмын.

– Қай жерден?

– «Нұрдан».

– Қанша болды ашқаныңа?

– Үш күн.

Ана жігіт күліп жіберді. Сірә, біраздан бері істеп жатқан адам деп қалса керек.

– Атың кім? – деді содан соң.

– Еркін.

– Марғұлан.

Екеуіміз қол алыстық. Байқауымша, менен 7-8 жас үлкен жігіт сияқты.

– Қай мектепте оқыдың? – деп сұрадым.

– Мен Сәтбаев қаласында оқыдым. 4-ші мектеп.

– Ә, онда мен осы жақта 13-ші мектепті бітірдім.

– Нешінші жылғысың?

– 84. Өзің?

– 76.

Бұдан кейін Марғұланнан шаруа жайын сұрай бастадым. Қай жерден бөлшектер алуға болады, қай жерден арзан бағаға жаңа телефондар алуға болады. Ол көмек ретінде керек адамдардың нөмірін берді. Алматыдан тапсырыс бойынша әкелетін жігіттер бар екен.

– Сенде істемейтін телефондар бар ма? – дедім содан соң.

– Дұрыс істемей тұрғандар бар. Біреуінің даусы шықпайды, біреуі заряд алмайды.

– Сатасың ба?

– Ал.

– Қаншаға бересің?

– Ескі телефондар ғой. Мың жарымнан ал.

– Онда екеуін 2500 теңгеге берсеңші?

– Жарайды, ала бер.

Сөйтіп, 2500 теңгеге екі ескі телефон алып, «Нұрға» қарай тарттым. Марғұлан екеуіміз сөйлескенде сөзге араласпай, біз жаққа назарын салмай өз бетімен тұрған қызды есіме алдым. Әлі 9-10 сыныпта оқитын болса керек.

Бутикке кіргенімде сағат он бірге жиырма қалған еді. Антон тура кешегідей орындықта отыр екен. Екеуіміз қол алысып амандастық.

– Жақсы демалдың ба? – деп сұрап қойдым. Ол басын изеді.

Қалтамдағы екі телефонды алып, құрал-саймандар тұрған үстелдің үстіне қойдым.

– Бүгін ішің пыспайды енді. Мына екеуін жөндеп көр. Біреуі заряд алмайды дейді. Біреуінің даусы шықпайды. Өзің тексересің ғой. Екеуінің де зарядчигі бар. Міне.

Антон орындығын үстелге жақындатып қойды да, ыңғайланып отырып, телефондарды қарай бастады. Мен кішкене сыртынан бақылап, үндемей тұрдым. Телефонның екеуін қарап шықты. Батарейкалары бар ма, батырмалары басыла ма, сілкігенде артық дыбыс шықпай ма – соны қарады. Одан соң екеуін де қосып көрді.

– Қазір өзімнің симкартамды салып сөйлесіп көремін ғой, – деді содан соң.

– Иә, желкеңде тұра бермеймін бұлай, қазір кетемін, – деп күлдім. Антон да күлді.

– Айтпақшы, мамам тамақ істеп қоятын болды. Қазір түске қарай әкеліп беремін. Мына жерде тоңазытқыш бар ма, қазір соны админстратордан сұрап білейін. Болса, күнде таңертең түскі ас әкеліп тұрамын.

– Жоқ, әуре болма. Өзім бірнәрсе қыламын ғой.

– Жоқ-жоқ. Солай істейік. Әйтпесе, тамақ ішу үшін сыртқа шығып кете алмайсың ғой. Ертең мына жерде телефон көбейсе, кешке шыққанда да шкафтың ішіне жинап кетіп отыру керек болады. Түскі асқа кеткенде де жинап жатпайсың ғой. Оның үстіне адам келгенде сен болмай қалсаң, ол да дұрыс емес. Сондықтан осылай істейік.

Антон рахмет деп айтқысы келгендей болды. Бірақ үндеген жоқ. Ыңғайсыз жағдай орнап қалды. Мен ал жақсы дегендей қолымды сәл көтердім де, шығып кеттім. Көрші бутикке барып, тоңазытқыш пен микротолқын пештің жайын сұрадым. Сөйтсем осы жердегі дүкеншілердің көбі қолданатын екі тоңазытқыш, екі пеш бар екен. Қуанып кеттім. Администрацияға барып, менің дүкеншім де енді осы заттарды қолданатын болады деп ескертіп қойдым. Жалпы, бүгін шаруаның бәрі сәтімен оңғарылып жатыр. Енді Антон ана екі телефонды жөндей алса. Жөндеп, витринаға қойып қойса. Айтпақшы, мен ол телефондардың бағасын айтпаппын ғой. Егер жөндеп алса біреуін үш мыңнан, біреуін екі жарым мыңнан қою керек шығар. Жарайды, sms жаза салармын. Әзірге мазасын алмайын.

Арман ӘЛМЕНБЕТ.

Жалғасы келесі нөмірде.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қымыз – қазақтың адал асы

Қытай философы Лао Цзы «Не жесең, соған ұқсайсың» дейді. Тектіліктің де асыл тетігі ұлттық тағамда болса керек. Мәселен, жапон халқының әрбір іс-әрекеті мен жүріп-тұрған қадамы тұнып тұрған бір философия секілді, не ойлап отырғанын біліп болмайсың деседі көрген ел-жұрт. Тіпті АҚШ-тың барлау қызметі «Біз Жапонияның жұмбағын әлі толық аша алмадық» деген екен. Асылы, балықты көп тұтынатын жапондарға балықтың бойындағы қасиет сіңіп кеткен көрінеді.

Ал қазақтың бойындағы асыл мінез асыл текті жылқыдан, асқан бір байыптылық қой етінен келген болар деп сіз де топшылап отырған боларсыз. Қазақ тұрмысы үшін еттің қандай қадір-қасиеті болса, бас тағамды сіңіріп, жүрімді, жұғымды еткен адал ас – қымыздың да сондайлық мән-маңызы бар. «Биенің сүті сары бал, Қымыздан асқан дәм бар ма?!» деп Ақтанберді баба жырлаған қымыздың қасиеті туралы ой тарқатпақпыз.

Ғалымдардың пайымдауынша бие сүтінің құнары ана сүтімен тең көрінеді. Бұл пікірімізге Донецк медицина институтының зерттеушісі Е.П. Гребникованың және басқаларының деректері дәлел бола алады. Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Төрт түліктің ішінде жылқы сүті ғана осы қасиетке ие. Яғни, осы тұрғыдан келгенде, қасиетті ана сүтімен қатар киелі Қамбар ата түлігінің сүтімен ер жеткен нағыз көшпенді халық ұрпағы қазақтың осал болуға қақысы да жоқ еді. Осыдан да болар, қос уызға жарып өскен ұлттың бағзыдан жеткен бұл асты қадірлемеуі мүмкін еместей.

Шығыс ғұламасы әл-Фараби бабамыздың: «Егер ұлттың өзінің тарихи тағамы жоғалатын болса, ол ұлт ауруға ұшырайды», – деп ғибрат айтып кеткен болатын. Расында, төл тағамсыз тұтас бір халықтың өсіп-өнбейтіні, көктеп-жетілмейтіні – айдай ақиқат.

Тіпті, осы сусындық ас жайында сөз талай әдеби шығармаларда көрініс тауып, салтанаты жарасқан қонақжайлылықты, молшылықты әспеттейтіндей. Осындайда әжелеріміздің торсығын тобылғымен торсығын ыстап, күбіде күмп-күмп пісіп ашытқан сары қымызы еске түседі. Ал халқымыздың осы бір құнарлы сұйық дәмге деген көзқарасы сөз зергері Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» атты шығармасында менмұндалайтындай. Өн бойыңызды қытықтап кеп, жақ сүйегіңізді қышқылдаған тәбет қымызға құмарыңыз арта түседі. Онда: «...Тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды, аузы қобыз гуілдейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны» деп көз алдыңызға бағасы бес жүз жорғаға татитын сурет туындысын әкеледі. Сіздіңше, қымыз туралы осыдан озып не айтуға болады?!

Әйгілі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасында тарихи түйткілді, түйіншекті мәселелерді талқылау үшін жиналған абыз билердің жиі бас қосқан сәті суреттеледі. Әр жиынның өзіне лайық сән-салтанаты, құрметі болғаны айшықталады. Әрі мұндай сәттерде ту биені сойдырып, саба-саба қымыз жиятыны айтылады. Тіпті, романда аңқасы кеуіп келген жолаушының да сарығы қымызбен басылып, жан сарайы ашыла түскендей болады. Сосын да үй иесіне сүйкімді сөз, сүйекті әңгіме тарту ететіні бар. Ұлы суреткердің һәкім Абайдың заманынан мұндай көрініс қалыптастыруы бекер емес-ті. Бұл бір ұлттың ішкені мен жегенін түгендеу де емес. Бұл жазушының ұлтымыздың озық құндылығын аяққа таптағысы келген кеңестік дәуірге деген іштей наразылық еді. Текті де тарпаң көшпенді жұрағаты жадында әуелгі болмысының исі аңқып тұрғанын қалағасын болар, ұлттық сусынды тұтас шығармада әспеттей түсті. Сірә, заманының заңғар жазушысы мұны ұлт мұрасын қорқау қоғамға жұтылып кетпесін деген қажеттілікпен жеке шығармашылығында ескергені болар.

Өткен күндердің дерегіне сүйенсек, қымыз біздің ұлттық тағамымыз ғана емес, тарих топырағындағы қазақ дейтін ұлттың алып бәйтерегіне нәр беруші бұлақ көзі іспетті. Біздің эрамызға дейінгі V ғасырда Грек тарихшысы Геродот скифтердің бие сүтінен сусын ашытатынын әрі олардың сүт сақтау құпиясын ешкімге айтпайтынын жазады. Ал Түркі халықтары этнографиясын зерттеуші Л. Потапов: «Қымызды ойлап тапқан – көшпенділер, себебі нағыз көшпенді тұрмыс шыдамды да, жүріске мықты жылқы өсірумен байланысты болды. Көшпенді тұрмыста бұл жаңалыққа тап болу әсте қиын емес еді. Сауып алынған бие сүтін тері ыдысқа құйып көшіп жүргенде ыстық күнде шайқалған сүт өзінен-өзі қымызға айналған», – деп қымыздың пайда болуы туралы өзіндік пікірін жеткізеді.

ЫРЫМ-ТЫЙЫМ, САЛТ-ДӘСТҮР

Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша үлкендерін шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны «қымызмұрындық» дейді.

Әйел адамның қабілетін ең алдымен оның қымыз әзірлеуіне қарап бағалаған. Ыдыс түбінде ішілмей қалған қымызды төгіп тастау күнә болған.

Жыл сайын алғаш бие байлаған күн «Бие байлар», «Желі майлар» деген дәстүрмен мереке сияқты өткізілген. Әдетте бұл күні сүр асып, мол табақ тартылады, желінің қазығына, айғырдың жалына май жағылады.

Әлбетте, бұл жерде Потаповтың пікірімен келісуге де, келіспеуге де болады. Құптарлығы – осы бір сүттен ашытылған қышқыл сусынды көшпенділер тапты дегені болса, келіспейтін тұсымыз – тері торсықта ыстық күнде шайқалғаннан пайда болған дейтін атүсті топшылауы. Бұндай құр долбарды кез келген қой бағып жүрген малшының да айта салу мүмкіндігі бар екенін ескерсек, бір халықтың жасампаз шеберлігін бір-ақ сөйлеммен жоққа шығарғысы келетін сөзі дүдәмал тарихшыларға сенгің де келмейді. Әгәрәки, барлық жаңалықтың бір сәттік тапқырлықтан тұратынын ойға алсақ, қымыз 25 ғасыр бұрын Геродот айтқандай скифтер құпиясын жасырған арғы ата-бабаларымыздың ашқан жаңалығы екені анық.

Орыстың белгілі ғалымы В.И. Дальдің пікірін оқығанда барып, бір көкіректі кернеген мақтанды бастан кешкендей боласыз. Ол: «Қыстан жүдеп шыққан адамды әрлендіретін және қанша ішсе де тәбетін қайтармайтын қымыздың орнына жүретін сусынды ойлап таба қою, сірә, қиын шығар»,– дейді. Осы тұстағы жалғыз-ақ «қиын шығар» сөзі қазақтың ұлттық сусынының бағасын еселеп, бәсін арттырады. Анау айтқандай өз-өзінен қымызға айналған жай сүт емес екендігін растайды.

Ал бүгінде медицина ғылымының атасы атанған Грек дәрігері Гиппократ: «Олар бір жерде малдың шөбі біткенше отырады. Шөп біткен уақытта басқа жерге көшеді. Өздері пісіріп ет жейді, бие сүтін ішеді және бие сүтінен жасалған ірімшік жейді», – деп жазса, Француз саяхатшысы Вильгельм Рубринаста 1253 жылы Орталық Азияға сапар шегіп, жол-жөнекей қымыз ішкенін айтады. Әрі қымызды ашыту жолдарын, дәмін, адам организміне, оның ішінде несеп бөлуге әсер ететінін анықтап тұрып жазған.

Осы бір сусынның емдік қасиетін бәлкім білерсіз, бәлкім білмессіз. Айтар болсақ, бие сүті ең алдымен қазақтарды кеңінен жайлаған аурудың бірі болып отырған құрт ауруына ем. Қазіргі кезде қымыз бен шұбаттың өкпе ауруларын емдеуде, қан айналу жүйесіндегі қан тамырларының жұмсақтығы мен беріктігін қамтамасыз ететіні, қандағы қызыл қан түйіршіктерімен гемоглобин синтезіне әсер ететіні, ағзада жүретін зат алмасу процестерін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтетіні анықталған. Ал, саумал қымызды ем ретінде буын ауруларына ішсе тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Демек, емізулі балаға да пайдасы орасан. Ашыған қымыз шөлді басып, қантамырды қордаланған зиянды қалдықтардан тазартады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Тіпті, бүйрек пен бауырды қанықтырып, қан тамырларын тазалайды екен. Қымыз құрамында 28 түрлі микроэлементтер, көптеген дәрумендер бар. Бұл элементтер бие құнарлы жерге жайылған сайын арта түседі.

ТҮЙІН

Бүгінгі «Өлгені тіріліп, өшкені жанған» заманда бұл тақырыпты қаузауымызда да мән бар. Біз осы деректер арқылы төл тағамымыздың қадіріне жете түскенімізбен қоса, ең маңыздысы – тарихымыздың тым тереңде жатқанына тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Шын мәнінде ұлы дала ұрпағы екеніңді ет жүрегіңмен сезінесің. Сосын да болар, «қымыз» десе қолға қыран алып, астыңа тұлпар мініп, таз жүгіртіп аңқасы кеуіп келген саятшыдай елеңдейтінің.

Д. ӘМІР.

Бейсенбі - Четверг, 23 мамыр

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Концерт
06.35 «Элвин мен Алақоржындар»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00AQPARAT
10.00«Дала ойындары»
10.15 «Пороро және оның достары»
10.40, 19.00 Т/х«Қайран күндер»
11.40 «Qyzyq eken…»
12.35 «SERPIN»
13.00, 17.00, 20.00, 30.00AQPARAT
13.10 Т/х «Қызыл алма»
14.10 «Көңілашар»
15.00, 21.40 Т/х «Гүлпері»
16.00 «SHANYRAQ»
17.15«QYZYQ EKEN»
18.05, 04.20 «KONYL TOLQYNY»
20.40 «QAREKET»
22.40 «TUNGI STUDIO»
23.30 «Сәлем, Қазақстан!»
01.05Т/х «Достар»
01.35 «SERPIN»
02.05 Т/х «Қалампыр»
02.50 Т/х «Саған сенемін»
03.40«TUNGI STUDIO»

ХАБАР
06.00 «Тамаша»
07.00М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/с «Бақытыма сенемін»
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»
11.10, 22.20 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Білу маңызды»
12.40 «Балаларға өмір сыйла»
12.50 Art Global
13.10 Т/с «Атлантида»
15.00, 01.00 «Кім мықты»
16.10, 21.30 Т/х «Ғашық жүрек»
17.00 «Мектеп»
17.30, 00.30 «Sana»
18.00 «Народный контроль»
18.15«Қарақатпен шай»
20.00, 00.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Журналистік зерттеу»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
23.10 «Ұлы дала өркениеті»

АСТАНА
06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар
06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулары
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.50 Т/с «Истребители. Последний бой»
13.00 Т/с «Черный цветок»
14.00Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Moneytime»
14.40 «ТенгеманияNEXT»
15.00 «Тракторшының махаббаты»
16.00 «Келіндер жобасы»
17.20 «Ән мен әзіл»
18.00 Т/х «Қыз ғұмыры»
19.00 «№309 түрік телехикаясы»
00.00 «Келіндер жобасы»
01.00 Т/х «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Той базар»
06.40, 04.10«Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00Т/с «Доктор Анна»
12.00 «Қалаулым»
15.00 Т/с «Анна Герман»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 03.10 «Бір сұрақ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 Т/с «Братаны»
22.00, 02.25«П@УТИНА»
23.00 Т/с «Братаны»
00.30 «Дом у последнего фонаря»
01.35 «Мужское/ Женское»

КТК
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30Т/с «Лесник»
12.30 Х/ф «Впереди день»
14.45Х/ф «Письма на стекле. Судьба»
16.40 Т/с «Өгей ана»
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Т/с «Лесник»
23.40 Х/ф «Впереди день»
02.30 Т/с «Махаббат пен жаза»
03.35 «Астарлы ақиқат»
04.20 «Әйел қырық шырақты-2»
05.10 «Көрікпел»
06.00-06.30 «КТК» қоржынынан»

ЖЕТІСУ
07. 05 Ән әлемі.
07.30«Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Парасат
10.30 Ұлт пен рух
11.00 Телесериал «Ақ күн»
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Арнайы репортаж
13.25 Құтты қонақ
14.10 Концерт «Бақыттымын»
16.20 Д.ф. «Хроники чрезвычайных происшествий».
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Қабанбай батыр»
18.00 Шашу
19.00 Тұжырым
19.30 Зерделі отбасы
20.10 Экорейд
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тастүлек
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ
05.40, 06.00, 13.00 Т/с «Жігіттер»
07.00, 20.00 «Информбюро»
08.00 Кино. «Параграф 78»
10.00 М/ф «Маша и медведь»
10.30, 23.00 «Әзілдер жинағы»
11.10, 21.00 Т/с «Жарығым-ай»
15.00 М/с «Аладдин»
15.30 Т/с «Воронины»
18.00 Т/с «Ольга»
23.30 Кино. «Параграф 78»
01.00 «Келіндер байгесі»
01.50 Ризамын
03.30 Әзіл студио
04.30 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ
06.00 «Қыздарарасында»
07.00Т/х «Бастық боламын»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 21.40 Т/с «Следователь Протасов»
11.15, 01.20 «Смеяться разрешается»
13.25 Т/с «Племяшка»
14.30 Т/с «Гу-гулет»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Т/с «Полет бабочки»
17.45, 23.40Т/с «Спецотряд кобра 11»
18.50 Т/х «Әкесінің баласы»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Тақиялы періште»
00.50 The Эфир
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 24 мамыр

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Концерт
06.35 М/ф «Элвин мен алақоржындар»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 М/ф «Дала ойындары»
10.15 М/ф «Пороро және оның достары»
10.40, 19.00 Т/Х «Қайран күндер»
11.40, 17.15 «Қызық екен»
12.35, 02.30 Арнайы жоба
13.00,17.00,20.00,00.55 AQPARAT
13.10 Т/Х «Қызыл алма»
14.10 «Көңілашар»
15.00, 21.40 Т/Х «Гүлпері»
16.00 «Шипагер»
18.05, 04.05 «Көңіл толқыны»
20.40 «QAREKET»
22.40 «Сәлем Қазақстан»
00.15, 03.35«Parasat maidany»
01.30 Д/Ф «Тұлға»
02.00 Т/х. «Достар»
02.30 «Арнайы жоба»
02.50 Т/Х «Қалампыр»

ХАБАР
06.00Тамаша
07.00 М/с. «Тобот»
07.30,08.10,09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 18.35 Т/х. «Бақытыма сенемін»
10.30, 19.30 Т/х. «Шашу»
11.10 Сериал «На крыльях любви»
12.10 «Сені іздедім»
13.10 Сериал «Атлантида»
15.00«Тарих. Тағдыр. Тұлға»
15.50Т/х. «Ғашық жүрек»
16.40 Д/ф. «Тағдыр тартысы»
17.10 «Бабалар ізімен»
17.30 Религия. Сегодня
18.00 Біздің назарда
18.15 «Менің арманым»
20.00,00.50Қорытынды жаңалықтар
20.30«Бетпе-бет»
21.00 Итоги дня
21.30 Х/ф. « Счастливое число Слевина»
23.20 Khabar boxing
01.20 «Әсем әуен»

АСТАНА
06.00,20.00,03.00 Жаңалықтар
06.30,20.30,03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу жаттығулар
07.10,21.00 Т/х. «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20М/ф. «Маша и медведь»
09.50, 22.00 «Абысындар» т/х
11.50 Сериал «Черный цветок»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Ел аузында»
15.00 Т/Х «Тракторшының махаббаты»
16.00, 00.00 «Келіндер жобасы»
17.20 «Ән мен әзіл»
18.00 Т/х «Қыз ғұмыры»
19.00 Т/х. «№309»
01.00Т/х. «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ
06.00 Той базар
06.45, 18.00Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 Доброе утро
11.00 Сериал «Доктор Анна »
12.00 Қалаулым
15.00Х/ф. «Анна Герман»
16.50 «Жди меня» Казахстан»
18.45, 02.45«Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
21.50,00.00 Сериал «Расплата»
23.00,02.00 Паутина
01.10 Вечерний Ургант
03.45 Ән дария

КТК
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қайсар жесір» Т/х
08.30Т/х. «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30 Х/ф. «Лесник»
12.30 Х/ф. «Впереди день»
14.45 х/ф «Письма на стекле »
16.40, 01.30 Т/х. «Өгей ана»
18.00, 02.30 Т/х. «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.35 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф. «Сердце следователя»
04.20 «Әйел қырық шырақты-2»
05.10 «Көріпкел»
06.00, 06.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ
07.05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Экорейд
10.30 Тұжырым
11.00 Телесериал «Ақ күн»
11.45 Нетлайк
12.00 Шашу
13.00 Зерделі отбасы
13.40 Тастүлек
14.00 Концерт «Моншақтым»
16.00 Д.ф. «Исцеляющая сила природы»
16.30 Программа «Біліп қой балақай».
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Мультфильм
18.00 Шашу
19.00 Диолог. Прямой эфир
19.30 Болмыс
20.15 Экономика
20.30 Жаңалықтар
21.00 Ел мен жер
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күн»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ
05.40, 06.00,13.00Т/х. «Жігіттер»
05.58 ҚР Әнұраны
07.00,20.00Информбюро
08.00 Кино «Параграф 78-2»
10.00 «Маша и медведь»
10.30,23.00 «Әзілдер жинағы»
11.00,21.00 Т/х. «Жарығым-ай»
15.00 М/с. «Алладин»
15.30 Сериал «Воронины»
18.00 Сериал «Ольга»
23.30 Кино «Васаби»
01.00 «Келіндер байгесі»
01.50 Ризамын
03.30 Әзіл студио
04.30 «Алдараспан, Нысана, Шаншар»

7 КАНАЛ
06.00 «Қыздар арасында»
07.00 Т/х. «Бастық боламын»
08.00,20.00,03.00 Т/х. «Элиф»
09.00 Сериал «Следователь Протасов»
11.15 «Смеяться разрешается»
13.25 Сериал «Племяшка»
14.30 «Шап Шаншар»
16.40 Сериал «Полет бабочки»
17.45 Сериял «Спецотряд Кобра 11»
18.40 Т/Х «Әкесінің баласы»
21.00 Лоторея «777»
21.05,04.30Гу-гулет
21.40 Х/ф «Она»
23.10 Х/ф «Блондинка в законе»
01.10 Х/ф «Блондинка в законе 2»
03.45Қуырдақ
05.00 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 25 мамыр

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Көңіл толқыны»
07.30 Т/х. «Айналайын»
08.50«Сәлем Қазақстан»
10.00, 04.00 «Dara jol»
11.00 М/х «Дала ойындары»
11.10 Т/х «А 4»
11.55«Алашұлы» тобының ән кеші
13.55 «Әзіл әлемі»
15.55 М/ф «Перизаттар: жоғалған қазына»
17.10 К/ф «Шабдалы»
19.00,02.40 «MASELE»
19.40 Д/ф «Тұлға»
20.00, 03.12 «MINBER»
21.00 «QAIYRLY KESH QAZAQSTAN»
22.35«Jaidarman» үздік әзілдер
00.20 Кино «Зорро бетпердесі»

ХАБАР
06.00, 01.15 Ұят болмасын
06.45А. Керімбекованың «Күзгі әуен» концерті
09.00 Өзін өзі тану
09.10«Я – чемпион»
09.45 М/с. «Юху и его друзья»
10.00 Сказка «Поющее дерево»
11.00National Geographic ұсынады «Марс»
11.45 «Тайны. Судьбы. Имена»
12.30Д/ф. «Бір туынды тарихы»
13.00 Т/х.«Сені іздедім»
13.45 «Кел, шырқайық»
15.30 Х/ф. «Счастливое число Слевина»
17.15Т/х. «Шашу»
19.15 «Қызық таймс»
20.15 «Миллион кімге бұйырады?»
21.00 Жеті күн
22.00 Х/ф. «Пазманский дьявол»
00.00 Сериал «Вишневый сезон»
00.45 «Әсем әуен»

АСТАНА
06.00, 01.40KazNet ғаламторға шолу
06.30, 21.00 Т/х. «Таңдауым сен»
07.30 М/ф. «Алдар көсе»
08.00, 12.30М/ф. «Маша и медведь»
09.30,12.00Money Time
09.45,12.14 ТенгеманияNext
10.00,22.00 Т/х. «Абысындар»
13.20 М/ф. «Айхай-25» Т. Төреәлінің концерті
15.40Х/ф «Той любой ценой»
17.40 «Тәтті шайға шақырады Нұрдәулет»
19.00 Ел аузында
20.00Біздің уақыт
20.45Д/ф «Ғажайып Қазақстан»
23.00 Кино «Махаббатым менің»
02.10 «Күлдірген» әзіл-сықақ

ЕВРАЗИЯ
06.00Т/х «Волчий зал»
07.00,03.50Тамаша сити
07.50 Басты жаңалықтар
08.40 Ұшқалақ
08.50 Х/ф «Первый раз прощается»
12.35«Фабрика грез»
13.00,22.00,02.05Паутина+
13.40 Премьера. «Три аккорда»
16.00 Х/ф. «Семейное счастье»
18.00 Басты бағдарлама
18.45,02.50Кешкі кездесу
20.00 «Главные новости»
20.30, 23.00 Сериал «Я буду жить»
00.10Х/ф. «Ангелы Чарли: Полный вперед»

КТК
07.05, 02.00Т/х «Үлкен үй-1»
08.30, 03.10«Біздің концерт»
09.30, 01.30Х/ф «Юрмала»
11.00 Х/ф «Сердце следователя»
15.00 Х/ф «Срок давности»
18.50 «Өз елім» «МУЗАРТ» тобының ән-шашуы
21.00 Большие новости
22.00 Х/ф. «Радуга в поднебесье»
04.10 «Мерекелік концерт»
05.00-06.00 КТК қоржынынан

ЖЕТІСУ
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Экономика
10.30 Диолог.
11.00 Телесериал «Ақ күн»
11.45 Мультфильм
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Болмыс
13.50 Ел мен жер
14.15 Концерт «Тамшылар»
16.00 Цикл «Правила жизни».
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «М.Әуезов»
18.00 Зерде
18.50 Мультфильм
19.00 Медкеңес
19.20 Құтқару қызметі
19.40 Полиция қызметі
20.00 Ауылдағы ағайын
20.30 Жаңалықтар
21.00 Бағдан
21.30 Новости
22.00 Зерделі отбасы
22.40 Әлем халқы мен елі.
23.00 Жаңалықтар
23.25 Новости
23.50 Ән әлемі

31 КАНАЛ
06.00, 00.00 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері
07.00Кино «Құнанбай»
09.00 М/с. «Маша и медведь»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Готовим с Адель
10.30 Кино «Васаби»
12.30 «Шаншар, Өнер қырандары» күнделіктері
15.00 Сериал «Ольга»
21.00 Фильм-концерт
23.00 Айта берсін
02.30, 05.00 Ризамын
03.30 Әзіл студио

7 КАНАЛ
06.00,03.00Т/х. «Детектив ханым»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 Х/ф «Агент Коди Бэнкс»
11.00 Сериал «Племяшка»
15.00 Т/х «Әкесінің баласы»
17.45 Х/ф «Шпион көрші»
19.30 Премьера. «Япыр-ай»
20.00 «Теле Бинго»
20.40Скетчком «Q –елі»
21.00 Лоторея «777»
21.05 Х/ф. «Блондинка в законе»
23.10 Х/ф. «Блондинка в законе-2: Красное, Белое и Блондинка»
01.00 Гадалка
05.00 Жеңіп көр!

Жексенбі - Воскресенье, 26 мамыр

ҚАЗАҚСТАН
06.05 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
07.55, 04.30Т\х «Айналайын»
08.35, 00.50 «Ақсауыт»
09.00«Ұлы дала сазы»
10.15 М\ф
11.00Т\х «А4»
11.45 К\ф «Шабдалы»
143.35 Концерт
14.50 «Көңілашар»
16.25 Комедия «Жалға алынған құдалар»
18.20, 01.10 «Беу» Ток-шоу
20.00, 02.35 Апта
21.00 КТА
22.35 Концерт
03.35 Көңіл толқыны

ХАБАР
06.00«Ұят болмасын»
06.30Концерт
08.30 Самопознание
08.45, 09.00М/с
10.30 «Сделано из вторсырья»
11.00«Тарих. Тағдыр. Тұлға»
11.45«Қызық таймс»
12.45 «Қарақатпен шай»
13.30«Миллион кімгебұйырады?»
14.20 Х\ф «Пазманский дьявол»
16.20 Т/х«Ғашық жүрек»
19.20«Кел, шырқайық»
21.00 «Жеті күн»
22.00 Большая неделя
23.00 Кино«Робот и Фрэнк»
00.35 Сериал «Март»
01.20 Концерт

АСТАНА
06.00«Казнет»
06.30, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
07.30,08.00 , 11.40 М\ф
09.30, 11.00«Монеу тайм»
09.45, 11.20 «Тенгемания»
10.00, 22.00 «Абысындар»
13.00 Т. Қабатов. Концерт
15.00 «Өкініш» К\ф
17.00 Концерт
19.00 «Ел аузында»
20.00 «Избранное за неделю»
20.45Д\ф
23.00 Х\ф «Дивергент»
01.50Ән мен әзіл

ЕВРАЗИЯ
06.00Т\х«Терра нова»
06.50, 02.00Тамаша сити
07.40 «Басты бағдарлама»
08.30«Ұшқалақ»
08.40«Воскресеные беседы»
08.50Х\ф «Я буду жить»
12.35, 03.45 «Контент»
13.15 «Лучше всех»
14.15 Х\ф «Право последней ночи»
16.00 Сериал «Вкус счастья»
20.00 «Аналитика»
20.55, 01.30 «Паутина +»
21.30Т\х «Махаббатым жүрегімде»
23.00 Х\ф«Училка»

КТК
07.05«Өз елім»
08.20 Басты рөльде
09.30 «Юрмала»
11.45Х/ф «Радуга в поднебесье»
15.40Х\ф «Невозможная женщина»
19.30«Дау дамайсыз»
20.00 «Аптап»
21.00 Портрет недели
22.00 Слуги народа
22.30 «Ты мой свет» мелодрама
00.30 Я стесняюсь своего тела
01.50К\ф «Жеті әлем»
03.10 Мерекелік концерт
05.00 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Мультфильм
10.30 Құтқару қызметі
10.50 Ән әлемі
11.00 Ауылдағы ағайын
11.25 Медкеңес
11.50 Мультфильм
12.00 Бағбан
12.25 Балдаурен
13.00 Концерт «Жұлдызың жансын жас дос»
13.55 Білек пен жүрек
14.35 Д/ф «Ерен ерлер мұрасы»
15.00 Концерт «Өнерім менің өмірім»
16.15 Ел мен жер
16.40 Тұржорық
17.00 Арнайы репортаж
17.30 Ұлт пен рух
18.00 Зерде жаңасы
18.50 Ән әлемі
19.00 Спорт тайм
19.30 Балдаурен
20.15 Полицейская служба
20.30 Апта (қаз)
21.30 Апта (рус)
22.20 К/ф «Гаухартас»
23.45 Д/ф «Ғарыш»

31 КАНАЛ
06.00, 00.00 Алдараспан. Нысана. Шаншар.
07.10 Кино «Сардар»
09.00, 10.00М/ф
11.30Айта берсін
12.30 «Шаншар»
15.00 Сериал «Ольга»
21.00 Фильм концерт
23.00 «Әзілдержинағы»
02.30, 05.00 Ризамын
03.30 Әзіл студио

7 КАНАЛ
06.00\ 03.00 Т\х «Детектив ханым»
08.30«Айнаонлайн»
09.00«Агент Коди Бэнкс-2: Пункт назначения - Лондон»
11.00 Сериал «Раненое сердце»
15.00 «Шап, шаншар»
16.50 «Бастық боламын-2»
20.30«Гу-гулет»
21.00 «Лотерея 777 »
21.00Х\ф «Преступник»
23.30Х\ф «Девушка с татуировкой»
05.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАҢЫЗЫ ЗОР МЕРЕКЕ

Ұрпақтар ұмытпайтын – ҰЛЫ ЖЕҢІС

Тарихымыздағы ең елеулі күндердің бірі 9 мамыр – Жеңіс күні жақындап келеді. Жеңіс күні кешегінің де, бүгінгінің де болашақ үшін де маңызы зор Ұлы мереке. Бейбітшіліктің мәңгі жасампаздығын, ақтық демі қалғанша Отанын қорғаған жауынгерлердің айбыны, тылдағы жұмысшылардың ерен еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі. Бұл күн – абыройымыз бен даңқымыз артқан күн. Ата-бабамыздың табандылығы мен ерлігі, Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасында сұрапыл соғыстың нәтижесі Жеңіспен аяқталған күн.

Отан үшін отқа күйген ата-бабамыздың ерлігін ұлықтау ендігі біздің еншімізде. Атаулы күннің мәнін, қасиетін жоғалтпай келесі ұрпаққа жеткізу де бүгінгі жастардың үлкен міндеті.

Осы орайда С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы және Абай атындағы №1 орта мектеп гимназиясының ұйымдастыруымен «Ұрпақтар ұмытпайтын – Ұлы Жеңіс» атты тарихи-танымдық кеш өтті.

Шара барысында «Зұлмат жылдар жаңғырығы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалынды. Ұлы Отан соғысы майдангерлерінің ерлігін насихаттайтын «Ер есімі – ел есінде» тақырыбында бейнесюжет көрсетіліп, жұртшылық назарына ұсынылды.

Абай атындағы №1 орта мектеп гимназиясының оқушылары «Әлия», «Сарбаздар әні» сынды патриоттық әндерді шырқап, жиылған қауымды әсем сазына бөледі. Көрермен назарына ұсынылған қасіретті жылдарды суреттейтін көрініс талайының көзіне жас алдырып, әсерлендірді.

Шара соңында қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелеріне гүл шоқтары мен сыйлықтар табысталды. Өз кезегінде, Талдықорған ардагерлер кеңесінің мүшесі Шәкірт Әбдікәрімұлы: «Ұлы жеңіске – 74 жыл! Қазақстанда мереке жетерлік. Бірақ, сол мереке-мейрамдардың ішіндегі адам баласының жүрегіне ең қымбаттысы, ең қастерлісі Жеңіс мейрамы болса керек. Себебі, 1418 күнге созылған екінші дүниежүзілік соғыс әлем тарихындағы ең сұрапыл, ең ауыр, ең қасіретті соғыс болды.

Бұл соғыс 20 миллиондай адамның өмірін қиды. Статистикаға жүгінсек, елімізден майданға 1 млн 400 мыңға жуық адам аттанған. Сұм соғыста 600 мыңға жуық отандасымыз опат болды. Бірі әкесін, бірі атасын, бірі жарын, бірі ұлын осы сұрапыл соғыста жоғалтты. Ал көзі тірі ардагерлер замандастарын, қаруластарын еске алады.

Әрине өткен күн тарих болып қалары анық. Бірақ соғыс зардабы ешқашан ұмытылмайды, оның жаңғырығы өшпейді. Батыр жауынгерлердің ерлігі ел есінде қала бермек. Ардагерін құрметтеген ұрпақтың ендігі тілегі – аспанымыз ашық болып, төрткүл дүние кеңістігінде соғыссыз әлем орнасын. Адамзат енді соғыс көрмесін!» – деп қорытындылады.

Шараға қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, білім беру ошақтарының оқушылары мен ұстаздары, студенттер, кітапхана қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Мөлдір ҚУАНДЫҚ,
С. Сейфулллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының баспасөз хатшысы.

ТАҒЗЫМ

ҰЛЫ ЖЕҢІС – ЕРЛІК МҰРАТЫ

Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалында Ұлы Жеңіскүніне орай ұйымдастырылған «Ұлы Жеңіс – ерлік мұраты» атты тарихи сағат өтті. Шараға Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалының кітапханашылары, №21 орта мектептің 8 «а» сынып оқушылары қатысты. Шараны Өтенай ауылдық №21орта мектептің оқушылары жүргізді.

Оқушыларға 1941 – 1945 жылдар аралығында болған Ұлы Отан соғысы және сол соғыстың тарихи маңыздылығы туралы мағлұмат беру; елі мен жері үшін ерлік көрсеткен ата-бабаларымызға тағзым ету арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу; өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған шара Даңқ обелискісіне гүл шоғын қойып, соғыс құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске алумен басталды.

Шарадан оқушылар соғыс ардагерлері Б. Момышұлы, Т. Бегилдинов, Т. Тоқтаров, Т. Қайсенов т.б. батырларымыз туралы көптеген мағлұматтар алды. Жиын барысында ХХ ғасырдағы ең бір қанды қасірет болған соғысқа әлем халықтарының 80 пайызы қатысқаны айтылды. Сондай-ақ, майдан баталиясына 61 мемлекет тартылып, 40 елдің жерін соғыс өрті шарпығандығы, 100 миллион адам қолына қару алып шайқасқа түскендері туралы баяндалды. Оқушылар Ұлы Жеңіс мерекесіне арнаған өлең шумақтарын көпшілікке тарту етті.

Төрт жыл бойғы қанды қырғыннан кейін, қырық бестің көктемінде дүние жүзі халқы бостандық алып, халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Ерлік пен еңбек жеңіп шықты. «Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмыт қалған жоқ». Осы шара да соның дәлелі болмақ.

А. НҰРСАҒАТОВА,
Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалының кітапханашысы.

САҒЫНЫШ

ҰРПАҚ ЛЕБІЗІ



1915 жылы туған әкеміз Рахимов Бұхарбекті Совет Одағының фашистік Германиямен соғысында жеңіске жеткеніне 74 жыл толған күнінде еске алсақ дейміз.

Рахимов Бұхарбек – Қапал педагогикалық училищесінің түлегі әрі Еркін мектебінің негізін қалаған азаматтардың бірі. Ол кезінде ашаршылықты, жоқшылықты, соғысты, қиын кездерді басынан кешті. 1939 жылы Фин соғысына 24 жасында кетіп, Берлиннен 5 жылдан кейін бір көзінен айрылып қайтып оралып, Еркін мектебінде 1972 жылға дейін жұмыс істеді. Данышпан Абай: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуге балаға» – дегендей, соғыстан кейін езі жаралы болса да бойындағы күшін, жігерін, білімін, барлық жақсы қасиеттерін өзінің оқушыларына, ел-жұртына арнады. Талай шәкірттер тәрбиелеп, білім берді.

Әкеміз бен анамыз бақытты отбасы болып, соғысқа дейін екі бала, соғыстан кейін үш бала сүйді. Бізге жоғарғы білім берді. Қазіргі ұрпақтары үбірлі-шүбірлі, 5 баладан 17 немере, 35 шөбере бар.

Тоқсан ауыз сөзіміздің тобықтай түйіні: әкеміз Рахимов Бұхарбек мәңгіге жүрегімізде, ұмытылмақ емес. Жатқан жері жұмсақ болып, иман байлығын берсін дейміз.

Балалары.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙЛЕР КҮНІ

Жетісу жауһарлары

Бұл атаулы күн Халықаралық музейлер кеңесінің Мәскеу мен Ленинградта өткен конференциядағы ұсыныстары негізінде 1978 жылдан бері аталып өтіліп келеді. 1997 жылы тұңғыш рет «Музей түні» шарасы Берлин қаласында өткізілген. Шараның мақсаты – көрермені музейлерге тарту, жастар арасында мәдениетті насихаттау болды. Музей күнін әлемнің 150-ден астам мемлекеті мереке ретінде атап өтіп, барлық музейлерде «Музей түні» шарасы өткізіледі.

Музей ісі – ғылымның, білім беру ісінің маңызды бір саласы. Музейлер материалдық және рухани мәдениеттің негізгі сақтаушысы бола отырып, халықтың тарихи-мәдени мұрасын сақтауда айтарлықтай үлес қосуда. Бүгінгі таңда елімізде тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау саласында мемлекеттік саясатты белсенді таратушысы болып түрлі бағытта 250-ге жуық, соның ішінде Алматы облысы бойынша 24 музей, 1 орталық, 2 галерея жұмыс істеуде. Қазақстандағы алғашқы музейлік бастаманы 1828 жылы Жәңгір хан көтерген. Сол жылы өз ордасында музейлік көрме залын ашты. Кейіннен 1831 жылы 1 сәуірде Орынборда, 1883 жылы Семейде, 1898 жылы Верныйда, 1859 жылы Оралда музейлер ашыла бастады.

Алматы облысы бойынша 1946 жылы ашылған Ж. Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейін де алғашқы музейлердің бірі деп айтуға болады. Ал 1974 жылы қазіргі М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізі қалана бастады.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа



бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» бөлімінде көрсетілгендей, бұл бағдарлама білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Бұл ретте өлкетану жұмыстарын жүргізу бағытында музейдің өз міндеттері бар. Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы.

Қазіргі кезде қоғамда рухани жұтаңдық айқын сезілуде. Туризм, соның ішінде мәдени туризм, осы жұтаңдықтың орнын толтыруға көмектеседі және бұл жерде музейлердің рөлі басым болмақ. Осыған байланысты бүгінгі таңда қоғамды рухани байыту үшін мәдени туризмді дамыту өте қажет. Мәдени туризм – бұл барған жердің мәдени ортасымен, ландшафтымен, тұрғындардың салт-дәстүрімен, көркем мәдениетімен және өнерімен, түрлі нысандарымен танысып, бос уақытын тиімді өткізуді көздейтін туризмнің бір түрі. Мәдени туризм мәдени іс-шаралар, музейлер, тарихи-мәдени мұра нысандарына бару, жергілікті халықпен кездесуді қамтиды.

Елбасы Н. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазанында Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында: «Өз жеріңді танып біл» жаңа бастамасын көтерген болатын. Аталмыш жолдау аясында алдағы уақытта М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Жетісу жауһарлары» атты жобаны іске асыру мақсатында 10 бағытта туристік саяхат жүргізіледі.

Жобаның бірінші бағыты мүмкіндігі шектеулі немесе ата-ана қамқорынсыз қалған балалардың өмірден шеттеп қалмауы үшін қайырымдылық шарасы ретінде қолға алынып отыр. Осыған орай Талдықорған – Қапал бағыты бойынша арнайы туристік саяхаты Алматы облыстық «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне 29 мамыр күніне жоспарлануда.

Бауыржан ҚҰРБАН,
М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Ежегодно с приходом весны на территории «Жонгар – Алатауского» ГНПП невзрачные степи и горы начинают преображаться, становясь цветным ковром из диких тюльпанов. Тюльпаны радуют нас своим цветением всего около недели, восхитительное зрелище цветения тюльпанов можно увидеть с конца апреля до конца мая.

ТЮЛЬПАНЫ - ГОРДОСТЬ И ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

На сегодняшний день в Казахстане насчитывается 36 видов тюльпанов, различающихся по размеру растения, форме и окраске цветка, другим морфологическими праздникам 18 видов тюльпанов включены в Красную книгу Казахстана, как редкие и находящиеся под угрозой исчезновения. Большинство тюльпанов растет одиночно каждый вид имеет свою определенную границу естественного распространения. Тюльпан – род многолетних луковичных растений семейства линейные. Название произошло от персидского слова «toliban» - тюбан и дано это название цветку за сходство его бутонов с восточным головным убором напоминавшим галму. Известен с конца 16 века. У большинства людей название этого цветка вызывает стойкую ассоциацию с Голандией которую многие называют родиной тюльпанов. Однако на самом деле Колыбель тюльпанов – Средняя Азия. На территории РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП каждую весну расцветают тюльпаны, украшая своей красотой каменистую почву на склонах гор.

Тюльпан Поникающий цветки одинарные, довольно мелкие. Тюльпан короткотычиночный – ярко – желтого цвета на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП он находится под охраной Государственных инспекторов. Правительство Казахстана ужесточило наказание за уничтожение тюльпанов. Статья 339 Уголовного кодекса РК штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере и даже ограничением свободы сроком до трех лет .

Ежегодно на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП сотрудниками проводятся мероприятия, посвященные этому великолепному цветку. Проводятся также и круглые столы с целью защиты тюльпанов, фестивали, выставки и другие мероприятия.

Всего лишь миг цветок в степи и вечно согревает наши сердца. Нужно только сохранить этот бесценный дар природы, чтобы никогда не угасал пылающий огонь тюльпана приносящий нам счастье.

КУАНЫШБАЕВ Б.М.
Гос.инспектор Лепсинского ИУ Лепсинский филиал РГУ « Жонгар – Алатауский»ГНПП

ПОДПИСАЛИ МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

Как сообщили в пресс-службе Алматинской областной палаты предпринимателей, Меморандум о взаимодействии заключен между Казахским национальным аграрным университетом (КазНАУ), Региональной палатой предпринимателей (РПП), акиматом Енбекшиказахского района и сельхозтоваропроизводителями района в ходе совещания по научно-консультационному сопровождению сельскохозяйственных товаропроизводителей, в котором приняли участие депутат Мажилиса Парламента РК, Член Комитета по международным делам, обороне и безопасности ЗагипаБалиева, директор РПП Нариман Абильшаиков, ректор КазНАУТлектесЕсполов, акима района Бинали Ыскак, а также ученые университета и предприниматели. Стороны намерены взаимодействовать и реализовывать совместные проекты в области научного, инновационного развития и подготовки кадров. Совещание экспертов состоялось на базе Каракемирского профессионального колледжа Енбекшиказахском районе.

Депутат Мажилиса Парламента РК Загипа Балиева, отметив важность сотрудничества бизнеса и науки, предложила провести совместный республиканский форум сельскохозяйственных производителей, который стал бы диалоговой площадкой для обмена мнениями и принятия совместных мер по решению проблемных вопросов. В ходе встречи руководители крестьянских хозяйств и ученые учебных заведений и НИИ затронули проблемы интеграции производства и научных открытий, вопросы внедрения инноваций в агропромышленный комплекс (АПК), повышения компетенций хозяйств и рабочего персонала.

Глава областной Палаты предпринимателей Нариман Абильшаиков отметил, в Центрах обслуживания предпринимателей «Атамекен» оказывает все необходимые консалтинговые услуги для бизнеса. В 2016-2017 годах Центром агрокомпетенций НПП РК «Атамекен» на базе ведущих хозяйств были организованы семинары для аграриев, где отечественные и зарубежные эксперты проводили обучение и делились лучшей мировой практикой в сфере АПК. Как отметил ректор КазНАУ Тлектес Есполов, при университете действует единственная в Казахстане Высшая школа фермеров, которая будет содействовать в оказании информационно-консультативных, маркетинговых, правовых и консалтинговых услуг фермерам и сельскохозяйственным предприятиям. Также в ближайшее время КазНАУ планирует взять в доверительное управление Каракемирский профессиональный колледж.

Достигнута договоренность о сопровождении ВУЗом поиска, привлечения и трансферта лучших международных практик и технологий в аграрный сектор Енбекшиказахского района и включении их в Дорожную карту дуального обучения по рабочим профессиям.

Ш. ХАМИТОВ.

ОХОТА НА ТЕРРИТОРИИ ООПТ ЗАПРЕЩЕНА

Охрана природы, охрана окружающей природной среды – комплексная система мероприятий, направленных на сохранение, рациональное использование в воспроизводство природных ресурсов, в т.ч. на сбережение видового многообразия – (генофонда) флоры и фауны Земли, ее недр, водных ресурсов, атмосферного воздуха в следовательно, на сохранение природных условий развития человеческого общества.

Некоторые животные находятся под угрозой полного исчезновения. Это происходит потому, что человек охотится на них или разрушает места их обитания. Для сохранения природных комплексов, животных в том числе, и создаются особо охраняемые природные территории (ООПТ.)

Территория РГУ «Жонгар-Алатауский» ГНПП составляет площадь 90928 га. Три филиала при данном парке, это Саркандский, Алакольский и Лепсинский. В Лепсинском филиале имеется три инспекторских участка Черновский ИУ, Лепсинский ИУ, Жаланашский ИУ в которых трудятся не покладая рук круглосуточно государственные инспектора в количестве 21 человека. Государственные инспектора занимаются в первую очередь охраной леса и животного мира, мониторингом растений и животных. Обходы гос инспекторов поделены на зональности такие как; заповедная зона, зона экологической стабилизации, зона ограниченной хозяйственной деятельности, туристско-рекреационная зона. В каждой из этих зон распространяется свой режим особой охраны, запрещающий все виды хозяйственной деятельности. Хозяйственная деятельность разрешена только в зоне ограниченной хозяйственной деятельности, где распространяется регулируемый режим охраны, который разрешает любительскую спортивную охоту, но охота на территории Лепсинского филиала строго запрещена. На данный момент ведется усиленная охрана благородного оленя (марала) во время пантообразования. Рейдовые группы в составе специалистов, сотрудников полиции, служащих пограничной заставы и государственных инспекторов ведут охрану не посредственно на местах обитания животных , с целью не допущения нарушений в области природоохранного законодательства. Штраф за незаконную охоту предусматривает статья 337 – незаконная охота Уголовного кодекса РК.

Животные – это наше общее достояние, которых мы обязаны беречь.

ДЖАНБАЕВ А. Н.
Охотовед-биолог.
Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

ОХРАНА БЛАГОРОДНОГО ОЛЕНЯ (МАРАЛА) ПРИ ПАНТООБРАЗОВАНИИ

Богата и неповторима природа Лепсинского края, считающаяся одной из самых экологически чистых в Казахстане. Среди гор, покрытых лесными массивами, прозрачно-хрустальных озёр и стремительных горных рек, на альпийских лугах обитают знаменитые благородные олени. Благородный олень-животное Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП, одно из самых удивительных созданий природы. Кровь и рога этого великолепного представителя копытных издавна использовалась человеком для лечения. Его уникальные свойства не повторяются больше ни в одном живом существе, за что и ценятся во всем мире. Марал - животное, которое является не просто действующим лицом различных мифов и преданий, но и предметом торговли. Для этого и ведется охрана благородного оленя от браконьерства, чтобы не наживались люди на этом прекрасном животном. Сейчас наступила пора когда, маралы возвращаются с мест зимовок без рогов, у которых начинают расти новые рога (панты). Панты – рога оленей в период их ежегодного роста, имеют трубчатую структуру, наполненную кровью, покрыты тонкой бархатистой кожей с короткой мягкой шерстью. Благородные олени - единственное семейство млекопитающих, ежегодно отращивающих и сбрасывающих массивный орган- рога. Издавна люди применяли концентрат из пантов маралов, как народное средство долголетия, лечащее от многих заболеваний.

На территории Лепсинского филиала гос. инспекторами и специалистами проводится охрана и ряд биотехнических мероприятий, в поддержку данных животных и многих других, которые обитают на нашей территории. Самой действенной мерой является постоянная охрана животных везде, где еще остались эти особи. Кроме того, наказания жестокие за добычу этих копытных.Постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 сентября 2001 года №1140 «Размеры возмещения вреда, причиненного нарушением законодательства об охране, воспроизводстве и использовании животного мира», за уничтожение одного благородного оленя 200 МРП (в данный момент 1мрп составляет 2525тг)

В наше время подобные мероприятия ведутся, для того, чтобы в скором времени мы не смогли полностью потерять это потрясающее животное.

БАБЕНКО А. Г.
Гос.инспектор Жаланашского ИУ Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП

ЖЕТЫСУСКИХ МАСТЕРИЦ ПРИГЛАШАЮТ



Как сообщила пресс-служба Алматинской областной палаты предпринимателей, в Талдыкоргане состоялась большая встреча с участием региональных дизайнеров, руководителей ателье и швейных цехов с организаторами Национального Конкурса дизайнеров одежды «ALTYN OIMAQ».

Проект организовывается впервые НПП РК «Атамекен» совместно с Фондом поддержки женского предпринимательства. В рамках рабочего визита Президента Казахстана Касым-ЖомартаТокаева в Алматинскую область презентован национальный конкурс дизайнеров одежды «ALTYN OIMAQ». Руководитель проекта Диана Ботаева отметила, что Конкурс призван поддержать начинающих и состоявшихся дизайнеров, а также направлен на придание импульса созданию новых конкурентоспособных брендов на рынке Казахстана. «Мы сейчас встречаемся с руководителями крупных фабрик, индивидуальными предпринимателями и модельерами, чтобы узнать какие виды деятельности и направления являются популярными и актуальными. Хотим объединить действующих производителей и дизайнеров, а также создать для них диалоговую площадку», – рассказала Диана Ботаева.

В «ALTYN OIMAQ» нет ограничений по возрасту и опыту. Участниками могут стать творческие люди с 16 лет. Так что национальный конкурс открыт для всех, начиная от школьников заканчивая пенсионерами. Кроме того, для участия требуется только эскиз одежды. В настоящее время по Казахстану в «ALTYN OIMAQ» подано 50 заявок. Участники поборются в шести номинациях – «Лучший дизайн делового наряда с элементом национального орнамента», «Лучший дизайн спортивной одежды с элементом национального орнамента», «Лучший дизайн детской одежды с элементом национального орнамента», «Лучший дизайн текстиля для дома с элементом национального орнамента», «Лучший дизайн аксессуаров с элементом национального орнамента», «Лучший кастом дизайн спортивной обуви».

«В рамках конкурса в Талдыкоргане планируем провести республиканский форум, где будут обсуждаться проблемы отрасли и будут организованы семинары по повышению квалификации. Мы хотим поднять профессиональный уровень участников, предоставить им возможность налаживания деловых связей и контактов, освещение актуальных вопросов. Сегодня в сфере легкой промышленности есть дефицит кадров. Конкурс поможет найти и переквалифицировать специалистов», - добавила руководитель проекта «Национальный конкурс дизайнеров одежды «ALTYN OIMAQ» Диана Ботаева. Участники встречи – дизайнеры и ательеры Алматинской области отметили важность проведения и консолидации профессионального сообщества. По их словам, конкурс должен стать уникальной площадкой для выявления новых талантов и продвижения брендов. Дизайнер одежды Сауле Горбунова намерена принять участие в национальном конкурсе. Предпринимательница имеет огромный опыт в индустрии: в разные годы работала с ведущими казахстанскими и российскими дизайнерами. «Есть женщины, многодетные матери, которые в домашних условиях шьют очень красивые вещи. Но нет площадки для выхода, не знают как продавать, и нет рынков сбыта. Я думаю, нужно создать единое приложение, где крупные мастера, индивидуальные предприниматели и другие представители отрасли смогли бы выставлять свою продукцию для продажи. Кроме того, за рубежом есть казахские диаспоры, которые хотят покупать наши вещи, но не имеют контактов и взаимодействия. В этом отношении «ALTYN OIMAQ» помог бы наладить международное сотрудничество», - предложила дизайнер.

Напомним, конкурс проводится в три этапа:

1) первый этап: прием и отбор заявок, который осуществляется в два периода: с 4 марта до 15 мая и с 10 июня до 15 сентября текущего года; по итогам каждого периода Комиссия отбирает по 6 претендентов на звание лауреатов Конкурса;

2) второй этап: выдвижение 12 претендентов на общественное онлайн голосование и утверждение по его результатам 6 лауреатов Конкурса;

3) третий этап: определение Комиссией одного лауреата из шести победителей для получения Гран-при Конкурса.

Для участия в Конкурсе необходимо заполнить и направить заявку в электронном виде на сайте http://altynoimaq.kz/signup/.

Отметим, что в рамках рабочего визита Президента Казахстана Касым-ЖомартаТокаева в Алматинскую область был презентован национальный конкурс дизайнеров одежды «ALTYN OIMAQ». Концепцию проекта представила Главе государства заместитель Председателя Правления НПП РК «Атамекен» Лаззат Рамазанова.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОТ ЗАЛЫНАН

ДҮНИЕГЕ ТАЛАСҚАНДАРДЫ БІТІМГЕ КЕЛТІРУ ОҢАЙ ЕМЕС



ЖҰМЫР БАСТЫ ПЕНДЕ ШІРКІННІҢ ҚУ ДҮНИЕ ҮШІН БІР-БІРІН ТҮТІП ЖЕП, ТУМА-ТУЫС АҒАЙЫНДАРДЫҢ, ТІПТІ, БІРГЕ ТУҒАН БАУЫРЛАРДЫҢ БІР-БІРІН СОТҚА СҮЙРЕУІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙҒА АЙНАЛДЫ. АДАМГЕРШІЛІКТІ, АР-ҰЯТТЫ ЫСЫРЫП ҚОЙЫП, ДҮНИЕНІ БӨЛІСКЕ САЛУДЫ СОТТАН СҰРАП ЖАТҚАНДАРДЫҢ КӨБІ ШАҢЫРАҚТАРЫ ШАЙҚАЛҒАН, БОЛМАСА АТА-АНАСЫНАН ҚАЛҒАН МҰРАҒА БОЛА ҚЫРЫҚ ПЫШАҚ БОЛАТЫН «БІР ҚАПТАН, БІР САПТАН ШЫҚҚАН» БАУЫРЛАР. КӨЗДІҢ ҚҰРТЫНА АЙНАЛҒАН ДҮНИЕНІҢ АРБАУЫНА ТҮСКЕНДЕР БЕРЕКЕ-БІТІМДІ ТЕК СОТТАН ҒАНА ІЗДЕП ЖҮРГЕНДЕРІНЕ ҚАРНЫҢ АШАДЫ, ҚАПАЛАНАСЫҢ.

Осындайда ойға мына аңыз оралады. Шығыс пен батысты билеген патша, байлық пен мансапқа бөленген Ескендір Зұлқарнайын өлерінде қызметшілеріне екі хат қалдырады. Бірінші хатында: «Мен өлгенде табыттан қолымды шығарып, халықтың арасымен жүріп, қабіріме көміңдер», – десе, екінші хаты: «Мені жерлеп болған соң қалың бұқараға оқыңдар» – деген өсиеті. Патша дүние салған соң қос қолын табыттан шығарып, халықтың арасымен мәйітті алып өтіп, жерлеген соң, уәзірлері елдің алдына екінші хатты ашып оқиды. Онда Зұлқарнайын патша: «Мен әлемді аттың тұяғымен бағындырдым, менде байлық та, атақ-мансап та болды. Міне енді өлгенімде солардан түйір дән де бұйырмай, өмірге жалаңаш келіп, о дүниеге жалаңаш кетіп барамын», – деген екен. Осы бір аңызәпсана әрбір пенденің санасында болса ғой шіркін! Амал қанша, бәрі біз ойлағандай бола бермейді. Дүниені желеу етіп, бірге туғандар, жама-ағайындар, алысып-жұлысып жатса, әкесі баласынан безініп, қызы анасын қаңғыртып, қапалы күйде жүргендерді бітімге келтіруде сот саласындағы билердің бітімгерлігіне қарап тәнті боласың.

«Әп, бәрекелді, екі тарап та бірбірімен татуласып, риза көңілмен тарасты-ау» деп көңілің жайланады. Артынша осы татулықты сотқа жеткізбей өздері де шешуге болар еді ғой деген ойға қаласың. Бірақ, мұндай бітімгершілік ұдайы бола бермейді. Қарағаштай қатып, қарағайдай қоқайып алатындар «Тек маған бұйырсын, оған сабақты ине де қалдырмаймын» деп бірге туғанын, не болмаса туысын сыртқа теуіп тұратындар да бар, – дейді Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қалдарбек Досымбет. «Азаматтық істі қарау барысында бірінші сатыдағы сот шешіміне риза болмай, апелляциялық шағым жазған тараптың ісін қарап, бітімгерлік тәсілмен татуластырып бір мәмілеге келтірдік» деген төраға талапкер мен жауапкер арасындағы жеті адамға қатысты дүние-мүлікті бөлісу жөнінде екі тараптың көзқарасы жайлы ойын ортаға салды. Бар мәселе отбасын тастап, басқа әйелмен шаңырақ көтеріп, азаматтық некеде тұрып, өмірден ерте озған азаматтың бұрынғы әйелінен қалған жеті баласы араға жылдар салып, әкесінен қалған мұрагерлікті даулапты.

Талапкер Қарасай ауданының тұрғыны Б.Қ. және жеті жауапкерлерге қатысты істе талапкердің талап-арызында 1988 – 2016 жылдар аралығында қайтыс болған С.Б-мен азаматтық некеде тұрып, екеуінен ортақ бір перзент өмірге келгенін айтады. Қарасай ауданының Көксай ауылында бірлесіп өмір сүрген С.Б. 1997 жылы жер телімін және 2000 жылы шыққан В 869 CNO Mersedec Benz маркалы автомашинасын сатып алып, жер теліміне баспана салады. Оған азаматтық некеде тұрған жарының да қаражат жұмсағаны, күні бүгінге дейін даулы үйде тұрып жатқанын, мемлекетке тиісті салығын төлегенін, қайтыс болған күйеуі екеуінің ортақ мүліктері деп тануды соттан сұрайды. Алайда, С.Б-ның бұрынғы жарымен қалған балалары, талапкердің әкелерімен заңды некеде тұрмағанын көлденең тартып, жылжымайтын мүлікпен оған тиесілі автокөлікке таласып, талапкердің арызын қанағаттандырмауды сұрайды.

Себеп, олардың туған анасы әкелерімен келісе алмай, азаматтық некеде тұрған Б.К-ға кеткенде уайымнан ауруға шалдықты деп пайымдайды.

«Былай тартсаң арба сынады, былай тарсаң өгіз өледі» дегендей, жауапкерлердің ұстанымына қарасаң, бірінші сатыдағы соттың шешімін жоюды, балалардың әкесі даулы мүліктің жалғыз меншік иесі болып табылатынын, олар бірінші кезектегі мұрагерлер екенін, талапкер мен олардың қайтыс болған әкесі арасындағы неке тіркелмегенін, талапкердің үлесі ешнәрсемен расталмағанын, бірінші сатыдағы сот тараптар білмейтін қазақ тілінде жүргізілгенін алға тартқан. Қу дүние үшін дүрліккен екі тараптың өз айтары, көлденең тартар айғақтары бар. Әкесінің екінші жарымен заңды некеде тұрмағандарын айтса, Б.К. жоғарыда көрсетілген талаппен келіспей, сотқа арыз беріп, 1988 – 2016 жылдар аралығында қайтыс болған С.Б-мен азаматтық некеде тұрғанын, 1990 жылы олардың қызы Гүлназдың өмірге келгенін, бірлесіп өмір сүргендерін тілге тиек етеді. Жолдасы өмірден озғанға дейін Қарасай ауданы Көксай ауылы Комсомольская көшесі, 15-үй мекенжайында орналасқан жер учаскесін және қайтыс болған С.Б. тіркеу нөмірі В 869 CNO 2000 жылы шыққан Mersedec Benz маркалы автомашинасын сатып алды. Жауапкерлер қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген мұрагерлік мүлікті талапкердің үлесінен айырып алуға ниет білдіруде. Осы жер теліміне баспана салуға, жылжымайтын мүлікті салу кезінде азаматтық некедегі жары Б.К-ның қайтыс болған күйеуімен өзінің бірге жинаған ақшасына сатып алынғанын айтады. Қазіргі уақытта талапкер даулы үйде тұрып, оның салықтарын төлеп тұрғанын, аталған жылжымайтын және жылжымалы мүлікті қайтыс болған С.Б. мырза екеуінің ортақ меншігі деп тануды ол да соттан сұрайды. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда дүние-мүлік үшін арпалысқа түскен екі тараптың да берекебітімге келуі сот табалдырығына келіп тірелген. Бірінші сатыдағы соттың шешіміне қанағаттанбай апелляциялық сотқа тағы жүгінеді. Міне, отбасының ойран болуы, шаңырақтың шайқалуы, ынтымақтың ыдырауының түбі неге әкеліп соғатынын осындай көріністерден пайымдауға болады. Қазақ «Кіммен қарайсаң, сонымен ағар» дегенді тектен-текке айтпаған шығар. Бұл әсіресе, бүгінгі қоғамдағы отбасылық мәселеге атүсті қарайтын, балапанын шұбыртқан мама қаздай майпаңдап, бір-бірімен алакөзедесіп, алимент даулап, мүлікке таласып жүргендерге сабақ болса, қанеки.

«Бетеге кетсе бел қалар, бектер кетсе ел қалар, береке кетсе нең қалар» дегендей, ай мен күннің аманында берекесі қашып, жүректері қатайған екі тарапты апелляциялық сатыдағы сот дауды медиация тәртібінде шешіп, бір мәмілеге келтіріп, төмендегі шарттар бойынша келісімге келгенін айтты. Екі тарапты келісімге келтіру үшін ұзақ-сонар әңгімеге тартып, бір-біріне жылылықпен қарауды, өмірді дүниемен өлшеп-пішіп, адамдық қасиеттен аттамауға үгіттедік. Тіпті сот арасында үзіліс жасап, екі тарапқа да ойлануға мұрсат бердік. Сотта даурығып, қызыл кеңірдек болғандар бесін ауа бір келісімге келгенде «Уһ» деп арқамыздан бір ауыр жүк түскендей болды. Сонымен, келісім бойынша Алматы облысы Қарасай ауданы Көксай ауылы Ардагер көшесі, 5-үй мекенжайында орналасқан жеке қосалқы шаруашылығын жүргізуге арналған кадастрлық нөмірі 03-047-097-1175 болатын, ауданы 0,0393 га жер учаскесі бар, жалпы алаңы 74,1 ш.м., тұрғын үй 43,2 ш.м. тұрғын үй түріндегі жылжымайтын мүлік талапкер Б.К-ның жеке меншігінде қалып, 2011 жылғы 14 қазандағы тіркеу нөмірі В 869 CNO, СРТС BR №00054697 маркалы Mersedec Benz 320 MI маркалы автомашинасы жауапкерлердің жалпы меншігіне берілді.

Б.К-ға жауапкерлерге тиесілі мұрагерліктегі үлесі үшін 2019 жылғы 11 сәуірге дейінгі мерзімде 2 000 000 (екі миллион) теңге мөлшерінде өтемақы төлейді деген шешім шығардық. Апелляциялық сотта екінші әйелінен өмірге келген Гүлназ өз еркімен жоғарыдан аталған барлық мұрагерлік мүліктен бас тартып, тараптардың осы азаматтық іс бойынша шыққан шығыстары бір-біріне өтелмейтін болды. Медиация тәсілімен шешілген осы дауға екі тарап та дән риза екендіктерін айтып тарқасқанын айтқан Қалдарбек Досымбет: «Бабаларымыздың «қарағайдан шайыр, адамнан қайыр кететін заман болады» дегені шынға айналды ғой», – дейді.

Айтақын МҰХАМАДИ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШӘКІРТ ЛЕБІЗІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрдасы 85 жастағы география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының профессоры, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, «Экология» халық академиясының академигі Жамалбеков Есбол Үсімбекұлы 1934 жылы 17 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданы Кершетас ауылында шаруа отбасында өмірге келген. Оған болашақта қандай маман боламын деген сұрақ тумады. Себебі ауылда өскен соң Есбол Үсімбекұлына ауылшаруашылық жағы жақын көрінді. Ата-анасы да оны дұрыс көрді. Қиялдағы арман биікке қанат қағып, сол кездің өзінде Мәскеудегі К. Тимирязев атындағы ауылшарушылығы академиясында оқығысы келді. Бірақ та оған түсу үшін Алматыдағы С. Киров атындағы (қазір әл-Фараби атындағы) Қазақ Мемлекеттік университетінде іріктеуден өту керек еді. Бұл жерде сол кезде ҚазМУ-дің проректоры болып істейтін, әрі биология-топырақтану факультетінде топырақтану бөлімінде дәріс беруші Нағима Хұсайынова жақсы оқығанын көріп, «топырақтану» мамандығына түсуіне кеңес берген. Университетте биология-топырақтану факультетінде осындай мамандықтың бар екенін айтып, бұл мамандықтың ер бала үшін ыңғайлы екенін және Қазақстан үшін өте қажет екенін түсіндірген. Содан С. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетінің топырақтану бөлімінің студенті болған.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Бұл жағдай болашақ тағдырын анықтап, келешекте топырақтанушы болып, топырақтану ғылымына өз үлесін қосуға әкелді. Осы топырақтану саласында еліміздегі білікті ғалымдардың біріне айналды. Оған жету үшін көп еңбек етті. 1956 жылы университетті өте жақсы бітіріп шығып, аспирантураға жіберілді. Сол жылы Қазақстанда кең көлемде тың жерлерді игеру жұмыстары барысында топырақтанушыларға деген сұраныс өте жоғары екенін естіп, тың және тыңайған жерлерді таңдау экспедициясымен солтүстік экспедицияларға аттанды. Себебі курс бойынша барлық бітірушілер тың өлкесіне баруға бел буған еді. Орталығы Петропавлде орналасқан Қостанай-Петропавл тың және тыңайған жерлерді таңдау экспедициясында 1956 жылдың жазынан бастап 1958 жылдың аяғына дейін, яғни 2,5 жыл ішінде Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ірі, жаңа ұйымдастырылған 12 астық кеңшарларының топырақ жамылғысын зерттеп, топырақ карталарын жасады. Бұл еңбектері үшін мен Солтүстік Қазақстан облысының Комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен және Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің қатысушысы ретінде көрменің медалімен марапатталды. Тыңда жұмыс істеп, 1959 ҚазССР Топырақтану институтына аспирантураға түсті. Ғылыми жетекшісі болып Одақта белгілі ғалым, мелиоративтік топырақтанудың негізін салушылардың бірі, а-ш.ғ.д., Қазақ ҒА-ның академигі профессор В.Боровский тағайындалды. Сол жылдан бастап Е.Жамалбековтың негізгі ғылыми жұмысы осы институтпен байланысты. 1959 – 1963 жылдар арасында Оңтүстіктегі шөл далада алғашқы болып ұйымдастырылған «Мақта-Арал» кеңшарының топырақ-мелиортивтік жағдайын зерттеді. 1965 жылдың басында Е. Жамалбеков Қазақ ҒА топырақтану, ботаника және микробиология институттарының біріктірілген Ғылыми Кеңесінде «Мақта-Арал кеңшарының топырақ-мелиоративтік жағдайлары және оны жасарту жолдары» тақырыбына ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады. Одан кейін топырақтану институтына жаңа түскен өндірістік тапсырыс бойынша Е. Жамалбеков Маңғыстау түбегінің топырақ-мелиоративтік жағдайларын зерттеді, алыстан тасымалдауға шыдамайтын азық-түлікпен қамтамасыз ету және халық мекендеген жерлерді көгалдандыру мәселелерімен шұғылданды. 1966-1973 жж Е. Жамалбеков аға ғылыми қызметкері ретінде Маңғыстау түбегіндегі зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1973 жылдан Е. Жамалбеков Топырақтану институтында жаңа ұйымдастырылған «Бүлінген жерлерді қайта құнарландыру» лабораториясының меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Маңғыстау өңірінен басқа Алматы, Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан облыстарында өріс алды.

Маңғыстау өңіріндегі көпжылдық ғылыми-зерттеу нәтижелері докторлық диссертациясының негізі болды. 1992 жылы Ашхабад қаласында Бүкілодақтық Шөл институтының Диссертациялық кеңесінде «Маңғыстау түбегінің жер ресурстарын экологиялық-мелиоративтік бағалау, тиімді пайдалану және қорғау» тақырыбында «табиғатты қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану» (қазір 25.00.36 – геоэкология) мамандығы бойынша докторлық диссертациямды жемісті қорғап, диссертациялық Кеңестің төрағасы, шөлдерді зерттеу саласындағы түркіменнің ірі ғалымы, география ғылымдарының докторы, профессор, академик, ҚСРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Түркмен Ғылым Академиясының Президенті Бабаев Агаджан Гельдиевичөте жоғары баға берді.

1995 жылы Е. Жамалбековке ҚазМУ-дің ғылыми кеңесінің ұсынысымен Қазақстан ЖАК-сы профессор ғылыми атағы берілді. География факультетінде Есбол Үсімбекұлы 1991 жылдан бастап ғылыми жұмысты ұстаздық жұмыспен жалғастырып, факультетте қазақ бөлімінің ашылуына байланысты шақырылуымен сабақ бере бастады. Алғашқы жылдары доцент, 1995 жылдан бері профессор қызметін атқаруда. Кезінде өзі бітірген оқу ордасына ұстаздық ете бастаған кезден Есбол Үсімбекұлы студенттер мен магистранттарға екі тілде сабақ беріп, қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына біршама үлес қосып келеді.

Е. Жамалбеков әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ Ғылым Академиясының География институты жанындағы біріккен ОД 14А.01.37 – география ғылымдарының докторлық дәрежесін қорғау диссертациялық кеңесінің 25.00.36 – геоэкология мамандығы бойынша мүшесі болды. Университет қабырғасындағы ширек ғасырдан астам ғылыми-педагогикалық еңбегі бағаланып, бірнеше рет ректордың Алғыс хаттарын алды. 2009 жылы университетіміздің әлеуметтік тұрғыдан белсенді, сапалы мамандар даярлау ісіне қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-дың ең үздік оқытушысы» атағы берілді. Білім және ғылым саласына қосқан айрықша үлесі үшін сол жылы Елбасы Н. Назарбаев негізін қалаған Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің арнайы медалімен марапатталды. Және Академия Президентінің Құрмет Грамотасымен екі рет, Қаз ССР-ның Білім қоғамының, Қазақ табиғат қорғау орталық қоғамының Құрмет Грамоталарымен, 1970 жылы «Айбынды еңбегі үшін», 1984 жылы ҚСРО-ның Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесінің қола, 1986 жылы «Еңбек ардагері», 2004 жылы «Тыңға 50 жыл», «М. Ломоносовқа 300 жыл» медальдары әрі белгісімен марапатталған. Әр адам өзінің туған жерін сүю парыз. Сондықтан туған ауылынан ешқашан қол үзбеген. Қолынан келгенше ауылдағы мектепке көмектесіп тұрады. Аудандағы барлық қоғамдық-саяси шараларға қатысады. Сондықтан да «Түлкібас ауданының Құрметті Азаматы» деген атақ беріп, Есбол Үсімбекұлы туралы «Оңтүстік Қазақстан Энциклопедиясына» (2015), «Ардақты ардагерлер мен билер» (2016) деп аталатын үлкен кітапта жазды, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалін кеудесіне тақты. Әрбір адам өзі шыққан тегін, атамекенінің тарихын, ата-бабаларының тәжірибесін білу қажет. Ол дүниетанымды ұлғайтып, патриоттық сезімдер туғызады дейді.

Е. Жамалбеков қоғамдық жұмыстардан да тыс қалмады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚазҒА География институты жанындағы біріккен география ғылымдарының докторлық дәрежесін қорғау бойынша диссертациялық кеңестің мүшесі (25.00.36 – геоэкология мамандығы бойынша); осы мамандық бойынша М. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінде техника ғылымдарының докторлық диссертациясын қорғау кеңесінің мүшесі болды. 03-00.27 топырақтану мамандығы бойынша Топырақтану институтындағы диссертациялық кеңесінде мүшесі болды.

Көп жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география факультетінің Ғылыми Кеңес мүшесі болды. Ғылыми Кеңес жұмысына белсенді қатысқаны үшін 2011 жылы Ғылыми Кеңес төрағасы, г.ғ.д., профессор В. Сальниковтің қолынан Алғыс хатпен марапатталды. Е. Жамалбековтың жетекшілігіммен 2005 жылы кафедра оқытушысы Ақашева Әтіркүл Сапарбекқызы «Ақтау қаласы аумағының топырағын экологиялық-мелиоративтік бағалау және көгалдандыру мәселелері» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Қазір ол – кафедраның г.ғ.к., профессор міндетін атқарушы белсенді оқытушыларының бірі. Студенттердің курстық, дипломдық жұмыстарына, магистрлік диссертациялар мен ғылыми жұмыстарға жетекшілік етеді. Олардың бәрі жоғары дәрежеде орындалып, өте жақсы деген бағамен бағалануда.

2002 – 2003 жылдары және 2006 жылы Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология-география факультетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болды.

Жеке және басқа авторлармен бірге 400-ден астам ғылыми еңбектері бар, оның ішінде 10 монография, 1 оқулық, 10 оқу құралдары жарыққа шыққан. Олардың негізгілері: «Почвы полуострова Мангышлак» (1974), «Лечение земли» (1982) «Жер кадастры» (2000), «Основы земельного кадастра», «Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы» (2006), «Жер қорларын эколого-экономикалық бағалау», «Топырақтану» (2013).

Университетке келгеннен бері университеттің спорт кешенінде «Цигун» жаттығуларымен шұғылданды. Тренері – Валерий Иванович Спиридонов, биология факультетінің қызметкері. Қытай цигуншыларынан дәріс алған. Цигун – адам денсаулығына өте пайдалы қытайлық гимнастика. Оқытушылар мен студенттер арасында насихаттау мақсатымен, «Қазақ университеті» газетіне «Цигун – верный путь к здоровому образу жизни» деген мақала жазды (1999, №9). Қазір міндетті түрде біраз жаяу серуендейді. Осының барлығы денсаулығына ықпалын тигізуде. Сондықтан жастарымыздың спортпен әрқашан серік болуын қалайды. Бұл үшін университетте барлық жағдай жасалынған.

Есбол Үсімбекұлы кітапты, газет-журналдарды көп оқиды. Яғни, ол – «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінің тұрақты оқырманы.

Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Таңдаған ұстаздық жолыңызды абыроймен атқарып көптеген шәкірттерді тәрбиелеп білім беріп, білім ордасы ұясынан ұшырдыңыз. Сіздің алдыңыз кең, жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл, аяулы ұстаз ретіндегі абзал қасиеттеріңіз баршамызды тәнті етпей қоймайды. Кішіге – ұстаз, үлгі-өнегесіз. Осындай еңбек пен тұрмыс-тәрбиесі, жеке басыңыздың қасиеттері тек өз отбасыңыз үшін емес, әріптестеріңіз, дос-жаран үшін де зор мақтаныш.

«Құтты болсын 85 жасық туған күніңіз! Қажымастан жүзден әрі асыңыз» дей отырып, сізге дeніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шаттығын тілейміз. Студенттерге, жас ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын таба береді деп тілек білдіреміз.

Шәкірттері:
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің г.ғ.к., проф. м.а Ә. АҚАШЕВА, г.ғ.к., проф. м.а А. ТОҚБЕРГЕНОВА, Phd доцент И.СӘРСЕНОВА.

ҚАУЫРТ ШАҚ

«ҚАРАОЙДЫҢ» БОЙЫ ҚЫЗУ ЕҢБЕК

«Көктемнің күні – жылға азық» деп бекер айтылмаған. Егіс жұмыстары Райымбек ауданында да қарқынды жүргізілуде. Биылғы көктемге ешкімнің реніші жоқ. Сәуір айында көктен нұр төгілді де тұрды. Бұл қасиетті қара жермен айналысып келе жатқан диқан қауымның қуаныштарын тасыта түсті.

Маусым жаңбырлы болса, өнім жаман болмайды. Күн қызап түссе, көк те көтеріліп, көңіл жайланып сала береді. Көктемгі дала жұмыстары аудандағы ең іргелі, ең айтулы құрылым «Айғайтас» ЖШС-інде жүйелі жалғасын тауып келеді. ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденінің иесі, ауданның Құрметті азаматы Хайрулла Иисбаев басқаратын серіктестікте жұмыстардың бәрі Канадалық қуатты, алымды трактор, техникалармен нөлдік әдіспен, жаңа технологиямен жүргізілуде. Жерді жырту, тырмалау, дән себу, оны тыңайту бір мезгілде жүзеге атқарылып кете береді. Серіктестіктің «Қараой» өңірінде 250 гектар күздік бидай жайқала өсіп келеді. Ал, биылғы көктемде жаздық бидай, арпасы бар барлығы 3200 гектарға дәнді дақыл себілуде. Науқанда жұмыс бір апта көлемінде сәтімен аяқталмақ.

Қанат БІРЖАНСАЛ.



Суретте: «Айғайтас» ЖШС-нің агрономы Әбдіш Сұлтанаев пен механизатор Сергей Федоров жұмыс жайын әңгімелесуде.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАСИЛИЕ СРЕДИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ

НАСИЛИЕ – ЭТО НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ, ЕЕ ЕСТЕСТВЕННОЕ СВОЙСТВО. ЧЕЛОВЕК ПО СВОЕЙ ИЗНАЧАЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ ЯВЛЯЕТСЯ ГЛАВНЫМ ХИЩНИКОМ, И ЕГО АГРЕССИЯ ПРЕДСТАВЛЯЕТ СОБОЙ ЭЛЕМЕНТ ВЫЖИВАНИЯ, ПОЗВОЛЯЕТ ЕМУ СУЩЕСТВОВАТЬ И УТВЕРЖДАТЬСЯ ВО ВРАЖДЕБНОЙ СРЕДЕ.

«На прошлой неделе семилетний ребенок серьезно пострадал от рук сверстников. Он стал жертвой агрессии, тогда как другие дети безучастно наблюдали за происходившим». Сейчас в нашем обществе такого рода новости мы слышим очень часто. Вам так не кажется? Или для нас это уже привычное дело? Подобное поведение стало чем-то новым для детей этого возраста или же существовало всегда? Можно ли говорить о всплеске насилия среди маленьких детей?

Быть может, общество и изменилось, но о человеческой природе этого точно не скажешь. Образование тоже изменилось, и эту агрессию подавили, в то же время, как ни странно, обострив ее в некоторых областях. Спорт, бизнес, политика, менеджмент – в лидерских и управленческих профессиях требуется своеобразная агрессия, способность безжалостно уничтожить противника, ловко поставить себя выше других. Это меньшее, что можно сказать. Примеров тому существует огромное множество. Форма борьбы изменилась, но само противостояние никуда не делось, пусть речь теперь уже идет не о реальной, а о символической смерти. История человечества полна жестоких событий. Войны, пытки, насилие над женщинами и детьми, пренебрежение стариками — лишь отдельные примеры жестокости, сопровождающей развитие любого общества. Преодолению агрессивности, как одной из важнейших социальных проблем, в мире уделяется большое внимание. В частности, создаются разнообразные психосоциальные технологии, направленные на предупреждение агрессивности у людей. В современном Казахстане, испытывающей «криминогенный шок», профилактика агрессивности у детей и подростков является объективной необходимостью. По результатам опросов общественного мнения преступность и, в частности, подростковая преступность, волнует людей не меньше, чем инфляция или рост цен. Как наиболее слабые члены общества, а в последние годы и наименее защищенные, дети первыми становятся жертвами жестокого обращения в семье, учреждениях, а через короткий промежуток времени с лихвой платят обществу жестокостью за жестокость.

Насилие у детей носит постоянный характер, если образование и общественная среда плохо делают свою работу. Как бы то ни было, существует и новое проявление этого насилия. Оно возникло недавно, отличается крайностями и связано с современными методиками воспитания. Получается, что мы сами создали условия для возникновения этой агрессии и способствовали ее распространению. Это относится к маленьким мальчикам, а теперь еще все больше и больше к маленьким девочкам. На переменах насилие и агрессия всегда где-то рядом, в отношениях царит напряженность и возможны потенциальные конфликты. Они соревнуются друг с другом, пытаются запугать друг друга и даже переходят к рукоприкладству, причем нередко в группах. Жертвами обычно становятся те, кто не похож на них внешне, по поведению или в чем-то еще. Причем зачастую они оправдывают эту агрессию. Изучение агрессии и насилия было и остается областью, насыщенной полемикой. Дискуссии о насилии осложнены межличностным, политическим и научным подтекстом. Большинство научных дискуссий сводится к вопросу об источнике агрессии и насилия в обществе и о том, является ли оно присущим человеческой природе или его причины изначально заложены в устройстве общества. Агрессивное поведение обусловлено социальными связями и отношениями. Агрессия может быть обоснованной и использоваться с целью защиты или разрушительной и использоваться с целью нападения. Она может выражаться в разнообразных формах и проявлениях и иметь скрытый, открытый, индивидуальный или групповой характер.



Есть ли необходимость говорить, что в наше время жестокость среди подростков стала особенной темой для обсуждения в обществе…? В интернете постоянно появляются видеоролики о том, как группа девочек издевается над своей подругой, или мальчики-подростки избивают одноклассника. У этих детей полностью отсутствует представление о границах, о личных границах, о границах дозволенного, о том, что можно делать, а чего нельзя. И надо понимать, что это никогда не происходит без причины, на пустом месте, что этому всегда предшествует какая-то история отношений. Очень часто конфликт среди детей в школе – результат неправильного предшествующего поведения взрослого. Иногда с учительского поведения, с его отношения к ребенку, который «плохо учится, плохо себя ведет» начинается травля со стороны уже самих детей. Они же хорошо понимают, что эта травля как бы разрешенная. Однажды ученица нахамила учителю, тот отреагировал эмоционально, вместо того, чтобы сделать это профессионально. И вот пожалуйста: когда-нибудь девчонка из этого класса до крови изобьет «нахалку» только за то, что та «нагло смотрела на моего парня». Провокаторами конфликта могут стать и родители. Пятилетний малыш жалуется отцу, что его обидел мальчик из соседнего подъезда. И папа научает, а ты дай ему сдачи, да так, чтобы он больше никогда к тебе не подошел! И вот уже слегка подросший первоклассник сын лупит своих товарищей по парте налево и направо.

На агрессивное поведение детей влияет комплекс факторов:

- персональные факторы (низкий уровень воспитания, неадекватная заниженная самооценка, высокая импульсивность, злоупотребление алкоголем, наркотиками, компьютерными играми, готовность к риску, ограниченное чувство самосохранения);
- поведенческие факторы (поведение, создающее помехи для окружающих, вандализм, бесцельное времяпровождение, прогулы и слабая успеваемость в школе, приводы в милицию и ранняя судимость);
- социальные факторы (культ насилия в обществе, влияние СМИ, отклоняющееся поведение родителей, низкий социально-экономический статус семьи, зависимость от социальной помощи, смена воспитателей (отчим, мачеха), семейное и насилие, друзья с отклоняющимся поведением.

Что можно сказать? Жестокость, нетерпимость к сверстникам, людям иных национальностей, убеждений, социального положения это – недостаток воспитания. В поведении подростков, особенно тех, кого принято относить к трудным, часто прослеживается стремление самоутвердиться за счет более слабых сверстников или даже взрослых людей путем их устрашения или с помощью насилия. Такое поведение можно квалифицировать как «бытовой терроризм». Для педагога важно не только понимать причины, которые могут привести к деформациям характера подростка и вследствие этого к бытовому терроризму по отношению к близким людям, друзьям, учителям, но также следует четко представлять себе, насколько опасно это явление для общества в целом, какие отдаленные последствия может иметь освоение таких болезненных форм достижения личных целей, как терроризм. Большое значение имеет решение проблемы бытового терроризма и предупреждение этого явления в обществе, где манипуляция путем насилия имеет широкое распространение, является частью бытовой культуры и не осознается большинством населения как негативное общественное явление. Педагоги должны способствовать осознанию этой проблемы родителями учащихся, поскольку именно в семье складываются главные поведенческие стереотипы подростка, развивается склонность разрешать собственные трудности путем насилия и агрессии. Это позволит снизить остроту конфликтов, возникающих между педагогами, родителями и подростками и будет способствовать решению возникающих проблем на основе взаимопонимания, толерантности и оптимизации взаимоотношений.

Что же делать, если вы заметили у своего ребенка опасные признаки агрессивного поведения?

Во-первых, обязательно обратиться за профессиональной помощью, и чем раньше, тем лучше. Ребенка необходимо научить справляться со своим гневом. Помните, что за его поведение и последствия этого поведения отвечаете вы.

Во-вторых, необходимо выявить и урегулировать первопричину возникновения агрессивного поведения, исключить факт насилия по отношению к самим детям – в семье, обществе, через СМИ. Потому что насилие всегда порождает насилие.

Да, у нас проблема на лицо. Что тут делать, как быть? Взрослые должны ответственно понимать, к чему ведет непрофессиональное, непедагогическое их поведение. А дети должны знать границы дозволенного. В любой школе обязательно должны быть правила, законы, нормы поведения, в которых четко прописано, чего категорически делать нельзя. Должны быть инструкции для каких-то не типовых случаев: что делать, если к тебе на урок ученик пришел пьяным, например. Почему подростки выкладывают в интернете видео о том, как они издеваются над каким-нибудь одноклассником? А они так отвоевывают себе место под солнцем. Это шоу. Они работают на зрителя. Демонстрируют силу всем. Это зарабатывание статуса, способ самоутверждения, доказательства своей самости: я могу, я супер, я самый-самый! У подростков есть такая потребность. Это надо понимать. Что с этим делать? Это известно всем, но возможно в наше время позабылось... Следует направить эту потребность в нужное русло. Подросткам нужна досуговая деятельность, где они могут приносить пользу, зарабатывать, что-то важное и нужное делать... Можно организовать трудовые десанты, например. Дети будут само утверждаться именно через хорошие, добрые, полезные дела. Или спорт, художественную самодеятельность, наконец. Пусть делают то, что современно, стильно, ярко, интересно им самим. Если этого им не дать, они быстро приходят к варианту самоутверждения через насилие.

А. АКЫБАЕВА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАЙЛЫҚ

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ - ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Тіл – қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті ұғым. Ана сүтімен бойға енген қасиеттер туған тілдің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзінің өскен ортаға, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады.

Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл – тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Қазақтың біртуар ақыны М. Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген.

Әр азамат өзінің ана тілін, көзінің қарашығындай қарауы және ана тілінің орынсыз шұбарлануына қарсы тұруға тиісті. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырды. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген ананың ұмытумен бірдей. Сондықтан, ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Қазақстан – әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеге ұстауы керек.

М. ДЖАНГАЗИЕВ,
Кербұлақ ауданының №2 аудандық сотының аға сот приставы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ЗІБИЛА РАХЫМЖАН КИІМ-КЕШЕК ТІГЕТІН ЦЕХ АШТЫ. НЫСАНДА ТӨРТ АДАМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. ОНДА КҮНДЕЛІКТІ КИІМДЕРМЕН ҚАТАР, ТҮРЛІ МЕРЕКЕЛІК КОСТЮМДЕР, МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ТІГІЛЕДІ. КӘСІПКЕРДІҢ ЖЕКЕ ІС АШУЫНА МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ СЕБЕП БОЛДЫ. ЗІБИЛА ХАНЫМ «БАСТАУ» ОҚЫТУ ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ БИЗНЕС ЖҮРГІЗУГЕ МАШЫҚТАНЫП, АЛТЫ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕГІ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

ТІГІН ЦЕХЫН АШТЫ

«Бұл сомаға автоматтандырылған станок пен бірнеше тігін машинкаларын, маталарды сатып алдым. Кішігірім орынды жалға алып отырмыз. Қазіргі таңда тұрақты клиенттеріміз бар. Жекеменшік компаниялар мен мемлекеттік ұйымдар тарапынан ірі тапсырыстар түсе бастады.

Зібиланың цехы бір жылдан астам жұмыс істеп тұрғанына қарамастан аз уақыт ішінде танымал атанды. Бүгінде ел аузында. Осының барлығы сапалы орындалған жұмыс пен бірегей бағаға байланысты», – дейді кәсіпкер.

Цех ашылғаннан бері жұмысшылар 1000 астам тапсырысты орындап үлгерген. Бұл 16 мыңға жуық тұрғыны бар Қарабұлақ ауылы үшін айтулы көрсеткіш болып табылады.

Зібила Рахымжан осыған дейін медбике болып жұмыс істеген. Тігіншілік өнеріне кішкентайынан қолөнерші анасы баулыған.

Бүгінгі жетістіктеріне қарамастан, кәсіпкердің мақсат-жоспары көп. Ендігі таңда ол жергілікті жұмыссыз әйелдерді тігу ісіне үйретіп, кейін цех қызметіне орналастыруды ойлап отыр.

«Біздегі жұмыстың көлемі ұлғайып келеді. Осыған байланысты өндірісті кеңейтіп, жұмысқа тағы да 20 адамды қабылдағым келеді. Тағы бір арманым – аяқ киім цехын ашу. Көпшілік арасында отандық өндірушілердің аяқ киімін сатып алуға сұранысы жоғары», – деп атап өтті Зібила Рахымжан.

Жалпы өткен жылы Ескелді ауданында «Бастау» жобасы бойынша 162 жұмыссыз және өзін-өзі қамтыған азамат оқып шықты. Олардың ішінде 47 азамат жеңілдетілген несиеге және 100 АЕК көлеміндегі грантқа ие болды.

Ш. БАТЫРХАНОВ.

ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

ЖАТ ҚҰБЫЛЫСҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ

2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады.

Тіпті еліміздің жаңа Заңының атауы да бұрынғыша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес емес, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» деп өзгертілді. Осы заңды жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде жаңа ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Яғни, идеологиялық жағынан да, нормативтік-құқықтық жағынан да елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заманауи саясатты жүзеге асыруға толыққанды жағдай жасалған.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында тығыз ынтымақтастықты орнату қажеттігінің маңызы зор болғандықтан бұл бағытта Агенттікпен стратегияда белгіленген мақсаттар мен міндеттерді назарға ала отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды түп-тамырымен жоюға бағытталған жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және алдын алу шараларын күшейту қажеттігін түсіне отырып, елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы азаматтық қоғамның аса маңызды рөлін, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесінде қызметінің түрі мен нысанына, әлеуметтік жауапкершілігіне қарамастан коммерциялық емес ұйымдар, заңды тұлғалар, саяси партиялар өкілдерімен, сондай-ақ азаматтармен қабылдау қажеттігін мойындай отырып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы Ашық келісім жасасқалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек жас кезінен мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын енгізу бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді. Бала кезінен тұлғаны қазақстандық париотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды болмақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамту қажет.

Кейбір сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығы әлсіздігінің салдары болып табылады. Осыған байланысты, қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуы маңызды. Бұл ахуалды түзеу үшін халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысы, олардың жасын, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдамау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Бақыт ТУРАНОВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

САЙЛАУАЛДЫ ШАРА

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ ҮМІТКЕР КАНДИДАТ ТОҚАЕВ ҚАСЫМ ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫНЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІ ӨТТІ.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

Бүгінгі күні облыстық, 3 қалалық және 17 аудандық штабтарда қоғамдық қабылдаулар ашылды. Үгіт-насихат жұмысы мамырдың 11 күні сағат 18.00-ден басталды.

Кандидаттың қоғамдық қабылдауы 12 мамыр мен 7 маусым аралығында жұмыс жасайтын болады. Кандидаттың сенімді өкілдері ғана жеке және заңды тұлғалар, азаматтардың топтарын қабылдайды.

Кандидаттың қоғамдық қабылдауларының жұмыс кестесі келесідей: Дүйсенбі-жұма күндері – сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс уақыты – 13.00-ден 14.30-ға дейін. Сенбі күні – 09.00 ден 13.00-ге дейін, жексенбі күні – демалыс.

Кандидаттың сенімді өкілдері сайлаушыларға кандидаттың Сайлауалды бағдарламасы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, кез келген азаматтың арызын, шағымын, ұсыныстары мен тілектерін қабылдайтын болады. Сайлауға қатысты, дауыс беру тәртібі жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сенімді өкілдер сайлаушыларды бекітілген кестеге сәйкес, күнделікті сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды.

Азаматтардың өтініштері, өзге де кіріс хаттар кіріс құжаттарын енгізетін арнайы журналда тіркеледі. Барлық өтініштер, азаматтардың сұрақтары мен тілектері тіркелген сәттен бастап 3 жұмыс күні аралығында қаралып, өзге де жауапты мекемелерге қатысты өтініштер қабылданғаннан бастап бес жұмыс күні аралығында толығымен қаралатын болады.

Ш. ХАМИТОВ.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Қазпошта БЖТ-ні SMS арқылы төлеу мүмкіндігін іске қосты

Ұлттық пошта операторы Wooppay-мен бірлесе SMS арқылы Бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлеуге мүмкіндікті іске асырды. Ұлттық компаниялардың электрондық ақша жүйесімен стратегиялық әріптестігі жақын арада SMS арқылы интернет-дүкендердің салықтарын және тауарларын төлеуді бастауға мүмкіндік береді.

«БЖТ төлемі әлдеқайда оңай және қолжетімді болды. Ұялы телефон арқылы төлемдерді жасаудың артықшылығы даусыз, ұялы телефон әрдайым қол астында, бұл уақытты және ақшаны үнемдеуге жаңа мүмкіндік. Банкке барып, кезекте тұрып, уақытты жоғалтудың қажеті жоқ. Ең бастысы – ұялы телефоныңыздың теңгеріміндегі ақшаның болуы», – деп «Қазпошта» АҚ-ның бизнес жөніндегі басқарушы директоры Бауыржан Айнабеков жаңа қызметтің артықшылықтарын түсіндірді.

Бүгінгі таңда осы қызметті Kcell, Activ және Beeline абоненттері пайдалана алады. Төлем жүргізу үшін 5505 нөміріне «gorodesp ИИН» (елорда, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін) және «seloesp ЖСН» (басқа елді мекендер тұрғындары үшін) мәтіні бар SMS-ті жолдау қажет. Теңгерімнен төлем сомасы мен 100 теңге көлеміндегі комиссия есептен шығарылады. БЖТ төлемі SMS жіберілген айда есептеледі.

SMS арқылы төлемді, банк карталарынан дәстүрлі төлеммен бірге Paypost интернет-эквайрингі қабылдайды. «Болашақ ұялы телефонның теңгерімі арқылы төлем жүргізу болатынына сөзсіз. Қазпошта осындай тәсілмен төлеуге болатын қызметтер спектрін одан әрі кеңейтетін болады. Ұялы телефон үнемі жаныңда болатын және оның көмегімен өзіңнің жеке қаражатыңды басқаруға болатын шағын жинақ кассаға айналуы керек» – деді Бауыржан Айнабеков.

АНАМ ТІЛІ

Республикада тілдік ахуалдың жақсарып келе жатқаны, әлбетте Үкімет пен жанашыр қауымның қоян-қолтық жұмысының жемісі. Алайда, әлі де болса мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейте түсу барысында олқылықтардың орын алып отырғаны құпия емес.

МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ – МІНДЕТІМІЗ

Бүгінгі таңда елімізде өркениетке үш тілді еркін меңгеріп жетуіміз керек деген ұстаным қолға алынып отыр. Құптарлық-ақ қадам. Әйтсе де, қазақ пен қазақтың қазақша сөйлесуі, қазақ тілінің қажеттілігін тек ұлтаралық қатынас тілі дәрежесінде ғана қалдырады. Заңгерлердің айтуынша ұлттар арасындағы ауызекі қатынастағы сөйлесу тілін ешқандай заң баптарымен белгілеу мүмкін емес екен. Себебі, адамдар меңгеріп, өзара түсініс алатын барлық тіл де ұлтаралық қатынас тілінің рөлін атқарады.

Ал, қазақ тілінің Халықаралық ғылыми қатынас тілдерінің біріне айналып, БҰҰ-ның ресми тілдерінің қатарынан орын алуы әзірге қиял ғана. Қазақ тілін Халықаралық маңызы бар тілдердің қатарына көтеру үшін қоғамдық болсын, саяси болсын құзырлы орындар Халықаралық Одақ ұйымдарының қарауына ұсынуы қажет. Әйтпесе, мұндай беделі жоқ тілдің қолдану аясы тарыла берсе екі ықпалды тілдің тасасында жұтылып, өз құқығын қорғауға шамасы жетпей, бәсекелестікке қабілетсіз күйде қалуы да ғажап емес.

Көпұлтты егеменді еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы, болашағы баянды болуы үшін әрбір азамат мемлекеттік тілді дамытуды, оның қолданылу аясын кеңейтуді басты парызы деп санауы керек. Барлық жауапкершілікті билік органдарына итере салудың жөні жоқ. Қазақ тілін Тұңғыш Президент-Елбасының өзі тікелей қадағаласа, ал заң арқылы бекітілген мәртебесін орнықтыру – әрбір азаматтың абзал борышы.

Мемлекеттік тіліміздің қоғамда өзіне лайықты орнын алатын кезі жақын. Тілдерді қолдану мен дамытудың алдағы кезеңге арналған бағдарламасы осы мерейлі міндетке қызмет етеді деп күтілуде. Оның басты мақсаты – ұлт бірлігін нығайтудың алғышарты ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымда қолданылуын қамтамасыз ету, тіл саясатын қоғамдағы тұрақтылыққа нұқсан келтірмей, үйлесімді жүзеге асыру.

Ағзам АБДРАХМАНОВ,
Алматы облысының МАЭС-ның судьясы.

ПІКІР

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Латын әліпбиіне көшу заман талабы екені даусыз. Ал, сайып келгенде латын әліпбиі бізге таңсық емес. Ол біздің қоғамға қазірдің өзінде кеңінен еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Мәселен, алдымен бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб немесе латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Біз ол арқылы түркі тілдес халықтарға бір қадам жақындаймыз. Түркі халықтарының мәдениеті, сөздік құрамы латын әліпбиінде жазылғандықтан, оларды зерттеу де оңайға түседі. Түп негізінде латын әліпбиіне көшу – түркі тілдес бауырлармен толық ынтымақтастық орнатумен тең. Негізі бұрын біз де латын әліпбиінде жазып, оқығанбыз. Сол кезде жазылған қаншама жәдігерлер зерттелмей немесе аударманың арқасында өз құндылығын жоғалтып алды емес пе?!

Бүгінгі таңда қазақ жазуында қолданылып жүрген әліпбиді латын әріптерімен ауыстыру мәселесіне алаңдаушылық тудырып отырғандар бар. Бірақ бұл болашаққа батыл қадам жасап, елімізді төрткүл дүниеге танытып келе жатқан Елбасының тағы бір маңызды бастамаларының бірі және дер кезінде қозғалған тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп білеміз. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Жалпы, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады.

Қазіргі күндері елімізде әліпбиді ауыстыруға байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Біреулер латын әліпбиінің оңтайлы тұстарын алға тартса, енді басқалары бұл істе асығыстық жасамайық деп сақтандырады. Мұндай пікірлердің орын алуы өте заңды. Соның арқасында көпшілік осы бір күрделі мәселеге орай өзінің көзқарасын қалыптастырады. Алайда анық болатын бір мәселе бар. Ол – қазақ тілі бүгін бе, ертең бе міндетті түрде латын әліпбиіне көшеді. Сондықтан латын әліпбиіне көшуден жасқанбай, қайта оны енгізудің пәрменді шараларын қабылдауға баршамыз атсалысуымыз керек деп ойлаймын.

Жадыра ЕРМҰХАМЕД,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ: почему ты от них зависишь?

Современное общество – это общество высоких технологий. Интернет охватил весь мир и все сферы жизнедеятельности людей. Интернет-магазины дают возможность совершать покупки, не выходя из дома, онлайн трансляции позволяют просматривать телепередачи, новостные программы и т. п. Обмен информацией, поиск работы, общение между людьми, отдых переходят сегодня в мир виртуальный. По статистике более трети населения Земли использует интернет для тех или иных потребностей. Одним из направлений применения интернета является передача информации, используя различные социальные сети.

Социальные сети стали неотъемлемой частью нашей жизни. Мы используем их для деловой переписки, по дороге в общественном транспорте, для общения с друзьями и родственниками, с которыми нас разделяют тысячи километров. Кто–то с помощью них знакомится и даже создает семьи. Основная функция социальных сетей – обеспечивать поддержание связи между людьми, даже когда они находятся далеко друг от друга. Просмотр фотографий, видеофильмов, прослушивание аудиомузыки. Если у вас появились новые фотографии, которые вы очень хотите показать своим друзьям, если вы хотите легко найти фильм с целью его просмотра или послушать любимые аудио хиты без длительного их поиска по другим музыкальным сайтам – социальные сети вам в помощь. Да, можно сказать что социальные сети играют большую роль в жизни современного общества. Каждый человек нуждается в ежедневном общении и обмене информацией. Большинство заядлых пользователей социальных сетей уже не представляют себе жизнь без проведения нескольких часов в сетях. Несмотря на огромное множество достоинств сетей, существуют также и недостатки. Понятие «общение» в социальных сетях является довольно таки абстрактным понятием. С одной стороны, общаясь в сетях, ты будто разговариваешь с человеком вживую, ведь невелика разница между написанными словами или сказанными. Однако, не смотря на это, общение в социальных сетях все же виртуально. «Разговаривая» с человеком в сетях, не всегда легко понять его эмоции и реакцию на слова. Многие люди, общаясь в интернете, начинают забывать о манере общения вживую, лишаясь коммуникативных навыков с живым человеком. Для многих пользователей социальная сеть является некой «маской», спрятавшись за которую, человек показывает себя с той стороны, с которой сам пожелает.

Психологи предупреждают: чем больше мы проводим времени в социальных сетях, тем меньше способны получать удовольствия от реальной жизни.

«Привязанность к соцсетям является зависимостью. Зависимость – это когда человек испытывает дискомфортное состояние без какого–либо объекта. Человек зависим от социальной сети, если не находясь в ней он не может эффективно функционировать, т.е. испытывает дисфункцию. В данном случае – это психологический дискомфорт. Если человек, которому на работе запрещено выходить в соцсеть, мается и хочет туда выйти, но не может, и это мешает ему работать, то этот дискомфорт вызывает у него разные трудности в жизни», - рассказывают психологи.

Быстрее всего зависимость к виртуальному общению возникает у детей и подростков. Это происходит за счет того, что они сразу получают неконтролируемый поток информации, который не способны получить где–либо еще. «Нереальность, в которой человек живет, предполагает отсутствие ответственности за то, что он сказал или сделал. В соцсетях не получишь по голове, от этого развивается безответственность за свое поведение». Возвращаясь в реальную жизнь, человеку становится некомфортно от того, что нужно отвечать за свои слова, поэтому он предпочитает виртуальное общение реальному. И еще соцсети дают человеку возможность быть кем угодно. При виртуальном общении человека видят таким, каким он хочет казаться. Для этого достаточно создать «правильный» профиль. Основным критерием, по которому тебя оценивает другой человек, являются твои собственные слова. «В соцсетях можно быть кем угодно. Можно поставить любую аватарку, описать себя, как хочешь, и привлекать интерес противоположного пола за счет обмана. И эта халява начинает потихоньку развращать душу человека».



В психологии принято разделять любую Интернет-зависимость на стадии. В них входит начальная стадия здорового интереса к сети и патологическая зависимость от нее, которая сказывается на работоспособности человека и начинает вредить его социальной жизни, подрывает его психическое здоровье. С социальными сетями ситуация выглядит абсолютно аналогично. Чрезмерное увлечение социальными сетями в интернете может вредить здоровью из-за сокращения общения с реальными людьми. По мнению ученых, недостаток общения может негативно влиять на работу иммунной системы организма, гормональный баланс, работу артерий и процессы мышления, что в долгосрочной перспективе повышает риск появления и развития таких болезней, как рак, сердечно-сосудистые заболевания и слабоумие. Особенно социальные сети, на взгляд ученых, опасны для подростков, так как формируют у них ложное впечатление, что любовь и дружбу легко завоевать и столь же легко разрушить. Кроме того, по мнению ученых, людям, привыкшим к быстрому течению интернет-жизни, реальность может показаться слишком скучной, и они могут попытаться «оживить» ее, совершая импульсивные поступки, в том числе попытки самоубийства, поскольку им свойственно занижать ценности реальной жизни.

Выявляется зависимость от социальных сетей довольно просто: нужно на некоторое время, например на месяц, запретить себе социальные сети и, если с этим проблем не возникнет, зависимости нет, если начнёт появляться непреодолимое желание – зависимость однозначно есть.

Социальные сети имеют как свои положительные стороны, так и отрицательные. Одним из негативных последствий распространения социальных сетей является формирование у человека психологической зависимости от них. Базой для зарождения этого состояния, по мнению специалистов, является неуверенность в себе человека. Чрезмерное увлечение социальными сетями, по мнению ученых, вредит как социальному, так и психологическому здоровью. Наиболее опасно данное увлечение для подростков. Большим достоинством социальных сетей является возможность получения одобрения на ту или иную деятельность, высказывания или быть может творчество. Размещая на своей странице информацию о себе, о своих занятиях и увлечениях, пользователь может найти друзей по интересу. Сеть может соединить сотни, а то и тысячи людей, увлекающихся, например одной музыкой, или например художеством. Но продолжая говорить о проблемах социальных сетей, нельзя забывать о таких возможных проблемах, как: отрыв пользователя от реальности; нехватка живого общения; трата времени на общение с людьми, в том числе незнакомыми, что плохо сказывается на работе или учебе пользователя сети.

Социальные сети являются важной частью нашего общества. Для кого-то это способ общения, а для кого-то целая виртуальная жизнь, которая иногда становится реальнее, чем сама реальность. Возможно, что в скором времени социальные сети сильно изменят весь мир. Но важно знать, что нам ничто не заменит живое общение с нашими родными и близкими людьми. И никак не передать всю свою любовь через виртуальный мир…

А. МУРАТКЫЗЫ.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

«ЖЕТІСУ БӨРІСІ» АНЫҚТАЛДЫ

Талдықорғанда қазақ күресінен облыстық «Жетісу бөрісі» турнирі жалауын желбіретті. «Жастар» спорт сарайында өткен дүбірлі додаға 16 аудан және 3 қаладан жалпы саны 40 балуан келіп, бәсеке көркін қыздырды.

Дәстүрге айналған төл өнеріміз жылдан-жылға төрге озып келеді. Сайысқа түскендердің арасында осалы жоқ. Әр өңірден сайдың тасындай іріктеліп келген мықтылар қарсыластарын алып та, шалып та жығып, көрермендердің делебесін қоздырды.

Жалпы, биылғы додада жаңа есімдер мен үздік балуандарымыз боз кілемде бой көрсетіп, өздерінің өзгеше әдіс-тәсілдерімен жиналған қауымды тәнті етті. Солардың ішінде ширек финалға шыққан Ернар Қабдолдаев, Жәнібек Дүйсембаев, Мұхит Қойшыман, Нұрсұлтан Аманжоловтар белдесудің шырайын кіргізді. Айта кетейік, жуырда ғана «Талдықорған барысы» атанған Александр Касачаев ширек финал үшін өткен бәсекеде Мұхит Қойшыманға есе жіберіп қойды.

Ал, Алакөл ауданының намысын қорғап келген Ернар боз кілемде Мұхиттың мысын басып, ақтық бәсекеде күресуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар, жартылай финалда Талдықорғанның атынан шыққан Жәнібек Дүйсембаев Текелі қаласының балуаны Нұрсұлтан Аманжоловты ұтып кетті. Дегенмен, Нұрсұлтан Кербұлақ ауданының балуаны Мұхитты сан соқтырып, үздік үштіктен көрінді.

Ақтық сынға жолдама алған балуандар бар күш-жігерін жұмсады. Финалда Ернар мен Жәнібек кездесіп, тартысты белдесу өнерін көрсетті. Бұл уақытта көрермендер демін ішке тартып, әліптің артын бағып отырған. Осы сәтте Е. Қабдолдаев қарсыласын ұпай санымен ұтып, жеңісті жұлып алды. Осылайша, дүбірлі додада топ жарған Ернар Қабдолдаев «Жетісу бөрісі» турнирінің бас жүлдесін иеленді.

Жеңімпаздарды Алматы облысының құрметті азаматы Әлімғазы Райымбеков пен күрес ардагерлері Нұрбай Жармұханбетов, Саят Құдайбергенов және облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев марапаттады. Жеңіске жеткен Ернарға жарыс ұйымдастырушылары «Нива» автокөлігі мен қатар алтын белбеуді сыйға тартты. Ал, күмістен алқа тағынған Жәнібек 1 млн теңгені қанжығасына басса, үшінші орын алған Нұрсұлтан Аманжолов 500 мың теңгенің сертификатын алды.

Енді Ернар Қабдолдаев пен Жәнібек Дүйсембаев алдағы уақытта Президент жүлдесіне орай ұйымдастырылатын республикалық «Қазақстан барысы» турнирінде Алматы облысының намысын қорғау үшін бәсекеге түсетін болады. Балуандарымызға сәттілік!

Данияр САҒЫНДЫҚ.

Суреттерді түсірген
Жеңіс ЫСҚАБАЙ.

ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВКЕ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚҰТТЫҚТАУ ХАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Амандық Баталов Олимпиада чемпионы, КСРО еңбек сіңірген спорт шебері, Әлем чемпионы, Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіровті қабылдап, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын тапсырды.

Саңлақ спортшыны туған күнімен құттықтаған Президенттің лебіз хатында: «Халқымыз өзіңізді даңқты палуан, ел ішінде сыйлы азамат ретінде жақсы біледі. Сіз республикамыздың спорт саласындағы орны бөлек, танымал қоғам қайраткерісіз. 1980 жылы Мәскеуде өткен XXII Олимпиада ойындарында жеңіске жетіп, бүкіл әлемге танылдыңыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің спорт саласының қалыптасуы мен дамуына қосып келе жатқан еңбегіңіз ел тарихында қалатыны анық. Денсаулығыңыз мықты болып, еңбегіңіздің жемісін ұзағынан көре беріңіз», – делінген.

Мемлекет басшысының хатын оқыған облыс әкімі А. Баталов өз тарапынан да ізгі тілегін білдіріп: «Сіздің спорттағы, еңбектегі жетістіктеріңіз бен жеңістеріңіз қашанда жас ұрпаққа үлгі», – деді. Ардақты азаматқа Алатау тауы мен Іле өзені бейнеленген сурет сыйға тартылды.

Өз кезегінде Жақсылық Үшкемпіров Президенттің атына өзіне білдірген ерекше құрметі үшін алғысын білдіріп, бұдан былай да туған ел үшін әрқашан шаршамай-талмай еңбек ете беретінін айтты.

Атап өтсек, аты аңызға айналған палуан – 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасында алтын медаль алған тұңғыш қазақ. Бүгінде Алматы облысында «Жақсылық» шаруа қожалығын басқарып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, өскелең ұрпақты спортқа ынталандыруға үлес қосып келеді. Әрі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне зор ықылас танытып жүрген ірі меценат.

Алматы облысы әкімінің ресми сайты.

ЖАРЫС

АЛМАТЫДА САМБО ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК САМБОДАН ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.

ЖАУЫНГЕРЛІК САМБОДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Генералдар кеңесінің жүлдесіне арналған турнирге еліміздің бірнеше өңірінен және Қырғыз Республикасы мен Өзбекстаннан 300-ден аса спортшы келді. Екі күнге созылған жарыста әскери самбодан Атыраулық балуандардың асығы алшысынан түсті. 52 келіде Асылжан Ғайсаев чемпион атанса, Еламан Сұлтанбай мен Сайдур Дадаев жүлделі орындарды өзара бөлісті. 62 келіде Қарағандылық Тайбек Омаров қарсылас шақ келтірген жоқ. Алматылық Нұргелді Қиялбеков 74 келіде жеңімпаз атанса, ең ауыр салмақта Элдар Бөленбаев топ жарды. Жарысты ұйымдастырушылар келер жылы турнир деңгейін жоғарлатуды көздеп отыр. Яғни осы жарыста олжа салғандар спорт шебері атанады.

Рүстем Хайдаров, Қазақстан генералдар кеңесінің төрағасы:

– Еліміздің, жеріміздің мемлекетіміздің даңқын шетелде асырып жүрген осы спортшылар. Ол жерде біздің туымыз көтеріледі. Ол жерде біздің ұранымыз айтылады. Сондықтан бұл бір жақсы жылда өткізілетіндей керемет жарыс болайын деп тұр.

ПАРАДЗЮДО

Әлемдік Гран-при турнирінің қола жүлдегері атанды

Парадзюдошы Олжас Оразалыұлы әлемдік Гран-при турнирінің қола жүлдегері атанды. Бұл туралы «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК баспасөз қызметі хабарлайды.

Әзірбайжан астанасы Бакуде өткен парадзюдодан Әлемдік Гран-при турнирінде қазақстандық спортшы Олжас Оразалыұлы қола жүлдегер атанды. 60 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Әлем чемпионы Олжас жарыс барысында 5 кездесу өткізіп, оның 4-еуінде жеңіске жетті.

Жарыс нәтижесі бойынша Әзірбайжандық Ширинли Вугар жарыс жеңімпазы атанса, Бельгия спортшысы Алекс Болога екінші орынға табан тіреді. Байрақты бәсекеде 35 мемлекеттің балуандары 2020 жылы Токиода өтетін паралимпиада ойындарына жолдама ұпайларын сарапқа салуда.

12-15 мамыр аралығында өткен додада ел намысын 4 салмақ дәрежесінде жеті спортшы қорғады.

24.kz

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Баяр – қожа, бастық.
Бәй: бәй тікті – түзу, тік ұстады, жоғары көтерді.
Бәйек – шөбі қалың өскен шабындық.
Бәл – баға, құн.
Бәскіл – төмен, жатаған; бәсең, нашар.

Бәсте – қоныс.
Бегана – қайыршы, мүсәпір, бөтен.
Бегене – бөтен, басқа, бейтаныс.
Бедел – көлем, мөлшер.
Беден – көрік, келбет, кескін.
Бедізші – тасқа өрнек түсіріп, жазу жазушы.

КЕРЕК КЕҢЕС

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ...

Сіздің қанша жаста екеніңіз маңызды емес. Бірақ мына мағұлматтар сіз үшін өте маңызды деп ойлаймын. Сонымен:



* Рим сенаторы Марк Катон грек тілін 80 жаста үйренген.
* Сократ 70 жасынан бастап түрлі музыкалық аспаптарды тартуды үйреніп, тамаша жетістіктерге жеткен.
* Өзінің ең жақсы шығармаларын Микеланджело 80 жасында жасаған.
* Гете «Фаустты» 80 жасында жазып бітірген.
* Немістің тарихшысы Леопольд Ранке өзінің «Әлемнің тарихы» атты еңбегін 91 жасында аяқтаған екен.
* Исаак Ньютон 85 жасында да тынбай жұмыс істеген.
* Лев Толстой 83 жасында шалғыорақпен шөп шапқанда, жас орақшылар жете алмаған екен. «Соғыс және бейітшілік» романының авторы сол жасында шайтанарбамен жүрген екен. Ең қызығы бір аяғымен 40 рет отырып-тұратын болған.
* Американың Игорь Стравинский атты композиторы 88 жасында керемет шығармалар жазды.
* Ақын Беранжн – 77, Лев Толстой – 82, Виктор Гюго – 83, академик Иван Павлов – 87, философ-драматург Софокл 90 жасқа дейін жұмыс істеген.
* Философтар Диоген, Демокрит, суретшілер Тициан және Микеланджело 80 жастан асқанша өздерінің сүйікті істерімен айналысқан.
* 94 жасында Бернард Шоудың қаламынан керемет шығармалар туындаған.
* Айтпақшы, жуырда америкалық ғалымдар европалық ғалымдармен бірігіп, «адамның миы 25-30 жасқа дейін емес, 50 жасқа дейін жетіледі екен» деген қызықты жаңалығымен бөлісті. (Мұны атам қазақ «алпыстан асқаннан ақыл сұра» деп баяғыда айтып кеткен).
* Егер адам ақыл-ой еңбегімен айналысса, ми қартаймайды екен.
* Мен мұның бәрін «карттық» деген ауру болмайтынын білсін деп айтып отырмын. Әзірге тірі тұрғанымызда, әлі талай асуды бағындырып, қамал алуға, жан дүниемізді кеңейтуге мүмкіндігіміз бар екенін ұмытпайық! Жақсы күндер алда деп күтпей, соны бүгіннен бастаңыздар», – дейді белгілі психиатр Даниел Эймен.

Орыс тілінен аударған Абдірейім ӨМІРОВ.

«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
3 айға – 600 теңге.
6 айға – 1200 теңге.

ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН
3 айға – 858, 63 теңге.
6 айға – 1717, 26

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА
3 айға – 914, 49 теңге.
6 айға – 1828, 98 теңге.

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

С РЕДАКЦИИ
3 месяца – 600 тенге.
6 месяцев – 1200 тенге.

ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ
3 месяца – 858, 63 тенге.
6 месяцев – 1717, 26 тенге.

ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ
3 месяца – 914, 49 тенге.
6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индексі: 16534

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

▪ Қазаққа басқа геометриялық пішіндерден гөрі шаршы (квадрат) көбірек ұнаса керек. Өйткені, ол үшін – зат неғұрлым ауқымды болса, соғұрлым маңыздырақ көрінеді. Сондықтан да, әдетте, атақты һәм бай қазақтардың қабірінің үстіне осындай ескерткіштер тұрғызылады.

▪ Қызғаншақтық – сыртқа шықпай қоймайтын ішкі былық.

▪ Тіршіліктің ішкі-сыртқы жағдайларын жақсартуға талпыну адам баласына тән нәрсе...

▪ Адам – таңғажайып құбылыс! Оның жан дүниесі, ақыл-ойы, жан-жақты талант-қабілеті – құдіреттілік табиғатының, мүлдем беймәлім әрі ешқашан да таныпбілу мүмкін емес мәңгілік құпияның нақты көрінісі осы емес пе?!

▪ Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсе бар.

▪ Бізде қоғамдық қажеттіліктерді білмейтіндіктен және гуманистік теорияларға тым берілгендік салдарынан дәл осы сәтте мүлдем керексіз жаңалықтар мен реформалар кіргізу өте жиі кездеседі.

▪ Қазақтар – жақсылықтың қадірін білетін халық!

▪ Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ.

Шоқан УӘЛИХАНОВ.

ДЕНСАУЛЫҚ

КЕПКЕН ЖЕМІСТІҢ пайдасы туралы не білеміз?

САЛАУАТТЫ, САУЛЫҚТЫ ӨМІР СҮРУ САЛТЫНЫҢ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ БЕЛГІЛІ КЕПКЕН ЖЕМІСТЕР ДЕ АУРУЛАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ ДӘРУМЕНДЕРДІҢ ТАПШЫ БОЛАТЫН ҚЫС АЙЛАРЫНДА БҰЛ АЗЫҚ ТҮРЛЕРІНІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ.

Денсаулыққа пайдалы жұмсақ етінің құнарлығы кептірілген жемістерде көбірек екендігін мәлімдеген мамандар бұл азық түрлерінің міндетті түрде күнделікті ас мәзіріне қосылуы керектігін мәлімдеуде. Қатерлі ісіктен бастап, қан қысымы, қан аздығы, көз ауруларына дейін жақсы әсер ететін құрғақ жемістердің қысқаша пайдалары:

Кепкен өрік

Ас қорыту жүйесіне пайдалы. Стрестің және қан аздығының алдын алады. Құрамындағы А дәрумені терідегі ақаулардың еміне оң әсерін береді. Күніне 5 дана кепкен өрік жеу құрамындағы калий арқылы жүрек бұлшық еттері мен нервтерінің жетілуінде маңызы зор.

Кепкен жүзім

Энергия көзі. Қақырық түсіргіш қасиетіне байланысты тыныс жолдары ауруларына қарсы пайдалы. Күніне 10 данасын жеу арқылы қан қысымының төмендеуіне әсері бар. Суықтауға қарсы да иммунитетті күшейтеді.

Кепкен алма

Тыныс тарылуы, астма, жүрек мазасыздығына қарсы жақсы әсер етеді. Құрамындағы талшықты ерекшелігімен ішектерді тазалайды. Көзді шаршататын іскерлерге күніне бір уыс кепкен алма жеу пайдалы.

Кепкен құрма

Антиоксидант қасиетімен иммунитет жүйесін күшейтеді, қатерлі ісікке қарсы қорған ретінде әсерлі. Тері әсемдігі мен саулығы тұрғысынан пайдалы. Асқорыту қиындығы барларға жақсы әсер етеді. В1, В2 дәрумендері арқылы жүйке жүйесіне қорған. Ми функцияларын реттейді.

Кепкен қара өрік

Мол мөлшерде В1, В2, В3, В6, А, С және Е дәрумендерін қамтиды. Қатерлі ісікке және қартаюға қарсы қорғаушы әсері бар. Құрамындағы калий және магний арқылы бауыр, жүрек, бүйрек және ревматизм ауруларына қарсы пайдалы.

Кепкен інжір

Талшық мөлшері өте жоғары болғандықтан салмақ тастауда пайдалы. Аминқышқылдар тұрғысынан қанық. Осы арқылы жасуша қалыптасуында, дененің жаңалануында белсенді рөлі бар.

Деректер интернет желісінен алынды

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс №656
Индекс 15534